

9(584.6)

МЗ1

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

Х. ЖҰМАЛИЕВ

# МАХАМБЕТ

(1804—1846 ж. ж.)



ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ  
БАСПАСЫ—1948—АЛМАТЫ

## І. КІРІСПЕ

Махамбет Өтеміс ұлы қазақ халқының ХІХ ғасыр бас кезіндегі ірі ақындарының бірі, Махамбеттің өлеңдері шаруалар күресімен байланысты. Бұл күрес кәдімгі қазақтың қалың еңбекшілерінің ішкі, тысқы қанаушыларына қарсы көтерілген Исатай Тайман ұлының бастаған көтерілісі болатын.

Исатайдың әрі жан досы, әрі ақылгөй дем берушісі, жалынды ақын Махамбет осы ұлы көтеріліске бастан аяқ қатысқан адам. Ол жай ғана қатысын қойған жоқ, тарихта мәні зор сол күрделі қозғалыстың ұйымдастырушысы және көсемінің бірі болды. Сондықтан да мұны кейде Исатай мен Махамбеттің көтерілісі деп атап кеткен.

Ескі атам заманғы феодалдық, ру құрылысының қалпы қалмаған қазақ халқының ішінде үкімет тізгінін қолында ұстаған билеуші, еңбекші бұқара халықты езуші топтар болды. Бұл: хандар, оның өкімін жүргізіп отыратын билер, бұлардың ісін мадақтап, қолдап отырушы қожа, молдалар, жер мен су, мал-мүлік иелері ірі байлар еді. Міне қоғамның со кездегі жоғарғы билеуші, қанаушы топтарының рахымсыз езуіне құралды күш пен кекті наразылық көрсеткен шаруа бұқарасының күресі осы көтеріліс арқылы көрінді. Екінші сөзбен айтқанда хан мен билерге қарсы шыққан бұл қозғалыс, ішкі тап қайышылықтары оң-оңай шешуге болмайтындығын, оларды тек қана құралды күш арқылы шешуге болатындығын ашты. Бұл айбынды күрес үстінде халықтың да, оны бастаған көсемдерінің де сана-сезімі бұрынғыдан анағұрлым күшейе түсті. Ол кездегі шаруалар көтерілісінің қайсысын алсақ та стихиялық (стихийно) жолмен туды. Сол сыяқты Исатай бастаған көтеріліс те хан мен бектерге қарсы қойған негізгі талаптары мен ұлы мақсаттары айқын көрсететін дәл сызылған программасы жоқ, көздеген нысанға тура сілтейтін сара жолы көмескі қозғалыс болды. Алайда, көтеріліс кемеліне келіп, ең биік сатыға жеткен қыйынқыстау кезеңдерде кімнің дос, кімнің қасын айырып еңбекші бұқара қанаушы таптармен түп тілектерінің қосыла алмайтындығын ашық

гүсінді: хан, сұлтанды, би-бекті тамырымен құртып, жер-суды өз қолына алып, өз тағдырын өзі шешіп, емін-еркін өмір сүру керек екендігін бұқара көпшілігі ұға бастады.

Халықтың сана-сезімінің оянуымен бірге Махамбет шығармасының да мазмұны күшейе түседі; ұлы күрестің жауынгер ұраны, еңбекші тартысының сызулы программасына айналады. Ол еңбекші көпшілігін күреске шақырып, оның не істеуіне жол сілтейді. Әсіресе, күрес кезеңдерінің нағыз шиеленіскен кездеріне Махамбет өлеңдері айбынды сана құралы есебінде жырланады. Күшті, толқынды жырымен бұқараны жеңіс туының астына жыйнайды; жер-су, мал-мүліктен айрылып, жоқшылық, кемшілік, қорлық көрген халықтың жауына қарсы сілтетін ақ алмас — Махамбет өлеңі болды.

1836 — 37 жылдардағы Ішкі ордада болған қазақ көтерілісінің прогрестік ұлт қозғалысына айналуы да сол өз ішіндегі феодалдармен бірге орыс помещиктеріне қарсы көтерілуінен «Ұлт қозғалысының күші ұлтың қалың слойының, пролетариат пен шаруалардың оған қатынасы дәрежесі арқылы белгіленеді\*)» дейді жолдас Сталин. Бұл көтеріліс өз кезінде қазақтың езілуші топтарының көпшілігінің басын қосқан көтеріліс болды. Алайда, халық қозғалысының басқару жұмысы жалғыз ғана пролетариат табының қолынан келеді, бұл басшылық ол кезде қазақ жағдайында болмады. Сол басшылықтың болмауынан Исатай — Махамбет көтерілісі де дегеніне жете алмады; Исатай қаза тапқаннан кейін көтеріліс күшпен басылды. Бұл ауыр жағдай да Махамбет шығармасына үлкен әсер етті.

Қозғалыстың нағыз кемеліне келген кездерінде Махамбет поэзиясынан жауынгерлік рухпен оптимистік леп соқса, көтеріліс құлағаннан кейін элегиялық сарын естілгендей болды. Махамбет өлеңдерінде халық күшіне сенбеушілікті дәлелдейтін сары уайымшылдық басым дегенді қолдайтын кейбір зерттеушілер бар. Әрине, бұл теріс пікір. Махамбет халық күшіне мейлінше сенген, оған ешбір шек келтірмеген адам. Оның қайғы шегуі көтерілістің, халықтың ойдағы мақсатына жете алмағандығынан туған, күреске қатынасқан не қасқа мен жайсаң халық ұлдарының қаза тауып, жалынды жастардың қыршынынан қыйылып кеткендігіне қайғырудан туған сарын. Бірақ та Махамбет сол жампоздардың бастаған күресін бітті деп есептемейді, ол жалынды қозғалыс өшпейді деп сенеді.

Махамбет халықты шексіз сүйіп, оның жаулары — хан-сұлтандарды өте жек көрді. Бұл оның өлеңдеріне әрі терең, әрі мағналы, халықтық қасиет берді.

Қазақ халқының тарихи даму жолындағы кейбір себептермен бай-

\*) И. В. Сталин «Марксизм және ұлттық-колониялық мәселе» 16 бет.

ланысты Махамбеттің бұзып-жарып аттап кете алмаған жағдайлары да болды. Бірақ ол оның кінәсі емес, заманның айыбы еді. Бұған қарамастан ол өзінің бар өмірін халықтың бахытты болуына сарып етті: оның өлеңдеріне қазақ халқының ғасырлар бойы көксеген бостандық, бахытты өмір құру арманы айқын жырланды. Қазақ халқының бұл ұлы тілектері Совет үкіметі тұсында ғана орындалды, шын бахытты өмірге жаңа ғана қолы жетті. Ол орыс халқының басшылығы және көмегімен, басқа советтік сан ұлттармен қоян-қолтық келіп достаса отырып, қазақ халқы салтанатты социализм сарайын олармен бірге құрысып жатыр. Сталиндік Конституция нұрымен бөленген түрі ұлттық, мазмұны социалистік қазақ мәдениеті күн санап гүлденіп келеді. Бұл күрделі мәдениет өткен дәуірдің ең жақсы, ең қасиетті бұқарашылық элементтерін көрегінше бойына сіңіріп алмақшы; әсіресе, өткен дәуірдің мәдениетіндегі сарқылмас күш, өшпес өнеге боларлық халықтың жағын кәдесіне жаратпақ—бұл жаңа социалистік қоғамның халықтың тілегімен ұласып отыр. Сонау алыстағы тарих түкпіріне көз жіберсек, осы күнгі ұлы арналы өзеңдер, ірі мәдениеттердің бастауы болған, кішкене бұлақтар сыяқты, халық ақындарының шығармаларының ішінде Махамбет Өтеміс ұлының көрнекті, үлкен тұлғасы көзге түседі; оның өлеңдерін «көрі болғанмен айбынды құрал» есебінде халық есінде сақтап, біздің заманымызға дейін шаң тигізбей алып келді; оның бойға күш, ойға қуат беретін асыл сөзін ардақтай білді.

Махамбет Өтеміс ұлы демократтық мәдениеттің ең бір көрнекті уәкілі. Қай халық болса да мұндай уәкілдерін ұлт мақтанышы деп есептейді.

## II. МАХАМБЕТ ӨТЕМІС ҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ

(1804—1846 жыл)

Махамбет Өтеміс ұлы 1804 жылы Батыс Қазақстанда туған. Бұл Батыс Қазақстан ол кезде Бөкей, болмаса, Ішкі орда деп аталатын; ол 1801 жылы Жайық пен Еділдің екі арасында өткен Кіші жүз қазақтарынан құралған өлке еді. Исатай Тайман ұлы сыяқты Махамбет те Беріш руынан.

Махамбеттің жастық шағы Нарын құмында өткен. Махамбеттің әкесінің аты Өтеміс, арғы атасы Құлмалы. Ерте кезде қазақ пен түрікпен жыйы жауласып, жауынгершілік күшті болған. Сол Беріш руының Жайық бөлімінен шыққан батырлар Құлмалыны Түрікпеннен қолға түсіріп әкелген екен. Құлмалы бірте-бірте терезесі тең азаматқа айналып, қазақ қызына үйленеді. Онан Шыбынтай, Шыбынтайдан Өтеміс туады. Шеше жағынан Махамбет Алаша руымен байланысты. Оның

нағашысы Алашаның аталық бөлімі. Махамбеттен басқа да Өтемістің бірнеше ұлы боқты. Махамбет бір өлеңде:

«Өтемістен туған он едік,  
Онымыз атқа мінгенде—  
Жер қайысқан қол едік»

дейді. Осыған қарағанда оның тумалары көп болғанға ұқсайды.

1839 жылы Кіші жүздің Қарас ұлы дейтін бір қазағы Махамбеттің Ыбрайым деген інісі жөнінде:

«Біздің ауылға қызым Шөкішпен бірге күйеуім Ыбрайым Өтеміс ұлы келді. Бір жақта сорлы болып қалған байғұстар менен бұрынғыдай жәрдем сұрай келген екен, бір түйе беріп жібердім. Сүйтіп екеуі Ішкі ордаға қайтып кетті»\*) депті. Осыған қарағанда Өтеміс жарлы, көшпелі шаруа болғанға ұқсайды.

Махамбеттің туған бауырлары Ысмайыл, Қожахмет, Бекмұхамбет жөнінде аз-мұз мәліметтер бар. Ысмайыл мен Қожахмет көтеріліске белсене қатысқан, Ахмет Исатай өлетін күні (1838 жылы, шюльдің 12) батырдың басқа басты жолдастарымен бірге қолға түскен, ал Ысмайылды катргіге Сібірге жіберген. Бекмұхамбет көтеріліске қарсы, ханды жоқтаушы, ханның атақты билерінің бірі болған.

Өтемістің көп ұлдарының ішінде ел үшін өткен ісімен аты шыққан Махамбет ұмытылмай халықтың мәңгі есінде қалған. Махамбетті ел осы күнге дейін аузынан тастамай, оны дәріптейді, ардақтайды.

Махамбет жас кезінен-ақ әрі зейінді, әрі талапты болған. Бұл қасиеттер оны халықты ұйымдастырып көтеріліс жасау, ол көтерілістің көсемі болу, өзгеше сұлу сөздермен сүйікті халық ақыны болу дәрежесіне жеткізді. Оның атағының тез жайылып, өз ауылы көлемінен шығып, жұртқа мәлім болғандығына, Махамбетті өз жағына тартып, хан сарайы ақыны етуге тырысқан Жәңгір ханның әрекеттерінің өзі-ақ дәлел. Жас кезінде Махамбет хан ордасында болды, аз уақыт сарай жанында да өмір сүрді, ханның үй ішінің назарын өзіне аударды. Тіпті оны Жәңгір хан Зұлхарнайын деген кішкене ұлымен Орынбор қаласына жіберді, онда мирасқор ханзаданы бағып оған тәлім-тәрбие беру міндеті жүктелді. Алайда, хан қаншама Махамбетті өз адамы, өз ақыны етуге тырысса да оның бұл ниетінен ішпеме шықпады. Ақынның жалынды жүрегі халықтың ауыр тұрмысына, теңсіздік, бақытсыздық халына жібімей қалған жоқ. Халық—шаруалардың мұңын мұңдап, жырын жырлады. Оның өлеңдері бастан аяқ халқын сүю сезіміне бөленген шығармалар, дұшпанын жек көрушілік сарыны естілетін отты жыр еді. Сон-

\*) Шахматов — «Ішкі орда және Исатай Тайман ұлының көтерілісі» (Кандидаттық диссертация, қолжазба).

дықтан да «түзелмейтін» ақынды хан Жәңгір сарайынан қуып жіберді. Бұл туралы кейінірек, 1836 жылы, 13 декабрде Орынбордың губерла-тырына жазған хатында Жәңгір былай дейді:

«Исатайдың ең жақын досы, ең бірінші кеңесшісі, ол сойқанның ең бірінші жәрдемшісі болған Махамбет Өтеміс ұлы деген қазақ: менің Зұлқарнайын деген ұлымның жас кезінде. Орынборда қасында болды, бірақ, ол мүлде бұзылған адам болғандықтан, мен оны қуып жібердім» \*).

Архив мәліметі жоқ болғандықтан ханмен айрылысып кеткеннен кейін Махамбеттің не істегенін айту қиыны. Бірақ та, ол бұрынғыдай өз руымен бірге Нарын құмында болды. Ел аралап өлең айтты, халыққа жалынды жыр таратты, кейде, Жайықтан бергі Кіші жүз еліне, Хиваға, Бұхарға қатерлі жол шегіп барып-қайтып жүрді деп тек шама-лауға болады. Ол арапша оқын, хат тануды осы кезде үйренген болуы керек. Әйтеуір, ол арапша жақсы білген. Ал, орыс тілін Орынбор қала-сында тұрған кезде үйреніп, оқый-жаза білгенге ұқсайды. Кейінірек, көтеріліс кезінде бұл хат танушылық ақын үшін де, көтерілісшіл халық үшін де үлкен кәдеге асты. Махамбет халыққа үндеулер жазды. Жәңгір хан мен орыс үкіметіне қатынас қағаздар жазды. Елді көп ара-лап алысқа саяхат шегуде үлкен пайдалы іс болып шықты. Үйткені, ол халық өмірімен жете танысты, халықтың жоқшылық, кемшіліктеб-туған қайғы-мұңын көрді. Сүйтіп, халықты бұйідей талаған хан-би-сұлтанлардың әділсіз қылықтары ақынның ойында өшпестік із қалды-рып, жүрегіне ащы кек толтырды. Ол:

«Ханнан қырық туғанша,  
Қарадан бірақ тусайшы,  
Халықтың кегін қусайшы,  
Артымыздан біздердің  
Ақырын теңдік сұрауға!»

деп ақын, өткен ызалы күндерді еске алып, халық кегін алатын ерді көксейді.

## 2

Ішкі Бөкей ордасының құрылуы Рәссия патшалығының XVIII ғасырдың аяқ шені мен XIX ғасырдың бас кезіндегі күн шығыста жүргізген отаршылдық саясатының жалпы бетімен байланысты еді. Жайық пен Еділдің екі арасында өзіне бағынышты хандық құру пат-ша үкіметіне шаруашылық, сауда жағынан жайлы жағдай болды. Соң-

\* ) А. Ф. Рязанов. Исатай Таїманов көтерілісі, 18 бет

дықтан да Жайықтың бергі бетіндегі Кіші жүзбен байланысты болмауға тырысқан Бөкей хан өзіне ерген елімен бірге Россия қарамағына ал деп бірінші Павелдің алдына тілек қойғанда, орыс патшасы оның бұл тілегін бірден-ақ қабыл етті. 1801 жылғы 11 марттағы патшаның бұйрығында былай делінген: «қырғыз-қайсақ халқының Кіші жүзіндегі хан кеңесінің бастығы Бөкей сұлтан Иұралы хан баласын өз тарапыма сөз айтпай аламын, қайда тілесе, сонда көшіп жүруіне рұхсат етемін және менің мейрімділік белгім үшін оған мен өз суретімді салған алтын медаль тағайындаймын»<sup>\*)</sup>).

Бөкейдің «ерген қазақтар» дейтіні сол Нарын құмына қыстау үшін келген Кіші жүздің көпшілігі қазақтары, бұлар бірге-бірге сонда жазда жайлап қалып, орын тебе бастаған шаруалар еді. Кіші жүзде бұл кезде үлкей шаруашылық күйзеліс болды. Бұл күйзеліс өз ішіндегі феодалдардың еңбекші шаруаны қатты жоқшылыққа ұшыратқан рахымсыз қанауынан туды. Жеке рулар, ұсақ ру бөлімшелері күйзелістен құтылу үшін Еділ мен Жайық арасындағы өлкеге көшіп өте бастады. Бұл қазақтарды өз қарамағына алғаннан кейін патша үкіметі оларға Жайықтың арғы бетіне кері өтуге тыйым салды. Ал, Бөкей қарамағындағы халықтың санын көбейту ниетімен келген қазақтарды сөз айтпастан қабыл алып отырады да, кері қайтуға рұхсат бермеді. Оның мирасқоры хан Жәңгір де осы саясатты берік ұстады.

XIX ғасырдың 30 жылдарында іштен хан мен билер қысымы өтіп, сырттан отаршыл патша үкіметінің тегеуірі де халыққа тиіе бастады. Бұқараны екі жақтан езеді, күйзеліс үстіне күйзеліс туғызады. Бұл жағдай Ішкі орда шаруаларының арасында Жайықтың бергі бетіне кері көшіп шығу әрекетін күшейтті. Жәңгір хан мен патша үкіметі бұған мықтап тыйым салуға кірісті. Рұхсатсыз өз бетімен кері қашқандарға аяусыз жаза қолданды.

Біз жоғарыда Махамбет Өтеміс ұлы Бөкей ордасынан тыс Жайықтың шығыс бетіндегі елдерге шығып келіп тұрды дедік. Оның бұл сапарлары тек қана өз қарабасының жұмысы емес, басқа мақсаттармен де байланысты. Екінші сөзбен айтқанда, Махамбеттің хан, сұлтандарға қарсы жүргізген үгіті осы кездерде басталған болуы керек. Өйткені, Исатай Тайман ұлының көтерілісін зерттеген А. Ф. Рязановтің айтуына қарағанда Махамбеттің үгіт жұмысы, халықты көтеріліске үндеуі күні бұрын жүргізілген сыяқты А. Ф. Рязанов: «Әрі батыл, әрі жалынды Махамбет көтерілістің жаны тәрізді болды, және Исатайды батыл түрде құралды күрес жолына сілтеген бірінші адам сол еді»<sup>\*\*</sup>)—дейді. Жалынды ақын Махамбет еңбекші бұқараны көтерілістен әлде қашан бұрын-ақ үгіттеп, ежелгі жауы

<sup>\*)</sup> В. Шахматов — „Ішкі Орда және Исатай Тайман ұлының көтерілісі“ (қолжазба).

<sup>\*\*</sup>) А. Ф. Рязанов. Исатай Тайманов көтерілісі, 18 бет.

хан, сұлтан, билер, байлар және солардың сойылын соғушы старшындар екенін түсіндірді. Сөз жоқ, солардың әділсіздік, бұқара көпшілігіне жасаған зұлымшылық істерін сөз бен де, өлең мен де елге жаюы айқын.

Жайықтан өтіп, Кіші жүз елін көп кезіп жүрген бір сапарында, 1829 жылы, Махамбет үкіметтің әскери бақылау орындарының қолына түсіп қалады. Олар ақынды Қалмыков абақтысына қамайды. Мұнда екі жылдай отырғаннан кейін, 1831 жылы болған وبا ауруы апатының кезінде Махамбет түрмеден қашып шығады. Әсіресе, осы түрмеден босанғаннан кейін Махамбет Жәңгір ханға қарсы үгіт жұмысын бұрынғыдан да күшейте түседі. Оның халық арасындағы істен жүрген ісін, күн санап күшейіп бара жатқан беделін және ақындық даңқы ел-елге жайылып, жұрт аузынан түспеуге айналғанын сезіп, хан Жәңгір бұл сыяқты әрі күшті, әрі бұқара алдында беделді жауын тағы да өз аузына қаратып алуға тырысады. Ол ежелден өзінің саяси әдісі — алдау жолымен қолға түсірмекші болады: ол үшін ақынның көңілін тауып шен-шекпен арқылы сатып алғысы келеді. Сүйтіп, Махамбетті 1834 жылы Жәңгір хан старшина етіп тағайындайды. Бірақ, бұл жолы да ханның саяси әдісі көздеген мақсатына жете алмайды. Ханның ниетін түсінген Махамбет әдіске әдіс қолданады. Ол өзінің старшиндық лауазымын еңбекші бұқараның мүддесін қорғауға жұмсайды: үкімет айламен, алдау арбау арқылы дегенін істетіп, қолына берік ұстау адамы есебінде ол хан мен ірі билердің халықтың мойнына салып отырған ең ауыр алым-салығына қарсы наразылық көрсетеді. Әсіресе, елді бір шыбықпен айдап, қырып, жойып дегенін істеп отырған шаруалардың ірі жауы Бабажан ұлы Қарауыл Қожаның қылықтарына қарсы шығады.

Қарауыл қожа ханның жақыны, оның оң қолы, Ішкі ордадағы ең бай, ең қатал қанаушының бірі еді. Ханның әмірін, Қарауыл қожаның берген алым-салық жөніндегі бұйрығын Махамбет орындамайды, оны теріске шығарып, жұртқа әйгілейді. Және өзі сыяқты ел қамқоры болған Исатай Тайман ұлынан Жәңгірге қарсы кұралды көтеріліс жасау керек деген пікірді ұсынады. Бұл пікір Махамбет пен Исатайдың ойына әлде қалай түскен пікір емес, хан мен сұлтанның, би мен байдың ауыр теңкісінде езілген еңбекші бұқараның ашынған, ызалы көгінен туған пікір: күштілерден теңдікті кұралды күреспен ғана алу тілегі еді.

### 3

XIX ғасырдың басында қазақ елі негізінде мал өсіруші көшпелі халық болатын. Көшпелі халықтардың көбінде рушылдық кұрылыс басым болмақ десек, сол сыяқты қазақта да ру тәртібін түгелі мен сақталып



келіп еді. Ал, Жәңгір хан билеген заманда қазақ елі рушылдық қалпынан феодалдық дәуірге көше бастады. Рушылдық қарым-қатынастардың орнына жаңа қалып, жаңа жағдайлар орнайды.

Патша үкіметінің сүйеуіне әбден сенген Жәңгір феодалдардың жерге иелігін нығайта түседі. Ол Ішкі ордада жердің ең шұрайлысын ақсүйектерге, хан сарайының төңірегіндегі ұлықтарға үлестіре бастайды. Бұл өзгеріс қоғамның билік тізгінін ұстаған күшті топтардың байлығын күшейте түседі де, еңбекші бұқараны жерсіздік күйзелісіне салады. Тарихи мәліметтерге қарағанда ішкі Бөкей ордасының қазақтарына 6400 мың десе жер берілген, осыдан 30—40 жылдарда Жәңгір хан 4500 мың десе ең жақсы жерді жеке адамдардың меншігіне бөліп берген\*). Әрине, алдымен жердің күйқалы шұрайлысын өзі және жақын сұлтандар, қожалар, билер, байлар, старшындар алған. Мысалы: хан өз меншігіне 400 мың десе жер қалдырған. Мүшеғали және Шыңғали Орман ұлдары сұлтандарға—700 мың десе, Бабажан ұлы Қарауыл қожаға 340 мың десе, Тумасы Бөкейхан ұлына—400 мың десе жер берген. Бұл сыяқты жердің жақсысын жеке адамдарға бөліп беру саясаты еңбекші шаруалар көпшілігін хан мен сұлтан, қожа мен билердің қолына телміртіп, солардың құлдығына басын иікталап берген. Бұл өз ішіндегі феодалдардың қысымынан басқа қазақ халқы орыс помещиктерінің де езуінде болатын. Ішкі орда қазақтарының көпшісі — теңіз жағасында Граф Безбородко және князь Юсуповтардың дачалары болды. Ал, орданың арқалық бетінде жердің әрі жақсы, әрі мол жеріне орыс құлақтары, чиновниктері және атты қазақтар шенгелін салған еді. Қазақ еңбекшілері бұл сыяқты айнала қоршаған, тұяқ басарға жер қалдырмаған ірі жер иелеріне көшіп-қонып жайлағандары үшін алым төлесе, хан қазнасына шарифат бойынша зекет, соғым төлеп отырды. Зекетті жазғы тұры малдың төлі қосылған кезде жыйнап, соғымды күз мал семірген уақытта алатын. Салық тек қана ханның емес, сұлтан, қожа, молдалардың пайдасы үшін де жыйналатын болған. Салықтың ауыртпалығы шаруалардың мойнына түскен, ұйткені, қоғам құрылысының билеушісі жоғарғы топтары алым-салықты мүлде төлемеген. Осының бәрі қазақ халқының өз ішіндегі тап жігін ашты, хан Жәңгір билеген заманда бұқараны жарлылық халге түсірді. Ішкі орда тап қайшылықтары бұрынғыдан да көрі үдей түсті. Бұл тап қайшылықтарының шарықтау шегі—1836—1838 жылдардағы Исатай Тайман ұлы мен Махамбет Өтеміс ұлының бастаған атакты көтерілісіне келіп тірелді.

Отаршылдар мен қазақ феодалдарының халықты көбірек қанап, өзгеше езген жері Ішкі орданың теңіз жағасындағы аймақтар болатын:

\*) Цифр материалы Шахматовтың диссертациясынан алынды.

сондықтан көтеріліс те осы жерлерде басталды. Халық бір жағынан помещиктерге «алым» берсе, екінші жағынан — ханның қайын атасы Қарауыл қожа Бабажан ұлының ерекше тепкісінде болды. Әсіресе, 1835 — 1836 жылдарда Исатай және басқа старшиналар Қарауыл қожанын үстінен ханға әлде неше «арыздар» түсірді. Бірақ, хан бұған бірде шара қолданбады. Исатай мен Махамбет ханнан Қарауыл қожанын орынынан алып тастауды талап етті. Ақырында анық бір жауап бермегенін, ханның бұйрықтарын бұлар да орындамай қойды. Хан Исатайды бір жағынан өзіне шақыртып, екінші жағынан, ұстауға бұйрық берді. Ол Исатайдың өз еркімен алдына келіп бас ұрмайтынын жақсы білді.

Бұл кезде хан мен Қарауыл қожаға наразы болған езілуші шаруалардың бәрі Исатай мен Махамбеттің төңірегіне жыйыла бастады. 1836 жыл 17 март күні, ереуіл жасап, бас көтергендерді хан ордасына ұстап тапсыр деп Қарауыл қожаға Жәңгір бұйрық берді. Хан бұйрығын орындау үшін ауыр қолмен Қожа Исатайға қарсы аттаныс жасайды. Бірақ, бұл аттаныстан ешбір нәтижелі іс шықпайды. Алдын-ала бекініс жасап қарсы тұрған Исатай мен Махамбетке бас салуға олардың жүрегі тұрмайды; ол жеті күндей елді қоршап жатып, ақырында Исатайға ұрысатын жерін айтсын деп кісі салады. Сүйтіп, 1836 жылдың 4 апрелінде екі қол Қиялы моласының басында майдан ашып түйіседі; Қарауыл қожаның отрядінде 522 адам, Исатай мен Махамбетте не бәрі 200-ақ жігіт болады. Алай да, Қарауыл қожа бата алмай, ұрыс ашпастан кері қайтады.

Бұл уақытқа қанға қарсы бас көтерушілердің жауынгерлік рухын көтеріп, олардың халық алдында беделін арттыра түседі.

Бір аз уақыт өткеннен кейін Махамбет Күшік Жапар ұлы дейтін адамды өлтірді деп, өтірік жала жауып, Қарауыл қожа ханға арыз түсіреді. Осы өсекті пайдаланып, 1836 жылы, 23 майда Жәңгір Орынбордың шекара комиссиясына арыз жазып, Исатай мен Махамбеттің сотқа тартылуын талап етеді.

(Бұл жерде айта кететін бір мәселе: Жәңгірдің Орынбор басшыларына жазған мәлімдемелерінің көбінде Махамбетті айрықша көрсетеді; әсіресе, оның Исатайға зияны көп болды дейді). Мысалы, 1836 жылдың 14 январында жазған мәлімдемесінде Жәңгір: «Исатай түзелмейтін зұлым Махамбеттің ықналында жүр» деп жазады.

Халық Исатай мен Махамбет жағында екенін Жәңгір жақсы түсінеді. Ол екеуін бүкіл бұқара сүйен тұрғанда өз күшімен жеңе алмайтынын да біледі; ат төбеліндей соңына ергендердің демеуі мен Исатай, Махамбет сықылды мықты жауларын мұқата алмайтынына көзі жетіп, сондықтан, хан Күшік Жапар ұлының өлімін пайдаланып, осы уақыттың арқасында Орынбор үкіметінен әскери көмек алуға тырысады.

«Бұл бағынбаушылық жаман үлгі беретіндіктен мен бұл екі қырғызды және олардың астаз адамдарын, линия бақташыларының көмегімен ұстап, қатал тергеу жүргізуді және сонымен қатар бұл екі қырғызды Орда халқымен ішбір қатнастырмай аулақтауды сұраймын, ұйткені, бұлардың жеңіл мінезділік, бағынбаушылығын көріп халық арасында бейбітшілікке зиян келтіретін нашар ұғым етек алып кетуі мүмкін»\*) деп жазды Жәңгір, жоғарғы сүйеніші—патша үкіметіне.

#### 4

Көтерілістің ең дәуірлеген кезеңі 1837—38 жылдар. Бұл кезде уақытқа үдеп, наразылық толқыны ерекше етек алды, тынышсыздық ылаңы мен қорқыныш қаупы жалғыз ғана Жәңгір ханның басына ғана емес, ілкі әзірде көтеріліске аса мән бермеген Орынбор басшылары да бұлттай түнерген айбынды қозғалыстан сескене бастады.

Бұл еңбекте Исатай мен Махамбет бастаған еңбекші шаруалар көтерілісін бастан аяқ талдап тексермекші емеспіз, сондықтан, тек қана оның басты-басты кезеңдеріне тоқтауға тура келеді.

1836 жылдың июнь айында хан алдына қойғап талаптар жөнінде сөйлеспекші болып Исатай мен Махамбет 17 жолдасымен Қандыағаштағы хан ордасына аттанады. Бірақ, бұл екеуінің қасындағы баста бірге шыққан он жеті жолдасының үстіне жолшыбай көп адам қосылады. Ордаға Исатайды, жақтаған кұмырысқадай көп қазақ келе жатыр деген хабардан хан қорқып алдарынан елші шығарады. Елші арқылы жазба түрде Исатайдың кері қайтуын сұрап, арызын қарап, тексеруге хан уәдесін береді. Қағазды алғаннан кейін Исатай кері қайтады. Сонымен қатар, Жәңгір Орынборға мәлімдемелер жібереді. Бұл мәлімдемелерде ол көтеріліс жасаушыларды қорқытуды талап етіп, Орынбор басшыларынан өзіне күш-көмек сұрайды. Мұнда да, әсіресе, Махамбеттің ролін хан өзгеше сыпаттайды.

«Өтеміс ұлы жаман қасиеттерімен қасына жыйналып, соңына ерген қырғыздың түрлі руларынан құрылған жарты бастарымен маған келем деген сөлекет ойды ойлап шығарған; халық жұмыстары және полк жасауылы старшина Қарауыл қожа Бабажан ұлының үстінен берген арыздары жөнінде менімен сөйлесем деген сылтау тауып жариялаған»\*\*) деп жазған Жәңгір.

Хан ордасына бармай сол сапардан кері қайтқаннан кейін, Исатай Тайман ұлы басқа старшиналармен бірге арыз жазып, Орынбор басшыларына шағым берген. Бұл арызға қол қойғандардың ішінде Махамбеттің аты аталмайды. Ол сірә, бұл сыяқты болмашы әрекеттің пай-

\*) Рязанов, Исатай Таймановтың көтерілісі, 27 бет.

\*\*) Бұда сонда, 28 бет.

дасыз екенін жақсы түсініп, мұнан көрі батылырақ амал жасауға тырысқан болуы керек.

Шаруалар күресінің нағыз қызған кезі 1836 жылдың аяғы мен 1837 жылдың басы болды. Көтеріліс жасаушыларға қазақ кедейлері тегіс қосылып, Исатай және Махамбеттің бастауымен феодалдардың жерін тартып алып, малын қуып кете бастайды. Мысалы, 1837 жылдың 17 февралында көтерілісшілер Қарауыл қожаның ауылын шауып, малын айдап кетеді. Бұл жолғы шығынын ақшаға шаққанда Қожа 4204 сом деп есептеген. Ордада болған мұндай ірі уақығаның бет алысынан сескенген Орынбор басшылары істі тез тексеруге кіріседі де және Исатай мен Махамбетті көпшіліктен бөліп, көтеріліс жасаушылардан айырып жіберуге тырысады. Бірақ, олардың бұл ниеті іске аспайды. Үйткені, Исатайдың тап сол кезде мыңға тарта кұралды адамы болады. Оны екі рет ұстауға оқталған үкімет жағының істеген әрекетінен ешнәрсе шықпайды. Көтерілісті жою мақсатымен Орынбордың генерал губернаторы Перовский Ордаға бастығын Подполковник Гекке етіп, төрт жүз адамнан кұрылған әскер жібереді. Шыққан әскерлер қарулы күшпен қарсы тұрып соққы беруге және Орда бектерін бір жайлы ету үшін Исатай мен Махамбетте көтерілісші қазақтардан атты отрядтар кұрады, хан-сұлтанларға шабуыл жасайды. Хан маңы қатты сасады. Өз мекенін тастай қашқан сұлтаннар тіпті хан ордасының шегінен шығып кетеді. Олар патшаның бекіністі қорғандары мен әскер жатқан жерлерге паналайды. 15 октябрьде Тайман ұлы мен Өтеміс ұлы бас болып қалың қазақ орданың ірі феодалы Кұдайберген ұлы Балқынның ауылын шауып алады. Мұнан кейін Қарауылқожаның жайлауына шабуыл жасайды. 24 октябрьде көтеріліс жасаушылар хан ордасынан 40-ақ шақырым жердегі Темірбек кұмына келеді де сол, октябрьдің аяғында хан ордасының өзін қамайды. Көтеріліс күн санап өріс алып оған қосылушылардың саны сағат санап өсе бастайды. Хан ордасын қамарда олар екі мыңдай болса, 27 октябрьдегі ханның губернаторға берген мәлідемесінде екі мыңнан астам деп қабарлайды; ал Исатайдың жәрдемшісі Қалдыбай ұлының сөзіне қарағанда орданың қаман жатқан кезде Исатай әскерінің саны 3500 адам болған.

Бұл жорықты кейінірек Махамбет еске түсіріп жыр еткенде:

«Әскер жыйып аттандық,  
Бекетай еді тұрағым.  
Айқайлап жауға тигенде,  
Ағатай, Беріш ұраным.  
Бекетай кұмға ел қонып,  
Байбақты Жүніс аттанды,  
Қосылуға дем бзлып,

Кұдайлайды қан ұлы  
Іздеген жауы біз болып»

деп, әскердің айбынды бетін осылай суреттеді. Көтерілісшіл бұқара қолының хан Жәңгірдің үрейін ұшырғанын, «құдайлайды хан ұлы» деп тәңірісіне сыйындырғанынан-ақ көруге болады.

Расында да, бұл көтерілістің нағыз айбынды, хан мен сұлтандарға өте қауынты кезі еді. Исатай неқ көтерсе оның жалаң қылыш асыған жауынгерлері Жәңгір ордасының күлін көкке ұшыратып еді. Бірақ, іс олай болып шықпады. Исатай ханмен келісім жасау үмітін тастамай, оның жауабын тосып, халық тілегін орындауын күтті. Әрине, пролетариат табы көсемдік етпеген қара шаруа көтерілістерінің көбінің басына тән әлсіздіктің бірі осы сыяқты батыл қыймылдамау ғой. Исатай көтерілісі қолға алған мақсатты түптеп, құралды күресті дегеніне жеткізе алмады. Бұл кездегі Махамбеттің бет алысының қай түрде болғанын айтып беру қиын. Өз өлеңінде ақын: «Исатай басшы мен қосшы» дейді. Алай да, Махамбет іске батыл қыймылдап, қалай да көпшіліктің дегенін істеп шығу ниетінде ханды хандығымен бірге құртып жіберу жағында болғанға ұқсайды. Бірақ, әрі көсем, әрі қолбасшы Исатайды көктен өтіп, Махамбет өздігінен амал істей алмаған. Махамбеттің ханға қарсы батыл амал жасауды қолдағанын халық аузындағы: «хан баласы ылаң, қара шұбар жылан, құйрығын бастың, басын ез, шаппасаң, шабыласың!» дептіміс Исатайға деген аңыз көп нәрсені аңғартады. Тап бұл моменттегі жіберген зор хата іске батыл қыймылдап, жіті амал істемеу болды. Исатайдың аңдысын аңдап, көтерілістің екпінін үдетпей жайлай беруі — жеңілудің бір себебі осы болды. Үйткені, кешікпей-ақ хан ордасына подполковник Гекке келіп, көтерілісшілерге қарсы хан әскері, патша әскері—қосыла соғыс ашты. Бірнеше рет шайқасып, патша әскерімен соғысқаннан кейін, көтерілісшілерге кері шегінуге тура келді.

Исатай мен Махамбет қырық жолдасымен бірге Жайықты көктей өтіп, Гурьев пен Тайсойғанға қарай ұйысалы:

«Мінкен де, мінкен, мінкен ер  
Бұл сықылды петкен ер?!  
Бөлдепек жатқан Жайықтан  
Құралайдың\*) күнінде  
Еркек қойдай бөлініп  
Қырқарланын өткен ер.

\*) «Құралайдың кезі» Април айының басындағы қара суық; сол күн есепшілердің айтуы бойынша қыстың октябрь айының бас кезіне дәл келеді. Бұлар Жайықтан 1837 жылы 12 декабрьде өткен. Соны мезгейді.

Күншығыстың астында,  
Күнбатыстың түйсінде,  
Қарындасым барды деп,  
Қабырғасын сөксе де,  
Қанын судай төксе де,  
Қайыспас қара нарды деп,  
Күн астымен жеткен ер...» дейді \*).

Ішкі ордадағы көтеріліс бұл сыяқты күйзелкі іске кездесіп, күші тең болмағандықтан беті қайта бастаса да Исатай мен Махамбет жеңілдім деп, күрестен бас тартқысы келмейді. Бұлар жалғыз Ішкі орда халқы емес, Жәңгірге қарсы бүтін Кіші жүзді көтеруді ойлайды. 1837 жылдың 13 декабрінен бастап, 1838 жылдың июнь айына дейін Исатай мен Махамбет тынбастан ел-елді аралап жаңа көтеріліс дайындайды. Бұлар елдің өз ара ру таласын тыйып, өз іштеріндегі берекесіз әңгімені қойдырып, халық көпшілігінің назарын хан Жәңгірге және оның бұқараны бұғауда ұстамақшы болған саясатына қарсы ұйымдастыра бастады. «Ежелгі жауды» кұртуға халықтың басын біріктіріп қосуға тырысады: май айына дейін соғысқа дайын болу ұранын тастап, жер жерге үгітшілер жібереді. Көтеріліс көсемдері өздері жүріп Адай, Әлім сыяқты ірі руларды аралап, қыс бойы қаруланған жігіт жыйнайлы, іргелі әскер құрады. Сүйтіп, бұлардың жаңадап ұйымдастырған қолының саны үш мыңға жетеді.

Исатай Тайман ұлының Ішкі ордада болған бірінші көтерілісімен бұл күрестің Кіші жүзге көшкен екінші кезеңнің айырмасы бар ма? Болса не де және қандай?—деген сауалдар туады.

Исатай Тайман ұлының көтерілісін зерттеген тарихшылардың соңғы кездегі еңбектеріне қарағанда, бұл қозғалыстың бастапқы кездегі феодалдарға қарсы аттанған шаруалар күресінен көрі отаршылыққа наразылық жағы күшейе түседі. Исатай көтеріліс күшін молайтып бұл ірі қозғалыстың іргесін кеңейту ниетімен Қайыпқали Есім ұлы сұлтанмен одақтасады. Хива ханы Аллақұлдан жәрдем сұрайды. Бірақ, бұлармен одақтасу көтерілісшілерге дінн дем беріп, діншілдік күреске айнала бастады. Алай да, бұл одақтасу амалсыздың күнінен туған, Исатайдың басқа амалы болмағандықтан істелген шара сыяқты зекет жыйнау үшін Қайыпқали ханның Исатайға берген бір бұйырығын мысалға келтіріп, А. Ф. Рязанов былай дейді: Исатай батырды зекет жыйнатуға шығарғаны туралы берген Қайыпқалидің бұл соңғы бұйрық қағазы, өзін хан атаған Қайыпқали сұлтан мен Исатай батырдың екі

\*) Махамбет өлеңдері. Алматы, 1939 жыл, 85 бет.

арасындағы қарым-қатнастарды дәлелдейтін жалғыз-ақ документ. Бұл бұйрықтан Исатай батырдың Ішкі ордадағы қазақтардың әйгілі көсемі бсла алмай қалғандығын, Хива ханына арқа сүйеген Қайыпқалиға бағынышты болғандығы айқын көрінеді\*).

«Қайыпқали мен Хива ханының қатнасы жөнінде Махамбет хаттарында көрсетілген»\*\*). Осыған қарағанда тарихи жағдайлардың күші мен Кіші жүздегі Исатай көтерілісі бұрынғы феодалдарға қарсы шыққан қазақ халқының өз ішіндегі күресінен жалпы дін ұранымен көтерілген күреске айналады, бұған тек қана еңбекші бұқара емес, сұлтан-дар, билер, байлар қосылады. Бірақ, Исатай мен Қайыпқалидің арасындағы байланыс берік болмайды, өйткені, бұл екеуінің алға қойған мақсаттары екі басқа,—сұлтан хандық алу үшін күрессе, Исатай халықтың қамы үшін күрескен. Қайыпқали Есім ұлы мен Аллақұл, әрине, халық алдында жеке бастарының беделін көтеру үшін, жұрттың жорын жоқтаған болып, амал жасайды, еңбекші бұқараның нағыз көсемдерін өз қолына қаратуға тырысады, олармен одақтасу әрекетін істейді. Бұл жөнде халық аузынан алынып, кейін, Ығылман жырында айтылатын бір аңызды мысалға келтіруге болады.

1838 жылдың июнь айында Исатай мен Махамбет Адай мен Әлімді жыйын, арадағы ашу-араздықтарын тастатып, татуластырмақшы болады. Бұл жыйылыста Қайыпқали Есім ұлы да болады. Ол Адайды Хива хандығына қосыл деп үгіттейді. Бірақ, ежелден бір бет өскен Адай сұлтанның сөзін құлағына ілмеген. Бұған сұлтан ашуланып, халқты боқтап сөксе керек. Қара халықты сөккеніне шыдамай Исатай сұлтанмен шатасып қалған. Ол халықты қан қаусатқан ежелгі жауым сен ақсүйек деп Қайыпқалиді тілдейді. Батырдың ашуын басып, оны жұмсартқысы келген Қайыпқалиға Исатай былай дейді:

«...Атаңа нәлет Қайып хан,  
Сөзіңе кімдер нанады?!  
Хан Жәңгірмен бақ үшін,  
Талас қылсаң тақ үшін  
Өзін үшін қылғаңды,  
Халықшыл ерден санадың!  
Хан күшіңді алған соң,  
Жүр едім деп жұрт үшін,  
Сонда да мені жанадың»\*\*\*).

Бұл Исатайдың дәл өз сөзі ме, дәл өз сөзі емес пе, кесіп айту

\*) А. Ф. Рязанов. Исатай Тайман ұлының көтерілісі, 97 бет.

\*\*\*) А. Ф. Рязанов. Исатай Тайманов, 99 бет.

\*\*\*\*) Ығылман Шөрек ұлы. Исатай, Махамбет, 125 бет.

қыйын, Алайда, мұнда үлкен тарихи шындықтың ұшқыны бар. Ол — Исатай-Махамбет Қайыпқали сұлтанның арасындағы бір-біріне қабыспайтын әлеуметтік тілектермен алға қойған мақсаттарының басқаша екендігі. Бұл даусыз шындық. Солай бола тұрса да Ішкі орда да Жәңгір мен патша үкіметінен соққы көріп шыққан Исатай мен Махамбет Қайыпқалимен амалсыз одақтасты. Бұлар Кіші жүзге келмес бұрын Қайыпқали хан Жәңгірге қарсы отряд ұйыстырып, құралды күш құра бастаған еді. Сондықтан да, Исатай мен Махамбет Қайыпқали сұлтанмен одақтасып, оның негізгі көздеген мақсаты басқа бәлкі да, ежелгі жауы Жәңгірге бірігіп қарсы шығуды мақұл тапты. Сүйтіп, өздері бөлек көсемдік жасамай ақ сұлтанмен қол ұстасып, көтеріліс жасамақ деген ой болды.

Әрине, аты әйгілі халық ерлерінің беделі жұрт алдында сұлтанның әлде қайда күшті еді. Әйтсе де, сол жағдайында солай ету керек болғанға ұқсайды. Қайыпқалимен одақтасып, бірігіп күресіпек болғанда да, бұқара көшпелісі Исатай, Махамбеттің бастауына сеніп ерген болатын.

Көтерілістің жаңа дауылы орданың батыс бөлімін басқарған правитель Баймағамбет Айшуақ ұлы сұлтанның үрейін ала бастайды. Баймағамбет 1838 жылы, 17 июнде шекара комиссиясының бастығына етініш түсіріп қарулы отряд жіберуін талап етеді және өзі де соңына ергендердің басын құрастырып, бір жағынан зорлап-зұмбылап әскер жияды. Исатай мен Қайыпқали Ешім ұлына қарсы генерал Перовский подполковник Гекке басқарған жаңадан отряд құруды бұйырады. Бұл Геккенің отряды, 1838 жылдың 6 июлінде бұларға қарсы жорыққа аттанып, 10 июнде сұлтан Айшуақтың әскеріне қосылады. Көтерілісшілердің негізгі қолы Қайыпқалидің бастауымен Қыйыл өзенінде жасақ құрады да, Исатай мен Махамбет 500 адамды ертіп сұлтан правительдің ордасын шауып алуға аттанады. Бұлар 12 июнде подполковник Гекке мен Баймағамбет Айшуақовтың қалың қолына кездеседі; үлкен соғыс болады. Осы соғыста теңдік тілеген елдің әрі басшысы, әрі көсемі Исатай Тайман ұлы батыр қаза табады. Махамбет құтылып шығады да сұлтан Қайыпқалимен бірге Хива хандығының шекарасына қарай ығысады.

Исатайдың өлімі және мұнан кейінгі сұлтан правитель мен патша үкіметінің көтерілісшілерді қатал қудалауы күреске үлкен әсерін тигізеді. Кешікпей көтеріліс күшпен басылады.

## 6

Көтерілісті күшпен жеңіп оның қалған басшыларын құғынға ұшыратқан сұлтан, патша үкіметінің қысымы Махамбетке енді қайтып күрес ашуға мүмкіндік бермеді. Ол қаншама күш салса да Исатаймен бірігіп бастаған ұлы істі ойдағыдай жаңғырта алмайды. Дегенмен Махамбет бірнеше жолдасын ертіп Аллақұлдан көмек сұрауға Хиваға келе-



ді. Махамбет ханға, тағы да бас көтерін карсы шығу ниетінде болған. Ол бір жағы Хива ханының жәрдемі арқылы көздеген мақсатқа жетем деген үмітте болған, бұл пікірін еңбекші бұқараға айтып та жүрген. Жалынды күресшіл ақынның бұл ниеттері, Кәспи жағасындағы қазақ елдерін билеуші Аспандияр Сайдалин сұлтанның қолына түскен оның өз хаттарынан анық көрінеді. Мұнан басқа да Махамбеттің істеген істері көп.

1840 жылы Жәңгір хан 1839 жылы Махамбет Бөкей орласына келіп жүріпті деген хабар жіберіп, сұлтан Бөкейханов пен Балқы Құдайбергенов бірге оны ұстаңдар деп бұйрық береді.

1840 жылы декабрь ішінде Махамбет тағы да Жайықтың батыс бетіне өтіп, хан жағында болған Беріш руының старшинасы Ақтай Мұнайыптың 35 бас жылқысын айдап кетеді.

Хан Жәңгірдің мәлімдемесі бойынша, Орынбор губернаторы Орал қаласының әскер атаманына Махамбетті ұстауға тиісті шараны тез қолданыңдар деген бұйрық береді. Тап осы сыяқты тапсырманы сұлтан Баймағамбет Айшуақовқа да жүктейді. Баймағамбет бұл тапсырманы орындауға Аспандияр Сайдалин мен Таукенді жібереді. Бұл екі тәре Жайықтың сағасын мекендеген елдерді аралап іздемеген жер қалдырмайды. Бірақ, Махамбетті таба алмайды.

Хан мен сұлтанға қас халық қуғыншылардың қолына еңбекшінің мүдесін қорғап, жырын жырлаған ардақты ақынды ешкім ұстап бермеген.

1841 жылы 4 мартта сұлтан Мұртаза Ғали Өзбек Ғалпев үкімет орнына Махамбет Әмбі мен Жайықтың арасындағы бір ауылда жасырынын жүр деген мәлімдеме түсірген. Ұстауға жіберген қырық кісі, ақырында, Махамбетті Тілкеев дегеннің үйінен тапқан. Отряд үйді қамап алып, тұс-тұстан кіріп келеді. Тегін қолға түсбеуге бел байлаған Махамбет қанжармен біреуін жаралайды. Бірақ, көпке топпрак шаппа алмай, қолға түседі. Сүйтіп, қолға түскен Махамбетті ағайынды Тілкейіптермен бірге отряд 1841 жылы 17 мартта Орынборға жөнеледі. Орынборға Гурьев, онан кейін, Орал қаласы арқылы жеткізеді.

Гурьевтен Орал қаласына әкеле жатып жолшыбай Махамбетті Баймағамбет сұлтанға алып келінті деген халық аузында бір аңыз бар. «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны» деген атақты өлеңі осы жерде шығарылған екен, Баймағамбет Махамбетке жырла десе керек, ақын сұлтанға деген бар зәрің тәгін, өшкенділік шерін шығарыпты дегенді айтады.

Ал, бұл аңыздың және бір түрі бар. Ол мынадай: Махамбет қашып жүреді. Бір күні, жақын төрелерімен бір ауылда Баймағамбет сұлтан жатса, оның үстінен кездей соқ, Махамбет келіп шығады. Сұлтанның жаңында қарулы отряд болмайды да, Махамбет жару-жарақты болады.

Махамбеттің қару-жаракты түрмен ауыл үстіне келіп қалғанын естіп, Баймағамбет билеріне: «мұнда алып келіңдер, сөйлесейік. Неңдей сөз айтса да үндемеңдер, қарсы жауап қайырмаңдар. Бейбітшілік қалыпта жүрген біз осы ауылдың қонағымыз, бізді ол өлтірмес. Сақ болыңдар, қарсыласпаңдар өлтіріп кетер» депті дейді.

Билер Махамбетті шақырып келгеннен кейін Баймағамбет ақыннан «Исатай екеуің не істемек едіңдер?» дегенде, Махамбет сол арада өзінің аты шулы өлеңін жаннан суырып салып айтқан екен, төрелер Баймағамбетке жалбақтап, ақынға қарсы бірдеме айтпақшы болған екен, бірақ, қан төгілетінін сезген сұлтан жолдастарына: «Бұлай демесе Махамбет — Махамбет бола ма, оның сөзін көтермесем мен хан болам ба» депті міс.

Бұл екі түрлі аңыздың қайсысының ақыйқат екенін кесіп айту қыйын. Алай да, ежелден біріне бірі қас екі жаудың кездескені даусыз нәрсе. Бұған Махамбет өлеңінің өзі дәлел. Егерде біз екі әңгіменің қайсысы көбірек шындыққа бейім деген мәселені шешетін болсақ, бірінші аңыздың жөні келіңкірейтін тәрізді. Өлеңде Махамбет Баймағамбетке тұтқын күйінде кездеседі. Ал, өлеңнің кейбір жері де тап осыны сыпаттайды.

Көрмес, келмес деп едім,  
Өз еркіммен бетінді-ай!

дегенде ақын сөз жоқ өз еркімен келмегенін айтады.

Екінші бір жырында да:

«Есігіңнің алдына  
Ұрмай соқпай келтірген  
(Арманың бар ма кұдайға)  
Мынау Махамбет сынды жетімді-ай!»

деп, ақын өз бетімен өмірде бұлай етіп сұлтанмен жолықпайтынын, амалсыздың күнінен келгенін аңғартады.

Мұнымен бірге, Махамбет Баймағамбет сұлтанға сен мені қолға алдап түсірдің дейді. Дәл осы жолы оның қайда жүргенінен мәлімет беріп, үстінен түсірушінің анық кім екенін біле алмай, бұл пәледе көптен соңына түсіп жүрген Баймағамбеттен келді деп ойлауы да мүмкін. Қысқасы, бұл мәліметтердің қайсысы болсын, әйтеуір, Махамбетпен Баймағамбеттің бір кездесуін растайды.

Генерал губернатор Перовскийдің бұйрығымен Махамбет Өтеміс ұлының ісі әскер сотына беріледі.

Тергеуші алдында Махамбет өзінің көтерілісте басшылық еткенін мойнына алмайды; қайта орыстың шек ара үкіметіне талай жақсылық істедім, мысалы, Хорунжий Шустиковті тұтқыннан босаттым дегенді

айтады. Қолға түскен қазақарды және Хорунжийді босату жөнінде Махамбет айтқан поручикке бір жағдайлармен көп жәрдем көрсетсе керек. Хорунжий Шустиков, Махамбеттің бұл жауабын тергеуде жақтап сөйлейді. Сондықтан, Махамбеттің ісін қысқартып, ол туралы генерал губернатор:

«Орал сыртындағы Ордада болған кезде үкіметке жақсылық еткенін ескеріп, сотқа тартылған Махамбет Өтеміс ұлын жазадан кұтқарып, шекарадан өткізіп салынсын, бірақ, оның бұдан былай шекараға жақындауына тыйым жасалсын, егерде бұл тыйымды бұзса, немесе, Ішкі Ордаға өтсе, қатал жазаға тартылсын» деп үкім шығарады.

Сүйтін, 1841 жылы, 7 июльде шекара комиссиясы «шекараға жақындамас үшін даланың төріне қарай, әрегірек жіберуге» деген Кіші жүздің орта аймағының правителі Арслан Жантурин сұлтанға нұсқау жазып, Махамбетті шекарадан өткізіп, шығарып салады.

Исатай Тайман ұлы мен Махамбет Өтеміс ұлы бастаған еңбекші шаруалар көтерілісін көбірек зерттеп жүрген В. Шахматов губернатор үкімінің жұмсақтылығы, Махамбеттің патша үкіметіне көрсеткен жақсылықтарынан емес, көтерілістің басылғанына үш жылдай уақыт өтіп, бұл уақытқа ескіргендіктен және қыр еліне мұнан басқа да маңызы зор өзгерістер болуы мен байланысты болды деген пікірді айтады. Бұл пікірдің бізше де шындығы бар тәрізді.

Оның үстіне Махамбеттің ісі, оның бас жауы Жәңгірдің катынасынасыз қаралады. Үкімді естіп сала Жәңгір наразылық білдіріп, Махамбеттің үстінен тағы да материалдар жыйнай бастайды; патша үкіметі алдына мәселе қойып, қайта соттауға тырысады. Бірақ, губернатордың қарары шығып қалғаннан кейін, шекара комиссиясы ешнәрсе істей алмайды да Жәңгірге қарар туралы ресми түрде хабар етумен ғана тынады. Мұнан кейін Жәңгірдің де амалы кұрылды.

1841 жылы мен 1845 жылдың арасындағы Махамбет өмірінен жөнді мағлұмат жоқ. Бұл жылдарда Махамбет туған жерден, үйден, достан аулақ, қуғында жүрген тәрізді. Махамбет өмірінің ең ауыр кезеңіде осы жылдар болуы керек. Жолына бар өмірін сарп еткен оның тарихи ісі сәтсіздікке ұшырады, хан Жәңгір мен сұлтандарға қарсы халықты қайтадан көтеру үміт елесі әлсірей бастады, тұтқындықтың ауыр азабын тартты. Сондықтан да ол:

«Істеген ісім кетті далаға,  
Кашан өтіп шығам деп,  
Қайғырамын мендағы  
Жайықтан арғы далаға»\*) дейді.

\*) Махамбет елендері, 1939 жыл, 92 бет.

Туған ел мен, туған жердің күйігі акынның жүрегіне қайғы шерін құяды. Туып өскен Нарынның бейнесі Махамбеттің көз алдынан кетпейді; қуғында жүргендегі өлеңдерінің бәрінде де Нарын бірінші орын алады. Ақын алыстағы туған жеріне әрдайым сәлем жолдаумен болады. Бірақ, жалғыз ғана мұңды күй емес, Махамбеттің бұл кездегі өлеңдерінен кек алу үні де естіледі, ол ежелгі арманын есінен қалдырмайды.

«Он екі ата--бай ұлы,  
Жыйылып келсе бұл іске,  
Алты сан алаш ат болып,  
Тізгінді берсе қолыма,  
Заулар едім бір көшке!»  
«Махамбеттей мұңдыға,  
Енді келер күн қайда,  
Ханға құрған шатырды,  
Сүңгімен түртіп ашарға!?»\*).

Бұл кездегі Махамбет өлеңдері мұң мен кек ызасы — деп атауға болады. Үйткені, халықтың қажырлы көсемі Исатайдың өлуі және бақыт таңына жетектеген көтерілістің сөнуі акынның жалынды жүрегінде кейбір мұң пернесін шертсе де, бұрынғы елді езген хан, сұлтандардан кек алу үшкіні онда мәңгі өшпейді.

1845 жылы, февраль айында баласы Нұрсұлтанدى шекара комиссиясы жанындағы мектепке кіргізу үшін Махамбет Орынборға келеді. Жаңадан бағынған қазақ облыстарына керекті чиновниктер дайындау үшін патша үкіметі мектептер аша бастаған: бұл мектептерге кіруге қазақ ақсүйектерінің балаларына да есік ашық еді. Баласын мектепке кіргізу үшін жазған Махамбеттің өтініш арызын тексергенде комиссия Махамбеттің бұрынғы істерін қайта көтереді, тез Орынбордан кетуге бұйырады және неліктен бұрынғы шарттарды бұзып мұнда келген себептерін тексеріп, жауап алады. Бұл іс қайтадан генерал губернатордың қарауына түсіп, оның әмірі бойынша шекара комиссиясы сұлтан-правительден Махамбет туралы мәлімет сұратады. Махамбет бұл кезде Кіші жүздің орта бөлімінде емес, батыс бөлімінде жүрген болатын. Сондықтан, оған мінездемені ескі жауы—сұлтан Айшуақов береді. Әрине, Махамбетті қауыпты жау етіп көрсету үшін қолдан келген бар пәлені оның басына жаба түседі.

«Қырғыздардың арасындағы ол ең бір нашар және зиянды мінезді кісі. Сондықтан,—Баймағамбет шекара комиссиясына берген мәліметінде,—оны менің қарамағымнан аулақтату жөнінде бұйрық беруіңізді, мен сізден бас иіп өтініш етемін» деп жазды. Екінші бір қағазында Баймағамбет сұлтан Махамбеттің төңерегіне Ішкі ордадан қашқандар

\*) Махамбет өлеңдері. Алматы 1939 жыл, 94 бет.

паналап жүр, оларды үкімет бұйрығынан Махамбет құралды күшімен арашалайды деп жазған.

Осыларды негізге алып шекара комиссиясы Махамбеттің баласын мектепке алмауы былай тұрсын, оның рулас еліне үкім шығарыңдар деген бұйрық берген. Қосымша архив мәліметсіз Махамбетті қайталап қудалау ісінің неден туранын шешу қыйын. Әйтсе де, күйзеліске ұшыраған бұқараны көре тұра, екі қолын қусырып, қарап отырмастан Махамбет наразылық пікірін үдете түскен, бұл қудалаудың бас себебі сонан туған деп шамалауға болады. Бұл жөнінде Махамбетке үкімді жәй қазақтар жасамай, Алаша руының билерімен старшиналарының шығаруы да әлде қалай нәрсе емес. Ол үкімге қол қойған бай мен билер, старшиналар: «Біздің келісімімізден тыс, ішімізде көшіп жүрген зиянды адам Өтеміс ұлының шығаратын шағағынан аулақ болу үшін, біздің арамызда көше жайлап жүруін тілемейміз» деп жазған. Сөз жоқ, бұлар Баймағамбеттің айтуымен және келісімімен жазған болуы керек.

Осы үкімге сүйеніп Махамбетті Орынборға тапсыруға шекара комиссиясы Айшуақовқа нұсқау жібереді. Бірақ, бұл бұйрықты орындау қыйынға соғады. Үйткені, қарапайым халық Махамбетті жасырып, үкімет қолына ұстап бермейді. Халықтың бұл ниетін білгеннен кейін Баймағамбет сұлтан зұлымшылыққа бел байлайды. Ол астыртын адамдарға Махамбетті өлтіртпекші болады. Осы ниетпен, 1846 жылдың октябрінде сұлтан елге шығады: кешікпей Махамбетті ұстау үшін Хорунжий, Ықлас Төлеев, Берін руының биі Жаңаберген Боздақов және жай адамдардан Төрежан Тұрумов, Жүсіп Өтеулиев тағы басқалар жіберіледі. Бұлар Махамбеттің аулына келеді. Махамбет бұл отрядтің тегін келмегенін сезеді. Бірақ, оның қашуына мүмкіншілік болмай қалады. Қорғану ниетімен ол Төрежан Тұрумовты атып жібереді. Бірақ, оғы дарымайды. Және Төрежан барымтаға алған жылқыны қайру жөнінде берген сұлтанның бұйрығын тапсыруға келдік деп алдайды. Сүйтіп, Махамбетті алдап қайта келісім жасау үшін ішіндегі басшысын үйіне шақырады. Үйге Хорунжий Ықлас Төлеев пен Мұса Нұралиев кіреді. Махамбетті қасақана ерегістіріп ұрыс көтеру үшін Ықлас Төлеев онымен сөзге келе бастайды. Кешікпей-ақ керіс ұрысқа айналады. Махамбет те тірі қолға түспеу ниеті болып қанжармен қару етеді. Осы кезде үйге кіріп келген Жүсіп Өтеулиев Махамбеттің басын қылышпен шауып түсіреді. Үйін талап, туысы Хасен Өтеміс ұлын ұстайды. қанішерлер Махамбеттің басын сұлтан Айшуақовқа апарып береді.

Махамбеттің өлімі жөнінде сот тергеу оршының мәліметтеріне, әсіресе, өлтірушілердің берген көрсетулеріне сүйеніп, В. Шахматов, Өтеміс ұлын өлтірушілердің әдейі бұрып көрсетуінен уақыйғанын шын бағыты біраз өзгерген деп жазады. Уақыйғаның бұл түрі үлкен күмән келтіреді.

Біріншіден, Махамбет сыяқты мерген адамның оғы Төрежанға дарымауы, және келген қарулы адамдарды көре тұра алдауға көнуі ұғым-

ға сыятын нәрсе емес. Екіншіден, Махамбет сыяқты күшті және қолында қаруы бар адамның үйге кірген екі кісіге әлі келмеді деуде шек келтіретін сықылды.

Махамбеттің өлімі жөніндегі сол материалы, өлтірушілермен сұлтан Айшуақовтың соңынан ойлап шығарғаны болу керек.

Ал, Махамбетті өте зұлымшылық түрде, өте аңдаусызда өлтірілген болуы тиіс. Ықлас екі жүзді, нағыз қарғалған адам болған. Шахматов жолдас өзінің еңбегінде Ықлас туралы Костромотинов чиновниктің мінездемесін мысалға келтіреді. Чиновник: «Оны біз тапқырлықты керек қылатын қыйын-қыстау жерлерінің бәріне де пайдаландық, жағдай мен адамдарды өте қанық білуі арқасында жан-тәнімен бізге жәрдем беруге даярлығы арқасында тапсырған істің бәрін ол тамаша орындаушы еді» деп жазған.

Екінші бір аңызда, сол қанішер Ықлас нағыз сенімді жолдастарымен Дендер бойындағы Қарой деген жерде бөлек отырған Махамбеттің үйіне келеді. Олар ақын үйіне «қонаққа», сәлемдесуге келген кісі болады. Сүйгіп, дастарқан үстінде елін сүйген ер, аты шулы ақынды қара ниет Ықлас залымдықпен өлтірінті дейді.

Махамбет 1846 жылы, 42 жасында өледі. Оның сүйегі Дендер бойындағы Қарой деген жерге қойылады.

### III. МАХАМБЕТТІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ

#### I

Махамбет өлеңдері сол Исатай және өзі басқарған шаруалар көтерілісімен өте тығыз байланысты. Қанаушыларға қарсы көтерілген бұқара көпшілігінің күресіне белсене қатысу арқылы ақынның ақындық дауысы шынығып беркі түсті. Бұл күрес оны ақсүйектердің ықпалынан аулақ етті, өмір шындығын жете көріп білуін үйретті, оны еңбекші елдің тілегін көксейтін жыршы етіп шығарды. Сондықтан да, Махамбет өлеңдерінің көбі халық мүддесі үшін күресу тақырыбына арналған. Махамбеттің ежелгі арманы—халықтың бақытты болуы. Осы арманға жету үміті оның ойынан өмірі кеткен емес. Бұл сыяқты халқын аса жақсы көру, оның бақытты болып, емін-еркін өмір сүруін көздеу Махамбетке еңбекші туын ұстағты, халықты күреске жетектетті. Мына төмендегі өлең оның алдына не тілек қойғанын, не үшін күрескенін айқын-ақ көрсете алады.

«Өздеріңдей хандарды,  
Қарыны жуан билердің,  
Атаңдай даусын ақыртын,  
Лауазымын көкке шақырғын,  
Басын кессем деп едім...»\*)

\*) Махамбет өлеңдері. 1939 жылы, 114 бет.

«Қара қазақ баласын,  
Хан ұлына теңгердік...» \*).

Бұл өлеңге қарағанда халықтың теңсіздік, құлдық күйін Махамбет бұрынғыдан да көрі тереңірек сезген. Хан, сұлтан, бай мен билердің тепкісінде езілген бұқараның аянышты халын ол әрі қайғылы, әрі ызалы түрде айтып жырлағаны байқалады.

«Ата енені сөктіріп,  
Ат басына соқтырып,  
Нәлет десе болмас па,  
Осылай жүрген жүріске?» \*\*).

Махамбет туған жер мен еңбекші елін жан-тәнімен сүйді. Отаршыл саясат жүргізіп отырған патша үкіметін, халықтың жер мен суын саудаға салған хандарды, ел талаған сұлтан мен билерді мейлінше жек көрді. Теңдікті күшпен алуға, күреске шақырды, өз өмірін осы күреске сарп етті.

«Бағанамды баса бөктеріп,  
Қасыма жатқан жолдас ертіп,  
Күн-түн қатып жүргенім,  
Ана Нарында жатқан  
Жас баланың қамы үшін» \*\*\*).

деп, ақын тереңде жатқан ішкі сырын айтты. Бұл сырдың ең маңызды жағы—«жас баланың», екінші сөзбен айтқанда халықтың қамы үшін күн-түн қатып жүруі. Халқын тереңнен сүю идеясы Махамбеттің барлық әлеуметтік ісінде де, бізге мирас етіп қалдырған ақындық мұрасында да басынан аяғына дейін көктей өтіп отырады. Исатайды жоқтаған лирикалық өлеңдерінің бәрінде де жалғыз ғана ол емес, халықтың қамын жеген басқа да боздақтардың өлімін мұң етіп жырлайды. Ақынның бұл еңбекші халықты шын жүректен терең түрде сүйген сезімі, әсіресе, Баймағамбетке айтқан өлеңдерінде өте күшті берілген. Мұнымен бірге ақынның қанаушы таптарын жетекші тобымен сұлтандарды жек көруі де осы өлеңдерден ерекше аңғарылады. Ол сұлтанға:

«Хан баласы ақсүйек  
Ежелден табан аңдықан  
Ата дұшпан сен едің»

дейді. Сұлтанның халыққа дұшпандығын көзіне айтып, жеке басының бахыттылығын халықты зар еңрету арқылы жасап отырғанын аянбай бетіне басады.

\*) Махамбет өлеңдері, 1939 жыл, 110 бет.

\*\*\*) Махамбет өлеңдері, 1925 жыл, 146 бет.

\*\*\*\*) Махамбет өлеңдері, 1929 жыл, 98 бет.

деп, хан мен сұлтандардың еш уақытта халықтың мұңын тыңдамай-тынын және олардың халық пен ханның арасындағы бітімге келмейтін, таштық қайшылығының ежелден келе жатқан ескі кек, бітімге келулері мүмкін еместігінің бетін ашады.

Махамбеттің халықты сүйі — туған елін-отанын сүйемен ұштасын жатады. Бұл ақынның қонысқа қолайлы, малға жайлы кең даланың көркемдік пішінін берген өлеңдерінен анық байқалады. Әсіресе, туып-өскен, қызықты дәуір сүрген, Исатай және басқа жан достармен бірге айбынды көтеріліс жасаған Нарын, ақынға өзгеше жылы көрінеді.

«Біздің анау Нарында  
Бір төбелер бар еді:  
Айналасы ат шаптырса жеткісіз,  
Қиқулап ұшқан қырғауыл,  
Күнінде құлайда басып өткісіз,  
Қойды мыңға толтырған  
Нарынның ана құмдары,  
Түйені жүзге толтырған,  
Көкпекті, шытыр жерлері,  
Балдырғаны білектей,  
Баттауылы жүректей...»\*)

Осындай жерін хан Жәңгірдің қысымымен тастап кеткенін айта келіп Махамбет:

«Абайламай айрылдым,  
Ар жақтағы елімнен.  
Анау Нарын деген жерімнен.  
Тірі кеттім демеймін,  
Кем болмады өлімнен\*\*).

деп мұңаяды. Амалсыздан кеткенін, «күсалық пен өмір өткенін» айтып шағынады. Алайда, бұл сыяқты тамаша жерлер мен шалқар көлдердің кұр әдемілігін айтып, болмаса онан өзі амалсыз кеткенін ғана жырлап қоймайды. Ақын ол жерлерге хан, сұлтандардың күшпен, ие болғанын, екінші, жағынан бұған отаршыл помещиктердің қол созғанын, ел байлығы мен жер байлығын екі жақтап еміп жатқан жемпаздар барын түсіндіріп, халықтың назарын, әділсіз заңға аударады. Бұл заңды да қанаушы талтың шығарғанын аңғартады. Дүниедегі байлықтың бәрін жасаушы еңбекшінің қолы, бірақ оның қызығын көруші күштілер еді.

\*) Махамбет өлеңдері. Алматы, 1939 жыл. 104 бет.

\*\*\*) Бұл да сонда, 94 бет.



Акын халыққа көзінді аш, зұлымшылыққа қарсы күрес, әйтпесе, іс мұнан да қыйынға шабуы мүмкін.

«Ханның ісі қатайды  
Азамат ерден бақ тайды»

деп өмір кұбылысының дәл шындығын ашын көрсете келін:

«Қанды көбе киініп,  
Бір аллаға сыйышып,  
Ұрандап жауға тигенде,  
Кім жеңері талайды,  
Жолдастарым, мұңайма!» дейді.

Махамбет қыйыншылыққа жасымайды, ол жолдастарына дем беріп, кім жеңері әлі белгісіз, уақытша жеңіліске мұңайма дегенді айтады.

Махамбет халықтың ежелгі тілегін ерлікпен жырлаған акын. Оның өлеңдерінің бастан аяқ—бәрінен де осы халық тілектері мен халық мақсаттары жырланған. Оның шығармасының күштілік жағы да осы бұқара мүддесін қорғауға ұлы акындық күшін аямай жұмсауына. Ол халықты ұлы іске бастап, оларға не істеуді үйренумен болды. Еңбекшінің тілегін орындайтын хан мен сұлтандар, болмаса бай мен билер емес, өзінің ішінен шыққан нағыз халықтың өз ұлдары ғана көзлеген нысанаға жеткізетінін түсіндірді.

«Ханнан қырық туғанша,  
Қарадан бірақ тусайшы,  
Халықтың кегін қусайшы,  
Артымыздан біздердің  
Ақырын теңдік сұрауға!»

деп, халық тілегін орындау үшін «вараның» ұлы керек екенін ашық айтты. Ол кездегі ақсүйек хан-сұлтандарға сүйенудің де, сенудің де керекі жоғын ұқтырды. Және халықты бастаған басшылардың елге аянбай қызмет етуін, керек жерде олардың басын да халық үшін кұрбан етуін талап етті, қаналушылардың өз кектерін қажырлылық, қайраттылық арқасында ғана алатынын ұқтырды. Оның өз басы осы сыяқты игілік іске үлгі болды. Еңбекші халықтың бахытты болуы үшін аянбай күрескеніне, қасық қаны қалғанша оның мүддесін қорғағанына Махамбеттің бар шығармасы айғақ. Ол шын мәнінде еңбекші шаруаның жыршысы болды, сондықтан Махамбетті шаруалар жыршысы, халық ақыны деуімізге әбден болады.

Еңбекші бұқараның қанаушы табын табиғи жек көруі Махамбеттің сана-сезіміне де үлкен әсер етті. Акынның бұқарашылдық көзқарасын күшейтті. Бұл бұқарашылдық көзқарас Махамбет поэзиясында өшпес із

қалдырды. Байлар салт-санасының алдында бәсеңіп Махамбетке жағ нәрсе. Ол билеуші таптың ойлап шығарған адамдары «ақсүйек—асыл» болмаса, «жақсы, жаман», атақты қарапайым жандар деп бөлуін күлкі етті.

«Айырдан туған жампоз бар  
Нарға жүгін салғысыз.  
Аруанадан туған мая бар  
Асылын айуан десе нанғысыз.  
Жаманнан туған жақсы бар,  
Атасын айтса нанғысыз.  
Жақсыдан туған жаман бар  
Күндердің күні болғанда  
Жарамды бір теріге алғысыз»\*), деді.

Билеуші таптың ұғымынша «жақсы» деп тек қана бай мен билі, яки барлық атақты тұқымды айтады; еңбекші бұқараны, қарапайым адамдар, болмаса тіпті «жамаңдар» дейтін. Махамбетше бұл олай емес, «жарамды бір теріге алғысыз, жақсыдан туған жаман бар». Сонымен қатар, Исатай сыяқты қара халықтың ішінен шыққан «айырдан туған жампоз бар»; көбінесе жампоздар халықтың өз арасынан шығады, нағыз талантты, ақылды, жұрт үшін күресетін асқан кеменгерлер осы қарапайымдардың ішінен ғана шығады деген ұғымды қолдайды.

Ақсүйектер түсінігінше, хан—«жақсының ішіндегі жақсысы». Махамбетше хан барын тұрған зұлым, халықтың қанын теспей сорушы паразит, адамға бақытсыздықтан өзге, жақсылық жасамайтын улы жылан.

Хан сарайының жыршысы етуге жан таласын Жәңгір Махамбетті қалай да, өз жағына тартуға әрекет жасап әлек болып жүргенде ақын өған:

«Хан емессің, қасқырсың,  
Қас албақты басқырсың.  
Достарың келіп табалап,  
Дұшпаның сені басқа ұрсын.  
Хан емессің, ылаңсың,  
Қара шұбар жылансың.  
Хан емессің, аяңсын,  
Айыр күйрық шаянсын»\*\*)

деп жер жебіріне жетеді.

\*) Махамбет өлеңдері, Алматы, 1932 жыл, 89 бет.

\*\*\*) Бұл да сонда, 107 бет.

Жәңгірдің халыққа қаталдығы күшейген сайын, Махамбеттің оған өшпенділігі үдей түседі.

«Мен алмаған Алға-ай,  
Шыға алмаған далаға-ай!  
Қара қазақ баласын,  
Атаңа пәлет Жәңгір хан,  
Көзінен тізіп жіберді-ау,  
Орынбор деген қалаға-ай!»\*).

Ішкі орданың ұлық сұлтандарынан Махамбет еш уақытта қорқып жасқанған емес, ақын Баймағамбет сұлтанның алдында да оның өз ойындағысын ашып айтты. Үкімі жүріп тұрған, күдіретті сұлтанның тайсалып, бас кетер деп тіл тартпады.

Баймағамбет сұлтанға айтқан өлеңінде Махамбет хан, сұлтан билерді құртып, езілген халықтың ежелгі кегін аламын деген тілегін жасырған жоқ.

«Өздеріңдей хандардың,  
Қарны жуан билердің,  
Атандай даусын ақыртып,  
Лауазымын көкке шақыртып,  
Басын кессем деп едім.

. . . . .

Еңсесі биік ақ орда,  
Еріксіз кірсем деп едім.  
Берегесін қыйратып,  
Отын етсем деп едім.  
Туырлығын кескілен,  
Тоқым етсем деп едім».

Ақынның сөзі мен ісі екі жерден шыққан жоқ. Қанаушыларға қарсы шыққан еңбекші бұқараның басшы көсемі, әрі найзакер ту көтерген батыры осы Махамбет. Оның әрі батыл әрі көздеген мақсатқа тайсалмайтын ерлік образы оның өз өлеңдерінде қандай айқын көрінсе, тарихи материалдар да, кейінгі ақындардың өлеңдерінде де солай суреттелген.

## 2

Махамбет шығармасын тексеріп, оған баға бергенде біз бұл еңбегімізде ақынның біздің заманымызға жеткен өлеңдеріне ғана сүйендік.

\*) Бұл да сонда. 103 бет.

Бұл Махамбеттің шығарғандарының әрине бәрі емес, оның бір бөлшегі ғана. Бірақ, бұл өлеңдер Махамбеттің рухани кейпін толық бере алатын шығармалар. Сондықтан да, олар халықтың есінде бұлжымай сақталып келген. Атадан балаға қасиетті уасият сияқты болып қалып отырған. Халық түсінігіндегі ақынның кейпі де, өз образы да еңбекші бұхаракөтерілісінің көсемі Исатайдың образы да ел қамқоры тұрғысында сақталған. Махамбет поэзиясында Исатай Тайман ұлы бастаған шаруалар көтерілісі үлкен орын алады. Қанаушыларға қарсы шыққан халықтың қай түрде күрескенін, көтерілістің қалай басталғанын, немен тынғанын Махамбет өлеңдерінен ашық көруге болады, сол замандағы әлеумет өмірінде болған үлкен қозғалыстарды көз алдыға келтіретін үлкен айнасыяқты. Мисалға келтірген жоғарғы өлеңдер қара шаруалар мен ақсүйектердің арасындағы шиеленіскен таптық қайшылықтарды, оның еріксіз қарулы күреске келіп тірелгенін толық суреттей алады. Хан Жәңгірге қарсы аттанысқа шақырған Махамбет өлеңдері өз кезіндегі әлеумет өміріндегі қайшылықтардың айнасы, оның толық сыйпаты. Жауынгер ақынның үгітші даусы халықты батырлық жорық пен төтенше ерлік істеуге, қайыспай қайрат етуге шақырды.

«Ереулі атқа ер салмай,  
Егеулі найза қолға алмай,  
Еңку-еңку жер шолмай,  
Қоңыр салқын төске алмай;

Ат үстінде күн көрмей,  
Ашаршылық жол көрмей,  
Өзегі талып ет жемей,  
Ер төсектен безінбей,

Тебіңгі теріс тағынбай,  
Темір қазық жастанбай,  
Қу толағай бастанбай  
Ерлердің ісі бітер ме?»\*)

Недер қыйын кезеңдерді, ыстық-суықты, аштық-жалаңаштықты көріп, достан, жардан айырылу ащылығын татпай мақсатқа жету қыйын, бұған ердің ері жетеді; халық үшін қара басын қайтпай құрбан еткен адам ғана жетеді, күрес жолы осындай, осыған бел байла дейді ақын жалынды жауынгер өлеңімен.

Исатай бастаған Ішкі орда шаруалар көтерілісінің бірінші кезеңін Махамбет «соғыс» деген өлеңінде әрі толық әрі бастан-аяқ уақытға-

\*) Махамбет өлеңдері. Алматы, 1939 жыл, 82 бет.

ның ізімен суреттейді. Айбынды қолдың ордаға ат қойып, қоршап алғанын, хан Жәңгірдің қара бұлттай төнген халық ашуынан үрейі ұшқанын, халықтың ауыр халін, ханға көмек үшін жіберілген патша үкіметінің қарулы қолымен сілкіскен халық кегін, оны бастаған еңіреген ерлерді, қаза тапқан сүйікті батырларды мейлінше күшті, көркем образдар арқылы көрсетеді.

Мұнымен қатар айта кететін нәрсе, Махамбет бұл көтерілісті жырлағанда оның ең бір басты жырларың, уақыттың нағыз шиеленіскен жерін алып, оқушының назарын еркінен тыс билеп алады. Махамбеттің өзі араласып, басынан аяғына дейін қатысқан бұл әлеуметтік үлкен драма қазір бізге тарихи нәрсе болып қалды. Оның ерекше көзге түсетін жерлері, ең характерлік жақтары ішінде болған адамнан көрі бізге көбірек көрінуі мүмкін. Алайда, ақын басынан кешірген бұл зор қозғалыстың негізгі жақтарын дұрыс, дәл көрсеткен. Бұл қасиет, Махамбет өлеңдері тарихи шындықты айнытпай көрсететін, реалистік өлеңдер қатарына қосылады.

Махамбеттің «Соғыс» деген өлеңінен көтерілістің ең жоғарғы шақырықтау шегі, бұхара қолының хан әскері мен қырқыса соғысқан кезеңін айқын көруге болады.

«Әскер жыйын атанды,  
Бекетай еді тұрағым.  
Айқайлап жауға тигенде,  
«Ағатай Беріш» ұраным.  
Бекетай құмға ел қоны,  
Байбақты Жүніс атанды,  
Қосылуға дем болып,  
Кұдайлайды қан ұлы,  
Іздеген жауы біз болып,  
Жау қарасы көрінді,  
Жымылған әскер бөлінді.  
Исатай—басшы, мен-қосшы»\*).

Бұл өлеңдер айтылған уақытқа, жер аттары, ел аттары, адамдар және даталар тарихы дәл. Махамбеттің айтуынша, Ордадан қырық шақырым жердегі Бекетай құмында жатқан қалың қол айбынды күш болған. Бұл тарихи материалдармен салыстырғанда дәлме дәл келеді. Мысалы: А. Ф. Рязанов, подполковник Геккениң хатынан үзінді алып: «Тайман ұлының соңына ергендердің саны қазір екі мыңдай және бәрінің де қаруы бар\*\*») деген мәлімдемесін келтіреді. Мұнан кейін, екінші бір жерінде

\*) Махамбет өлеңдері, ҚКӘБ, 1939 жыл.

\*\*\*) А. Ф. Рязанов, «Исатай Тайманов көтерілісі», 58 бет.

Рязанов: «Тайман ұлына Берін, Байбақты, Қызыл-кұрт, Аланша, Жаппас, және Ысык руларынан 17 старшина келін қосылды»\*) деп жазады. Сүйтіп, Махамбет өлеңінде айтылған Берін руының аты да, «Ағатай» деп жауға шабатын ұраны да, Байбақты руының атақты старшинасы Жүніс те тарихи болған, жоғарғы ру аттары да дұрыс көрсетілген. Және көтеріліс жасап Ордаға төнген қалың бұқараның айбынды түрінен ханның қатты қорыққаны да шындық. Орынбор басшыларына жазған Жәңгірдің мәлімдемелерін айтып-ақ, Геккенің: «Ордаға аман есен келін жеттім. Мұнда Тайман ұлы әне келін қалды, міне келін қалды деп күткен Орда маңындағылардың мүлде үрейі ұшуда екен...\*\*)» дегенінің өзі-ақ хан сұлтандардың қайда баруға жер таппағанын көрсете алады.

Сол өлеңнің екінші бөлімінде көтерілісшілердің түнгі жасаған кеңесін, ертемен оларды қоршап алған патша үкіметі мен хан әскерлерін көргенін және соғыс картиналарын суреттейді.

«Қарап тұрсақ әр жерден,  
Жау бір өрттей қайнайды.  
Қайнағанмен қоймайды,  
Мылтығын қардай боратын  
Жетіп келді қамалға,  
Қамалды бұзып аларға».

Өлеңнің бұл бөлігін тарихи мағлұматтармен салыстырып қарағанда, Махамбет, бұл жерде, 1837 жылдың, 15 ноябріндегі Тастөбеде болған ұрыстың суреттерін көрсеткен. Мұнда Бекетай құмына ығысқан көтерілісшілерді подполковник Геккенің әскері Тастөбе деген жерде қуып жетіп ұрыс ашады. Ұрыста көтерілісшілер бірінші боп ат қояды. Бұл шабуыл жауды жан-жағына қаратпай жапырып жібереді.

«Қазақтардың таңдан мінген аттарының артықшылығын және өздерінің ерекше найзагерлігі—мұның үстіне офицерлердің дегеніне көнбей қазақ-орыстардың түс-тұсынан тәртіпсіз қыймылы біздің әскердің берекесін қашырып жіберді»\*\*\*) деп, Исатайдың ерліктерін Геккенің өзі мойындайды. Тек артиллерия араласын көтерілісшілерді ықтырсыз шегіндіреді.

Жаудың құралының күштілігіне қарамастан ерекше ерлік көрсеткен көтеріліс жауынгерлерінің қыймылын көрсету үшін ақын осы ұрыстың бірінші бөлімін ғана алған. Бірақ, Махамбет тарихи шындықты қай кезде болсын жасырған жоқ. Ол көтерілістің тек жеңген кездерін ғана емес, жеңілген кездерін де өте дұрыс көрсете білді. Бұған өлеңінің аяғындағы қортынды бөлімі айғақ. Бұл қозғалыстың жеңілуін айту үшін,

\*) Бұл да сонда, 60 бет.

\*\*) „ „ 60 „

\*\*\*) А. Ф. Рязанов—«Исатай Тайманов».71 бет.

оның желісін үзбей тұтас көрсету ниетімен соғыстан бастапқы кезеңдегі бір керекті көріністі суреттей кетеді:

«Әскердің алды бөгелді,  
Қырдан ойға төгілді.  
Ханның тобы үш атты...  
Топтың үні шыққанда,  
Сонда батыр жөнелді...  
Жөнелмей батыр не қылсын,  
Ерсары мен Қалдыбай  
Екі арыстан тең өлді.  
Жетім, жесір көп қалды  
Хан әскері кенелді...  
Қызғыштай болған есіл, ер  
Қайран да жұрттан не көрді?»\*)

Өлеңде Қалдыбайдың аты көрсетілген. Соған қарағанда ақынның бұл суреттеуі артынан қуып келген Истомин отрядімен қайырылып, соғысқан эпизоды болуы керек. (бұл 37 жылғы көтерілістің соңғы бір кезіндегі кездесу болатын). Рязановтың айтуына қарағанда Исатайға ең берілген адамдардың бірі Қалдыбай тұқымы болған\*\*). Қалдыбайдың өзі Исатайды қуып келген Истомин отрядімен соғысқанда майданда өледі де, Есмағұл мен Қаппамбай деген екі баласы қолға түседі.

«Жетім жесір көп қалды,  
Хан әскері кенелді...  
Қызғыштай болған есіл ер  
Қайран да жұрттан не көрді»,

деген жолдары арқылы Махамбет тарихи шындыққа сүйеніп, әрі аз сөзге көп мағна сыйғызып, әрі дәл етіп, олжаға кенелген жауды, қайғы шеккен жұртпен дегеніне жетпеген елдерін көрсетеді. Сүйтіп, тарихи уақығаны Махамбеттің өлеңдерімен салыстырып қарағанда екеуі дәлме-дәл бір ізден шығып отырады. Бірақ, поэзия тарих емес. «Үйткені, тарих болған әлеуметтік уақығаны фактымен дәл түрде кұрастырып, одан өзіне қортынды шығарады. Ал, поэзияда ақын болған уақығаны өзінше саралап, ақындық жолмен қайта кұрып, керек жерінде ойдан да шығарып образ арқылы обобщение жасайды; сондықтан, кейде тіпті болмаған уақығаны да қосып, ақынның өзінше өзгертін жіберетіндігінен көркем шығарма мен өмірде болатын тарихи уақығалардың арасы алшақ кетіп, біріне-бірі үксамай да қалатындығы бар. Махамбет ерекше

\*) Махамбет өлеңдері, 1939 жыл, 84 бет.

\*\*\*) Рязанов, 76 бет.

күшті ақын. Оның ақындық таланты өз кезіндегі басқа ақындармен салыстырғанда теңдесі жоқ. Сондықтан да ол өмірде болған шындықты бұлжытпай суреттеп, реалистік шығармалар бере білді. Оған оның ақындық шеберлігі де, тіл көркемдігі де жетті. «Өмір бар жерде поэзия бар» деген орыстың данышпан сыншысы Белинскийдің осы сөзін, қазақтың талантты ақыны Махамбет те расқа шығарды.

Ішкі ордадағы көтеріліс жеңілуге айналғаннан кейін Исатай мен Махамбет бір топ жақын жолдастары және туғандарымен Жайықтың Шығыс бетіне ойысты. Ондағы мақсаты бұл жақтағы Кіші жүз елінен жаңадан күш жыйып, әскер басын құрастырып алып Жәңгір хан мен қайта күресу еді. Осы ниетті жыр еткен Махамбеттің бірнеше өлеңдері бар. Мұнда өздерінің шегіну кезіндегі өмірлерін көрсетіп қана қоймайды, Исатай және оның жолдастарына Ішкі орданы тастап кетулеріне не себеп болғанын да айқындайды.

«Күншығыстың астында,  
Күнбатыстың тұсында,  
Қарындасым барды деп,  
Қайыспас қара нарды деп,  
Маңдайынан күн өтіп,  
Жауырыннан жел өтіп,  
Күн астымен жеткен ер...»\*).

Жайықтың бергі бетіне өткеннен кейін көтерілісшілер бой тасалап, бас пана жасаған жоқ. Олар күресті бұрынғыдан да күшейте түсті. Сондықтан да Исатай мен Махамбеттің соңына ерушілер өздері ел үшін күрескен ерміз деп сапады: хан мен патша үкіметі жағынан қуғын-сүргінге түссе де мойып, жасымады. Қыйыншылықтан бас тартпады. Оларға Махамбет:

«Қу талағай басталмай  
Ерлердің ісі бітерме?!»

деп, қайрат берді. Ел қамын жеген ерлердің — ісі сақал, шашы ағарғанша, кәрілік жеңіп тұғырдан түскенше бітпейді деді. Сонымен қатар ақын еңбекші халық, бұқараның қамын жеген жауынгерлерге: бұл көтеріліс тек қана әзірге Ішкі Ордада болды, анау үшін қыйыры жоқ қазақ елі, соның ішінде әрі батыр жау жүрек, саны көп Кіші жүз бар. Кіші жүзді тегіс көтерсек Жәңгірдің шаңырағын ортасына түсіреміз, күрес әлі біткен жоқ, үміт үзбеңдер—біз жеңеміз деген сенім тұғызды.

Махамбеттің және оның жолдастарының басында талай тар кезең, қыйын-қыстау жерлер болды. Бірақ түпкі мақсатына қалайда жетуге

\*) Махамбет өлеңдері, 1939 жыл, 85 бет.



шек келтірмеген өжет ақын, ешбір қайыспайды. «Толарсақтан саз кешін», «Өзегі талын ет жемей» жүрсе де өз жолынан таймады. Оның бұл бір бетгі беріктігін, көздеген нысанадан қайтпас қайраттылығын халық аузында қалған өте шындықты көрсететін бір аңыз бар.

Ішкі Ордадан патша әскерінің күшімен ығысып шыққан Исатай мен Махамбет, қасына ерген 40 жолдасымен келіп Жайықтан өтеді. Жайықты жағалай алып жатқан әскери қорғаудан жарып шығып, бұлар сол беттегі қалың Кіші жүз руларына маңдай алып жүреді. Желдінің (декабрдің) 12нен 13не қараған түні екен. Ысқырған суық және мылқау боран соқса керек. Аламан болып, бастаған игілікті істің сәті болмай патша мен ханның қурынына ұшырап, жақын достар қаза тауып, артта аңрап катын мен бала, кемпір мен шалы кір жуып, кіндік кескен жер қалып, оның үстіне мынадай ұзақ жол қажытқан ерлер, ысқырған қыстың суық қойны, ашық далала қонуға тура келеді. Ашып айтпаса да жаны мен тәні бірдей қажыған көп адамдардың қабағы қатыңқы, үнсіз, күлкісіз жабығуға салынады. Қолға алған істен ешнәрсе шықпайды, үміт жоқ дегендей сары, уайымға түсе бастайды. Әрі аш, әрі тоңуға айналған қабағы қатыңқы ерлерге, жалынды жан, Махамбет:

«Ереулі атқа ер салмай,  
Егеулі найза қолға алмай...»

деген, атақты ерлік пен қажырлылық үндейтін өлеңін айтқан. Мұнан кейін, «Құландай ащы дауысты, құлжадай айбар мүйізді» ер Исатай бастаған аз алам бұрынғыдан бетер ерлік қалыңка келінті міс деседі.

Жайықтың бергі бетіндегі Кіші жүзді көтеріліске үндеп, ханға қарсы қарулы қол жыйнап жүрген кезде Махамбеттің жеңу үміті үдей түседі. Ол Әлім мен Адайды кезіп жүріп халыққа батырлардың ісін баян етіп, ерлігін мадақтайды. Осы кездегі ақынның зор үмітпен көтерілістің күшіне сенгендігін Махамбеттің мына өлеңдерінен айқын көруге болады:

«Ел шетіне жау келсе,  
Азамат ердің баласы,  
Намысына шылай ма?  
Жаттан көмек сұрай ма?  
Арғымақ жалсыз, ер малсыз,  
Жаратқанның не берері болжаусыз,  
Жолдастарым мұңайма!»\*).

Осы сөзді ол «мұңайма» деген өлеңінде де қайталап:

\*) Махамбет өлеңдері. 1939 жыл. 95 бет.

«Кім жеңері талайды,  
Жолдастарым мұңайма!

дейді.

Сүйтіп, ол іс біткен жоқ, бірінші ретте Ордадан ығыстырғанмен Жәңгірдің күшін әлі көріп алармыз, кім жеңері белгісіз, «Жолдастарым мұңайма!» деп қайрат береді. Осы қайрат, осы үмітке ақынның күшті өлеңдерінің бірі «Жайықтың бойы көк шалғын» деген өлеңі. Бұл өлеңді ол бергі бетте өзінің туған жерінен алыста жүріп, хан ордасын шабуға жеткілікті күш жыйнап, жеңу үміті қайта елес берген кезінде шығарған болуы керек.

Жайықтың бойы көк шалғын,  
Күзерміз де жайлармыз.  
Күлісті сынды күреңді,  
Күдірейтіп күнде байлармыз.  
Кұдай істі оңдаса,  
Ісім жөнге келгенде  
Қамалған көп дұспан,  
Әлі де болса қойдай қылып айдармыз!»\*)

деген негізгі арманмен қатар, күш көрсетеді.

Исатай көтерген еңбекші халық туының астына жыйналған күресшілерге Махамбет рухани күш берерлік жыр жырлап, ол күрестің жуық екенін хабарлап, алдағы күрес таңын сарқыла күтеді.

### 3

Исатай бастаған 500 жігіт 1838 жыл 12 июльде Ақбұлақ өзенінің бойында подполковник Гекке мен сұлтан Айшуақовтың әскерлерімен кездесіп, үлкен соғыс болады. Осы соғыста Исатай батыр қаза табады. Исатай Тайман ұлы өлгеннен кейін көтеріліс жасаушылар бытырап кетеді, ұйткені, Қайыпқали Есім ұлы Исатай сыяқты халыққа көсем бола алмайды. Қара бұқара оның соңына ермейді. Сүйтіп, Махамбеттің кешікпей-ақ жауын жеңем деген үміті орындалмайтын болады.

Бар өмірін халықтың қамы үшін сарп етіп, елмен бірге күн-түн қатып, ұлы жорықтың жолында басын пида қылған әрі жан досы, әрі басшы, көсемі—«теңіздей терең ақылды», «арыстан Исатай» дың өлімі ақырға қатты батады. Махамбетке Исатай жай ғана дос емес, «астана жұртын айналып» халық үшін, бұқараны бұғаудан кұтқару жолында құрбан болған қажырлы ер. Махамбетке халықтың мақсатынап қымбат ешнәрсе жоқ, еңбекші бұхара тілегіне өзге тілек оған қажет емес еді. Өзімен тілектес халық батырының өлімі Махамбеттің жеке басының да қайғысы болады.

\*) Махамбет өлеңдері, 1939 жыл, 93 бет.

Кәтерілістің бұл соңғы кезеңінің күйзеліске ұшырағанын ақын Исатай кәсемнің өлуі мен байланыстырады; оның шарықтаған хиялы, қол созған биік арманы өнді қайтып қол жетпестей боп көрінеді. Сондықтан, оның Исатай өліміне арнаған өлеңдері өзінің терең мұңын, көудесін бернеген шерін көрсеткен, ақынның екінші рет басынан кешірген ұлы тартыстары жеңілісін, көңілі қалған өмір күйінің ащы қыл пернесін шерткен өлеңдер. Сондықтан да ол, бұл өлеңін: «Мұнар да мұнар, мұнар күн» деп, қайғы шырмаған жабық көңілді көрсететін образдардан бастайды; өлген досына қайғы азасын айтып, халық тағдырының немен тынарын біле алмай, өз басындағы және ел басындағы күшті күйінішті тереңнен сезініп жыр етеді.

«Бұлаңдай ерді кескен күн,  
Буулы теңді шешкен күн,  
Саңдық толы сары алтын,  
Сапырып судай шашқан күн.  
Түс қылақор құдайым  
Біздей нака мейманасы тасқанға,  
Біздің ер Исатай өлген күн.  
Он сан байтақ бөлген күн...»\*).

Таш осы сыяқты қайғылы сарын Махамбеттің төменгі өлеңдерінен де анық естіледі:

«Арғымаққа оқ тиді,  
Қыл мықынның түбінен.  
Ер жігітке оқ тиді,  
Ауыз омыртқаның түбінен.  
Жантайып жатып көп іштім,  
Жаздықтың шалшық көлінен.  
Қайтейін енді дүние-ай,  
Жағдайсыз кетіп барамын,  
Қасымда көмектің кемінен»\*\*).

Әсіресе, ақынның жанына бататын Исатайдың өлімі. — Сондықтан ол:

«Исатайды өлтіріп,  
Қырсыққа шалған біздің ел!»

деп, бақытсыздықты басшының өліміне тірейді, соны азалайды.

Исатайдың образы Махамбеттің өлеңдеріндегі ең басты образ. Ақынның көп өлеңдерінің геройы осы Исатай батыр, көп өлеңге желі болған соның істері. Исатайға тіке арнап шығарылған «Мінкен ер», «Тарла-

\*) Бұл да сонда 87 бет.

\*\*\*) Бұл да сонда, 105 бет.

ным», «Мұнар күн», «Тайманның ұлы Исатай», «Исатай сөзі», «Қызғыш күс», «Исатай мен Жакыя» және «Исатай деген ағам бар» деген өлеңдерден басқа да халық көсемінің образы Махамбеттің көп шығармаларында айқын суреттелген. Мысалы: «Соғыс», «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны» деген өлеңдерде де Исатайдың образы бірінші қатарда алға тартылады, оның берең пішіні мен, өзгеден озат шыққан адамшылық ісі шебер көрсетілген.

Исатай кұр ғана әдебиет шығармасының геройы емес, ол Махамбет айтқандай, ерекше шыққан батыр, еңбекші бұқараның көрнекті ұйымдастырушысы және дана қолбасшысы. Исатай көпшілікке жақын, сегіз қырлы адам. Осындай ерекше қасиеттер, оны бұқараның көсемі етті: ал халықтың ойлаған ойы, тілеген арманы, мұны оның мінезінің бұқарашылық бағытқа бейімделуіне үлкен әсер етіп, әлеумет үшін қызмет етуіне көп себепкер болды. Исатай бастаған халықтың ірі істері оның жеке басындағы талай асыл қасиеттерін жарыққа шығарды, оның атын мәңгілік етіп тарихта қалдырды. Жеке басының қамын жалпы халықтың мүддесіне байланыстыра білу — Исатайдың адамшылық қасиетіне өзгеше көрік, өлмес даңқ береді. «Исатай батыр бар өмірін осы халықтың күресіне кұрбан етті. Ешқандай сын, ешқандай жеке бастың қайғысы оның темірдей еркін қайыстыра алмады. Ол соғыста бір баласынан айрылды, бір әйелін қазаға ұшыратты және бір әйелі мен екі ұлын дұшманның қолына түсірді. Бұл зор қайғы. Бірақ, о да батырды мойынта алмады, оның жүрегіне өжетті кекті қайната түсті, өзінің және халықтың қайғылы азаптары оны шынықтырып жіберді» деп жазады Рязанов\*).

Күнделікті өмір тұрмысында көрген Исатайдың үздік қасиеттері Махамбетке оны батыр етіп, көтерілістің көсемі, ерекше күшті, тапқыр ақылды, қайыспас берік, мақсатқа жету жолында қажымай қайрат етуші асқар биік жан етіп суреттеуге мүмкіндік берді.

«Таудан мұнартып ұшқан тарланым  
Саған ұсынсам қолым жетер ме?!  
Арызым айтсам өтер ме!  
Арыстаным көп болды-ау,  
Саған да менің арманым!»\*\*)

Кер мыйығым кербезім,  
Көріскендей шандозым!  
Кұландай ащы дауыстым,  
Кұлжадай айбар мүйіздім!  
Қырмыздай ажарлым.

\*) А. Ф. Рязанов—«Исатай Тайман ұлының көтерілісі» 98 бет.

\*\*) Махамбет өлеңдері, 1939 жыл, 85 бет.

Хивадай базарлым!  
Теңіздей терең ақылдым!  
Тербенбес ауыр мінездім!

Исатайға берілген мінездеме аса көркем, өте әсерлі эпитет, метафора, теңеулер арқылы суреттеуде қазақ тілінің сөз байлығы, ауыз әдебиетінің оның ішінде батырлар жырының ықпалы Махамбет поэзиясына күшті әсер еткен деуге болады. Исатайға қолданған «ер» деген эпитет те, оны сұңқармен, құлжамен, арғымақпен, арыстанмен теңеуінде де халықтық ауыз әдебиетінің әсері жатыр. Осы сыяқты батырлар жырының рухында Махамбет Исатайға әсірелеумен де көп мінездемелер береді.

Мұндай мысалдарды өте көп келтіруге де болады. Мұның бәрі Махамбеттің Исатай образын жасауда ауыз әдебиетіндегі батырлар жырының үлкен ықпалы болғанын дәлелдейді.

Қазақ эпосын зерттеген академик А. С. Орлов «ескі былиналардың» негізгі бір белгісі жеке мотивтен көрі әлеуметтік мотивтің басымдығы, батыр—бір образда коллективтік күшін бейнелейтін адам. Алай да, осының өзінде де ру аристократиясының ниеті мен идеологиясы көрсетілген» дейді\*).

Академик Орловтың көрсеткен бұл әлеуметтік мотивтің басымдығы, коллективтік күшін көрсететін образ екендігін Исатай батыр жөніндегі Махамбет өлеңдеріне де тән нәрселер. Дегенмен, әңгіменің бәрін ескі ауыз әдебиетінің дәстүріне тіреу дұрыс та болмас еді. Үйткені, Махамбет Исатайдың образын өзіне ғана тән жаңалық, оригиналдық түрмен жасады. Бұл Махамбетті ескі ақындардан да, ХІХ ғасырдегі және өзінен кейінгі ақындардан да ерекше етіп көрсететін қасиеттер.

Батыр образын Махамбет тарихи жағдайлармен байланыстырды. ХІХ ғасырдың 30 жылдарындағы қазақ аулында болған тап қайшылықтарының шиеленісуі бұл образға тыңнан әлеуметтік қасиеттер берді. Исатайға берген мінездemesінде ақын батырды ақсүйек—феодалдар тілегінен аулақ етіп көрсетті. Махамбетше Исатай батыр—халықтың қорғаушысы болғанда жалпы халықтың қорғаушысы емес, оның ішінде еңбекші бұқараның қорғаушысы.

«Атына тұрман болсам деп  
Жолына құрбан болсам деп—»

тілек етті Исатай дейді Махамбет «Тарланым» деген өлеңінде. Ақын Баймағамбетке айтқан өлеңінде Исатайға да, өзіне де тап осы сыяқты мінездеме береді.

\*) Академик А. С. Орлов «Қазақтың батырлық эпосы» 22 бет.

«...Таудағы тарлап шұбар біз едік.  
Исатайдың барында,  
Қара қазан, сар бала  
Қамы үшін құлаш сермедік»

деп, Исатай мен екеуінің еңбекші халық үшін қызмет еткенін ашық айтты.

«Ханның кірген ақ орда,  
Бұзуын ойлап кеңестік.  
Аламанға жел бердік,  
Аса жұртты меңгердік,  
Қара қазақ баласын  
Хан ұлына теңгердік\*»).

Еңбекші халық көсемі Исатай батырдың әлеуметтік басты қасиеттерінің бірі — хан, сұлтан, би, қожаларды жек көру, «қара қазақ баласын» — еңбекші бұқара баласын «хан ұлына теңеру», әлеумет өмірінде екеуін тең ету. Исатай өлгеннен кейінгі батырға берген Махамбеттің бағасы да осы қара халықтың қамы үшін күрескен ұлы мақсаттарына сәйкес, Махамбет:

«Тайманның ұлы Исатай,  
Ағайынның басы еді,  
Алтын ердің қасы еді  
Исатайды өлтіртін  
Қырсыққа шалған біздің ел».\*).

деп, елдің бақытсыздығын батырдың өлімімен байланыстырады. Махамбет Исатайдың батырлығы мен ақылдылығын айтқанда кұр мақтау үшін айтпайды, оның асқан ерлікпен, «теңіздей терең ақылын» еңбекші бұқараның мүддесін қорғап ханға қарсы күреске жұмсаранын мадықтайды. Бұл ақынның Исатайға берген мінездемесіндегі айрықша жағы, қара бастың қамынан халықтың қамын батырдың жоғары коюын көрсеткен жағы деуге болады.

Үгітші ақынға көсем батырдың образын кыйлапсыз етіп көрсету керек болды. Үйткені, бұқара көпшілігі оған еліктеуі қажет еді, көтерілісшілер оның соңынан мүлтіксіз сеніп еруі тиіс еді. Сондықтан, Махамбет көп өлеңдерінде Исатай батырдың образын кыйлапсыз етіп көрсетуге тырысқан, «Тарланым» және «Ерлердің ісі бітерме?» деген өлеңдері осы мақсатқа арнап шығарған өлеңдер болатын.

«Балдағы алтын құрыш болат —  
Балдағынан қанға боялмағ,  
Қасарысқан жауына

\*) Махамбет өлеңдері—1939 жыл. 110 бет.

\*\*\*) Бұл да сонда, 89 бет

Қанды көбік жұтқызбай

Ерлердің ісі бітер ме?»\*)

деп үгіттейді достарын Махамбет. Ол, осы ақылды Исатайға да үйреткен бұлуы керек. Махамбеттің іске батыл кірісуді қолдағанын, көтеріліске дейін де, көтеріліс үстінде де Исатайдан іске мықтап кірісуді талап еткенін біз жоғарыда айтып өттік. Бұл мотив оның өлеңдерінде де кездеседі. Махамбеттің осы күнге дейін жарыққа шықпаған «Исатай сөзі» деген бір өлеңі бар. Бұл өлең Исатай мен Махамбет арасындағы қарым-қатынасы жөнінде үлкен маңнасы бар шығарма. Бұл өлеңде «сөзді» Махамбет Исатайға өз аузынан айтқызады. Сол арқылы көтеріліс үстіндегі екеуінің екі пікірде болғанын аңғартады. Осыған қарағанда көтеріліс көсемі Исатай батырдың тактикасын Махамбет үнемі мақұлдап отырды деп тошшылауға тура келмейтін тәрізді.

Бұл өлең Исатай өлін, көтеріліс басылғаннан кейін шығарылған тәрізді. Үйткені, мұнда «Алғашқы дүние», «Тағдырдың ісі» деген діншілдеу философиялық қортындылар және (элегиялық) мұңаю үні барлығы байқалады. Мұндай өлеңдер оның ілкі күрес қарқыны үдей тұрған кезіндегі шығарылғандарынан көрі, өмірінің соңғы кезіндегі лирикасына жақын. Мұндағы бір мәселе, көтерілістің жеңіліс табуына не себеп болды деген сауалға ақынның жауап беруге тырысқандығы, өте мөте көңіл бөлетін нәрсе. Махамбет қай кезде болсын Исатай жөніндегі өз пікірін үлкен зетпен, сыпайы сөйлеп, өлген досының абройына кір жұқтырмауға тырысты, сондықтан ол батырды өз атынан айыптамай, оның өзіне-өзін төреші етеді. Сүйтіп, Исатай өзі туралы былай дейді:

«Қерлықта жүрген халқыма,  
Бостандық алып берем деп.  
Қырықбір жасқа келгенде,  
Ауыр әскер қол ертіп,  
Жасқұсқа барып кіргенде;  
Арыстандай ақырған,  
Айбатыма шыдамай,  
Хан баласы жылады-ай.  
«Жанымды қой» деп сұралай.  
Ақкөңіл аңқау жүрекпен,  
«Беремін» деп мен тұрдым.  
Бәк бедеуді бауырлап,  
«Шабамын» деп сен тұрдың.  
Исатай басшы білсін деп,  
Ауыр әскер қол тұрды.

\*) Бұл да сонда, 90 бет.

Қырық біржасқа келгенше  
 Өз дегенім болмаса,  
 Өзгенің тілін алмаған,  
 Бісі ақылы қонбаған,  
 Қанша айтсаң да болмадым,  
 Сөзіңе құлақ салмадым!...  
 «Хан сөзіне сенгенім,  
 Он күн сүрек бергенім,  
 Әскерімді таратып,  
 Он бір күнге қаратып,  
 Бекетай кұмға келгенім...  
 «Атаңа нәлет хан ұлы,  
 Тілегін сұрап алғасын,  
 Өйлағаны болғасын,  
 Патшаға хабар салдырып,  
 Патшадан солдат алдырып,  
 Халқымды қойдай қырдырып» дейді.

Бұл жерде Махамбет көтерілістің құлауына себеп: Исатайдың батыл қыймылдамағанын, ханмен келісім арқылы халық тілегін орында-  
 там деген жалған жолда болғанын, ханның алдарқатып уақытты ұтқа-  
 нын, сондықтан, Орынбордан патша әскері келіп үлгіргенін, осы істері-  
 нің хателіктерін батырдың өзінше мойындатады. Ешкімнің сөзін тыңда-  
 мағанына, Махамбеттің әлде неше рет айтқан ақылын алмағанына Иса-  
 тай қатты өкінеді. «Жылапшың құйрығын бастың, басын ез, әйтпесе  
 өзіңді шағады» деген екен Махамбет Исатайға деседі халық. Осыған  
 қарағанда, батыр Махамбеттің ақылына құлақ қоймағандығы мәлім.  
 Исатайдың халық қорғанышы екеніне, оның мүддесін қорғау үшін  
 басын құрбан еткеніне шек келтірмесе де, ақын бұл өлеңде батырдың  
 батыл қыймылдамағанын ілік етеді, қанға қарсы күрестің онша тың-  
 ғылықты болмағанын айқындайды.

Мұндай тактиканың аса зиянды екенін ол кезде ұққан адамның  
 бірі Махамбет Исатайдың өз заманының Махамбеттен басқа мұны тү-  
 сінген адам ілуде біреу-ақ. Исатайдың бұл қатесін кейінірек тарихшы-  
 лар тауып көрсете бастады. Тайман ұлының көтерілісін зерттеген  
 А. Ф. Рязанов кітабында былай деп жазады.

«Өзінің екі-үш мың жігітімен хан ордасын талқан ету оп-онай еді.  
 Алай да, Исатайдың амалының түріне қарағанда ол орданы күшпен  
 басып алу ниетінде болмаған сыяқты. Сірә, оның жақын старши-  
 наларының көбі хан Жәңгірді құлатқысы келмеген болуы керек.  
 Олардың көбінесе талап еткені: хан өзінің барлық советниктерін  
 өзгертіп, сұлтанарды орнынан алып, әсіресе, Балқы би мен Қара-  
 уыл қожаны құртып, олардың орнына Исатай жақтас адамдарды



кою. Осылай еткенде ғана үкімет билігі қайтадан ру басшыларының қолына көшіп Жәңгір ханның үкімін ауыздықтаған болар еді»<sup>\*</sup>).

Исатай мен Махамбет бастаған көтерілістің тарихын зерттеушілер бұл қозғалыстың әлеуметтік мәніне баға бере келіп, олар көтерілісшілердің бастапқы кезде шабап қыймылдап, келісім жасау ниетінде болу себепті тап қайшылықтарын толық түсінбеуінен және басшылардың феодал табынан шыққан ру старшиналары екендігінен деп біледі.

Бұл сыяқты көтерілістің жеңілуіне себеп болған басты және терең мәселелер ол кезде Махамбетке қараңғы еді. Алай да, ол күрестің батыл жүргізілуін талап етіп, келісім жасауға жалтақтаған екі ұшты тактиканы жаратпады.

Көтеріліс күшпен басылып, ашық майданда еңбекші бұқараны бастаушы боздақтары қаза тапқаннан кейін Махамбет поэзиясында мұңайған сарын пайда бола бастады. Бірақ, бұл мұнаю күрестен бездіріп, алдағы ұлы мақсаттан үміт үздіретін сары уайымшылыққа салыну сарыны емес, бұл тек қана бір кез асқақтап, бір кез бәсеңдеп, қайта шарықтауға ыңғайланған ақынның ой толқыны сыяқты. Үйткені ақын халыққа сенеді, халықтың негізгі тілегі түбінде орындау мүмкіндігіне шек келтірмейді, сондықтан, ол қашан да болса халықтың қайта көтеріліс:

«Күндердің күні болғанда  
Өзіңнен мықты жолықса,  
Ту сыртыңнан жармай алар өгінді!»

дегенді естен шығармайды. Баймағамбет сұлтанға тоқтай тұр, «өзіңнен мықты шығады» деп ескертеді және соның шығуына күмән келтірмейді. Бұл сенім ақында әлде қалай туған сенім емес, бұл езілген еңбекші елдің ұлы күресінде олардың елдік ерлігіне әбден сенушіліктен туған сенім. Шынында да қанаушы таппен күрескенде езілген бұқара күлдік бұғауынан өзге ешнәрсе жоғалтпайды, олар бәрінен айырылып болған. Қанішер қанаушы топтың уәкіліне Махамбеттің:

«Өзекті жанға бір өлім  
Орпаңды талқан қылып шабармын!»

дейтіні де сондықтан.

Көтеріліс басылғаннан кейін де күресті жанғырту ниетінен Махамбет қол үзін көрген жоқ. Оның «Айныман» деген өлеңі бұған дәлел. Бұл өлең «Көлденен сөзден» камығып, ақынның нағыз тарыққан кезінде шығарылған өлең болуы керек. Бірақ Махамбет сондай ауыр минуттарда да негізгі мақсатқа жету жолынан таймаған.

«Айтсадағы айныман  
Көлдененнің сөзіне.

<sup>\*</sup>) А. Ф. Рязанов—«Исатай Тайман ұлының көтерілісі» 63 бет.

Әшкере болған ісім бар  
Жайылған жұрттың көбіне.  
Кеткенім жоқ олжа үшін,  
Кетіп едім елімнен,  
Атаңа нәлет Жәңгірдің —  
Қан жылаған заңы үшін.  
Баданамды баса бөктеріп,  
Қасыма жатқан жолдас ертіп,  
Күн-түн қатып жүргенмін.  
Ана Парында жатқан  
Жас баланың қамы үшін»\*) — деді.

Махамбеттің Ішкі ордан кетіп, Жайықтың бергі бетіндегі Кіші жүз елін тұтас көзіп, жаңадан күш жыйнап, қайтадан күреске дайындалғанын дәлелдейтін нәрсе оның хаты. Хатты ол Хивадан қайтқаннан кейін, «Кұландай ащы дауысты, кұлжадай айбар мүйізді» ер Исатай ханы Аллақұлмен сөйлескенін, жәрдемге әскер алмақшы болғанын жазды. «Әскер шығардың алдында ханға (Хива ханы — Қ. Ж.) тағы бір жолығын шығам, әрілегенде әскер осы алдымыздағы жаз шығаты» дейді ол хатында.

Осыған қарағанда, патша үкіметіне, оның оң көзі — іштегі Жәңгір өктемдігіне қарсы Махамбет Кіші жүз түгіл Хивадан күш жыйнап шықпақ болғаны даусыз. Алай да оның бұл тілегі орындалмады. Қылышынан қан тамған хан, сұлтан мен патша үкіметінің саясатына қарсы бас көтерушілерді қатал шаралармен әбден тұқыртып, көтеріліске араласқандарды жазалап жер аударып, қатеріге айдалы. Елдің де, ел қамын жеген ердің де сағып сындырып, бас көтерместей етіп тастады.

Міне, осы сыяқты үлкен ауыр кезеңдерде Махамбет сыяқты сезгіш, от жүректі ақынның жалынды өлеңдерінде аздап мұң күйі естілуі табиғи нәрсе еді. Халықты мейлінше сүйген, сол халық үшін өмір бойы жанын сала қызмет істеген Махамбетке туған ел, туған жерден аулақ, әділсіз үкімді правитель сұлтандардың, хандардың қысымынан ығысып, көздеген мақсатқа жете алмай сарсылып жүру — өте ауыр, өте мұңды еді. Ол өзін лашын құстың рахымсыз текнінмен көлінен айрылған қызғышқа қарсыма-қарсы қойып, хан Жәңгірдің екпінімен еріксіз тастап кеткен Парынын сағынып жыр етеді. Бастаған ұлы ісі кемеліне келіп, жеріне жете алмай қалғанын арман етеді.

«Мұндағы ерлер болмаса,  
Менің айтқан сөзлерім,  
Кұлағына жаман жеткісіз» деп, күйінеді.

\*) Махамбет өлеңдері, 96 бет.

Хан алдында тізе бүкпей, жарасын келісімге келмей, елден қуылып жүргенін Махамбет кемшілік деп білмейді. Еңбекші халықтың мүддесін қорғап, сол үшін қысымға кездескенін ол жақсы сезеді, бұл жолын өзі дұрыс жол деп бағалайды. Ешбір өтірік-өсек, ешбір жала, айып оның адамдық қасиетіне кір келтіре алмақ емес, ол өмірдің қыйыншылығына қайысын бас иген ұсақ жандардан өзін анағұрлым биік санайды. Мұндай бас июшілікті ол жігіттік деп танымайды. Махамбеттің сүйетін нәрсесі — кейде тура мағанасында, кейде ауыстыру, немесе, параллелизм түрінде хан-сұлтандарға қарсылық еткен адамдардың рухани күшін басқаларға үлгі ету:

«Ту түбіне тұлпар жығылса  
Шаппаған нәмәрт оңар ма?!  
Қарындастың қамы үшін,  
Қатын менен бала үшін  
Қайырылмай кеткен жігіттің  
Өзін қатын алғанын —  
Талам деп айтсаң болар ма?!  
Асқар, асқар, асқар тау,  
Асқар таудың бүркіті  
Ылдыйдың аңын шалар ма?!  
Лашын, сұңқар жүн төксе  
Далала қалған сүйек деп  
Шеніне қарға желар ма?!» дейді\*).

Көнілін шарықтатқан ұлы көтеріліс күні әрілеп, алыстаған сайын, еңбекші бұқараны феодалдар мейлінше қанап езген сайын Махамбет мұңая түседі, оның өлеңінде шер толқыны ұлғая береді.

«Асыра келіп ойласам,  
Бұл заманның шағында,  
Махамбеттей зарығыш,  
Мұңды болған қайла бар?»

деп, жалғыздық кұшағында шерлі болған ақын, ол «жалған дүниеге», зұлым тағдырға мұңын шағады. Әйтседе, тап осындай тарыққан кезеңдерде де ақын өмір тілегінен аулақ, құр философиялық хиял, өрнексіз ойға салынып кетпейді; заманның сұм ағымына, әлеуметтік өмірде әділсіздіктің күшейгеніне қынжылады.

«Заманым менін тар болды,  
Тура әділдік биде жоқ» деп,  
ел басқарушылар әділдіктен айрылды, биде де, байла да она жоқ, халық қамауда, жаншылуда, оның қамын ойлайтын жан жоқ:

«Серкесінен айрылып  
Сергелдең болған біздің ел» деді.

\* ) Махамбет өлеңдері, 89 бет.

Акын өз басы үшін емес, халықтың қамы үшін қайғырады; онын ұлы арманы шын жүрегімен, жан-тәнін фида қылған жұртына бүкіл өмірін кұрбан қыла алмағанына өкінеді, бұған, зұлымдық иесі хан Жәңгір кінәлі:

«Мені елден айырған  
Хан Жәңгірдің өкпіні» —

дейді акын.

Ұлы орыс халқының атақты революционер — демократ сыншыларының бірі Н. А. Добролюбов әдебиеттің міндетін былай деп байымдайды.

«Жалпы айтқанда әдебиет халық үшін күресетін құралдың бірі; оның міндеті үгітте, ал оның шын бағасы қалай үгіттеуімен дәріптеледі» \*).

Сол айтқандай — Махамбет поэзиясының ең күшті, ең құнды жағы халық үшін қызмет істеуінде, еңбекші бұқара мүддесінің кәдесін асуында. Мұны біз жоғарыда көрсетілген Махамбет шығармаларының әлеуметтік мазмұнын талдаумен дәлелдедік.

Махамбет сөзсіз көтерілісші елдің ақыны болды. Ол ақсүйек феодалға қарсы күрескен қазақ еңбекшілерінің арманын, ойын, мұңын жырлады оның саяси лирикасына тақырып болған да — осы халықтық мәселелер. Оның үгіттік күшінің де қай дәрежеде екенін айқындайтын нәрсе, оның өлеңдерінің осы жұртшылық тілегімен қабысуында, үгітші, акын, жауынгер акын тек қана қылыш, найзамен жауға шапқан жоқ, оның өлеңдері де дұшпанын түйрейдін найза, халықтың сана-сезімін оятатын әділетсіз үкіметке қарсы наразылықты күшейтетін таптырмас құралдың бірі болды; күресшілік — үгіт ролін атқарды. Әсіресе, акын өлеңдерінің ең көрнекті, ең бағалы жағы осында.

Махамбет поэзиясын біз марксизм-ленинизм көзқарасымен бағалап, осы шын ғылыми түрде зерттеуіміз керек. Бірақ, Махамбеттің шығармасынан бүгінгі біздің көзқарас, біздің дүние тануымызды талап етуге болмайды. Үйткені, Махамбеттің өмір сүрген заманы мен біздің қазіргі социалистік заманымыздың арасында үлкен-үлкен айырмалар бар, сол айырмалар, бізге өткен мәдениетті сынап отырып, нағыз керегін ғана кәдемізге асыруды талап етеді.

Міне, осы тұрғыдан қарағанда, Исатай, Махамбет бастаған шаруалар көтерілісі басынан аяғына дейін мүлтіксіз, қайшылықсыз деп қарауға болмайды. Әсіресе, олардың көтерілісінің соңғы дәуірі, Хива, Қайыпқали мен уақытша болса да одақтасуы, алдыңғы кездегі көтерілістің барытынан өзгешерек және оған дақ салатын жәйттің бірі болатын. Әрине, бұл кезде де өзінің Хивадан көмекке алған бар күшін, ежелгі жауы хан, сұлтандарға қарсы жұмсау тілегі басым еді. Бірақ, келешектің көзімен қарағанда Хивамен одақтасып, онымен тілек қосқаннан да, пат-

\*) Добролюбов, Толық жыйнағы.

ша үкіметіне бой ұрудың анақұрлым болашағының үлкендігі және даусыз болатын. Мұны олар түсіне алмады. Ол дәрежеге олар көтеріле алған жоқ. Бұл сыяқты алдын болжарлық саяси ойдың пісіп жетпегендігі Исатай Махамбеттің айыбы емес, тарихи кезеңнің жемісі еді.

Әйтсе де, көтерілістің оның айнасы болған Махамбет поэзиясының екінші жағы бар. Ол: шаруаларды хан сұлтанардың қанауынан құтқару жолындағы ерлік күресті басқару, халықты хан, феодалдарға қарсы бостандық теңдікке үндеу, ер сол идея үшін алысып, ақын сол идеяны жыр ету. Бұл Махамбет поэзиясын бізге мәңгі өлмейтін құнды мұраның бірі етеді.

#### 4

Махамбет поэзиясы өзінің жанр жағынан да зерттеушілердің айрықша көңілін аударуға тиіс. Оның кейбір өлеңдерін лиро-эпикалық түрге жатқызуға болады. Ол өлеңдерінде ақын өмір құбылыстарын Исатай бастаған шаруалар көтерілісімен байланысты тарихи шындық, өз қалпында суреттелсе, сонымен қатар оған өзінің көз қарасын, қатысын, ол жағдайды өзінің қалай сезуінде көрсетеді.

Лирикалық сезінуге бөлене отырып оқығаны баяндау лиро-эпикалық жырларға тән нәрсе екендігі кімге де болса мәлім.

Бұлай баяндау сарыны (мотив) Махамбеттің «Соғыс», «Мінкен ер», «Баймағамбет сұлтанға айтқаны», «Исатай сөзі» деген өлеңдерінде айқын сезіледі.

«Соғыс» — деген өлеңінде Махамбет көтерілісінің әрбір кезеңдерін тарихи оқығаның ізіне сәйкес етіп суреттейді. Кейбір көріністерді баяндау, суреттеулері тарихи фактылармен тығыз байланысты бәлкі отырады. Бір қарағанда осы «Соғыс» пен өрістес бір келкі өлеңдерді тіпті тарихи жыр — өлеңдер тобына жатқызуға да болатын тәрізді. Бірақ, бұл өз алдына жеке тексеруді керек ететін мәселе. Үйткені, ауыз әдебиетіндегі белгілі бір түр саналатын тарихи өлеңдер (лиро—эпикалық жыр емес, қысқа өлеңдер) бізде әлі зерттелген емес. Махамбеттің бұл тектес өлеңдерінің ауыз әдебиетіндегі қысқа тарихи өлеңдермен байланысы барлығы айқын. Бірақ, айырмасы қайсы! — деген сұрақ, әуелі ауыз әдебиетіндегі ескіден келе жатқан қысқа өлеңдердің өзін жеке мәселе етіп талдауды керек етеді. Сондықтан, оны басы ашық қалдырамыз.

Ал біздің бұл жерде айтпағымыз, ақынның тарихи уақығаларды тамаша шындықпен бұлжытпай көрсете алуы. Осы жағынан алғанда оның өлеңдерінің тарихи шындықтың салмағы басымдығы және Махамбет өлеңдерінің тарихи мәні үлкен екендігі аңғарылады.

Қырғыз халқының (сонымен қатар қазақтың да) ертегілері мен

аңыз, өлеңдерінің тарихи мәні туралы Шоқан Уәлиханов (Чокан Валиханов) былай деп жазады:

«Егер жұрттың айтуымен Геродот жыйнаған Гомердің көркем ертегілерімен аңыздарының азда болса, тарихи мәні бар десек, егерде өзгеріліп, мысал тәрізді болып кеткен аңыздардың негізінде оқыйға, шындыққа жататын болса, қырғыздың аталарының өмір тұрмысын, әдет — тұрпын әр жағынан қамтып, белгілі бір жүйеде суреттеген, сол елдің өткен кездегі өмірінің сәулесі болған аңыздарын алып, ол халықтың осы күнгі мінез құлықтарымен және олар жөніндегі тарихи сілтеулермен салыстырсақ, ол аңыздардың тарихи мәні болуы мүмкіндігіне күдіктенбеуіміз керек»\*).

Шоқан Уәлиханов эпос, ертегі — аңыздардың тарихи мәні бар деген бұл пікірін негізінде дұрыс десек, тарихи мәліметпен мұндай араласып жатқан, тарихи уақығалардың нақтылы сәулесі болған Махамбет поэзиясының тарихи мәні зор екендігіне шек келтіруге болмайтыны ашық, талассыз.

Біз жоғарыда Махамбеттің бір келкі өлеңдері лиро-эпикалық түрге жатады дедік. Бірақ, бұл сөзмен олардың ішінде лирика жоқ деген ұғым тұмауы керек. Лиро-эпикалық деген сөздің өзінде сол түсінік бар. Демек, оқыйғаны көруші сырттан бақылаушы ретінде баяндау сарыны Махамбеттің сол Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзінің өзінде де лирикалық жерлер жиі ұшырайды. Өзі мен Исатайдың алға қойған тілек, мақсаттарын өздерінің хан-сұлтандарға қарым-қатынастарын жай баяндау түрінде айта келіп, кей жерлерінде, не лирикалық шегініс ретінде, не ішкі күйінішін сыртқа шығару мақсатымен айтылған лирикалық шумақтарға да аз кездеспейді. Екінші сөзбен айтқанда, Махамбеттің бірқатар өлеңдерінде эпостық баяндау сарыны жалынды лирика аралас келеді.

«Кешегі Исатайдың барында,  
Алақандай Нарынды  
Басушы едік құлаштай!  
Жәбір беріп, жапа етсең.  
Былғанған басым ласықай!  
Мен бір қарға ұстаған қара балта едім.  
Шабуын таппай кетілдім.  
Қайраса, тағы жегілдім...  
Көрмес, келмес деп едім.  
Өз еркіммен бетіңді-ай!»\*\*).

Жалпы алғанда Махамбет тән пәрсе лирика. Махамбет өлеңдерінің негізгі көпшілігі лирикалық өлеңдерге жатады. Сонымен қатар. Махам-

\*) Орыстың императорлық география қоғамының этнографиялық бөлімдерінің запискалары, СГБ, 1904 ж. ХХІХ том, 190 бет.

\*\*\*) Махамбет өлеңдері. Алматы, 1939 жыл, 111 бет.

бет лирикасы өзіне шейінгі қазақ әдебиетіндегі болып келген лирикалық өлеңдерден анағұрлым айырмасы, өзіне тән ерекшелігі де бар.

Махамбет өлеңдері өз басынан көшірген ауыр уалдерді сезіне отырып, терең толғап суреттеумен қатар, ол өз кезіндегі тарихи уақыттармен байланысты туған қалың бұқараның көңіл күйін де көрсете білді. Оның өлеңдерінде өз күйі мен ел күйі ұштасып жатты. Сондықтан оның лирикасын — әлеуметтік сарындағы, саяси үгіттік лирика деп атауға тура келеді.

Қоғамның тапқа бөлінуінің негізінде таптық күрес туады да, сол таптық күрес саяси, таптық жырларды туғызады. Бірақ, бұл жаңа мотивтегі поэзия, көркем лирикаларға өзінен бұрынғы поэзияның әсері болуы да мүмкін. Әйтседе олардың өзіне тән ерекшеліктерінде байқау қиыны емес.

Қоғамның тапқа бөлінуі және сол тапқа бөлінудің негізінде туған тап күресі қазақтың фольклорінде де айқын көрінеді. Соған қарағанда саяси лириканың бастамасы ауыз әдебиетінде жатыр деуге болады. Демек, Махамбеттің саяси ауыз әдебиетінде бір тамыры фольклор традициясымен байланысты. Жалпы саяси лириканың өзіне қас ерекшелігі-үгіт нәсихат істерді көпшілікке үндеу белгілі бір топтың, же таптың алдында тұрған тілек, мүддесін көркем сөз арқылы көпшіліктің сана-сезіміне жеткізу, үгіт арқылы оларға әсер ету болса, Махамбет поэзиясында бұл бағыт қатты сақталады.

Біз жоғарыда, да, Махамбеттің, өмірімен байланысты Ішкі Бөкей ордасының шаруашылық жағдайын әлеумет өмірінде тап-тартысын күшейтті, сол қайшылықтармен байланысты шаруалар көтерілісі туды дедік. Ол көтеріліс өзінің қолбасы батырымен қатар, жалынды үгітшісінде туғызды. Бұл тәрізді тарихи жүкті мойнына артқан адамның бірі Махамбет. Сондықтан да Махамбет поэзиясының басты қасиеттерінің бірі саяси үгіт болуы заңды. Бірақ саяси үгіт поэзиясын жасаушы тарихта жалғыз Махамбет емес, басқалар да болды. Әйтсе де, солармен салыстырғанда да, Махамбеттің тағы өз ерекшелігі бар. Бізше, Махамбеттің негізгі ерекшелігі оның бір сырлы, сегіз қырлылығында. Махамбет өлеңдері тек жалаң кұрғақ үгіт емес, оның өлеңдерінде жалынды, саяси өткірлікпен, терең ой, нәзік сезім әрдайым ұштасып, біте қайнасып жатады. Махамбет өлеңдерінде бұл үшеуінің жігін ашып, бөліп алуға болмайды. Осы қасиеті, Махамбетті көтеріліс туын көтерген әрі жалынды үгітшісі, әрі ардақты ақыны етті. Бұл мазмұн Махамбет өлеңдерінің кұрылысы мен түріне де әсер етті. Түр мазмұнның түрі болуы қажет деген шартқа Махамбет поэзиясы толық жауап бере алады. Оның: «Ереулі атқа ер салмай», «Мұнайма», «Айныман» деген өлеңдері, мазмұнына түрі сай, жалынды үндеу сөздер. Махамбеттің досын мақтап, дұшпанын даттап шығарған өлеңдерінің мазмұны күрес идеясын жыр ету болса,

кұрылысы шешендікке толы үгітке арналған отты, өткір сөздер болып келеді де, сөйлемдері қаратпалы, сұрау сөйлемдер болып келеді, не жарлай арнау, не сұрай арнау, немесе риторикалық сұрау болып отырады. Мысал үшін «Мұңайма» деген өлеңін алайық:

«Ханның ісі қатайды,  
Азамат ерден мал тайды,  
Қанды көбе кшініп,  
Бір аллаға сыйынып,  
Ұрандап жауға тигенде,  
Кім жеңері талайды?»  
Жолдастарым мұңайма!...» дейді ақын.

Мұндағы «азамат жолдастарым» деп, достарына қайрыла сөйлеу, сөйлемін риторикалық сұрау түрінде құру, өзінің айтайын деген пікіріне дәл, күреске үндеу тілегіне сай.

Махамбет өлеңдерінде бұл тәрізді үгіт өлеңдермен қатар, лириканың басқа да түрлері бар. Ақынның бірқатар өлеңдері, жоқтау өлеңдердің үлгісінде құрылады.

Қазақ фольклорінде дүние салған адамның тіршіліктегі іс-әрекеттерін әр жағынан алып, толық баяндап жырлайтын жоқтаулар, естіртулер көп. Махамбет өлеңдерінің кейбіреулері фольклорда кездесетін жоқтау өлеңдердің қысқа түріне жақындайды. («Тарланым», «Тайманның ұлы Исатай»). Исатайдың өліміне арнаған «Тарланым» деген өлеңін алсақ, жалпы жоқтаулардың әдісімен, батырдың өміріндегі әр алуан іс, амал, қасиет, мінездерін санап көрсетеді. Бірақ, мұнда да Махамбеттің өзіне тән кейбір ерекшеліктері бар. Махамбет өлеңдерінде Исатайдың өмірін жалпы алмайды, оның өмірінің әлеуметтік-таптық жақтарын алып, батырдың езілуші халық, кара шаруа, еңбекшілердің мүддесін қорғап, феодал, ақсүйектерге қарсы шыққан, шын мәніндегі халық қамқоры болған жақтарын айрықша көрсетеді. Шернияз сықылды басқа жағына ақын тоқталмайды.

Махамбеттің жоқтау тобына жақын келеді деген өлеңдері, оның басқа өлеңдеріне қарағанда фольклормен тығызырақ байланысты деуге болады. Ұйткені, эпитет, метафора, теңеулерін алсақ, көбіне фольклордан алынған поэтик тілдер.

Ал, Махамбеттің кейбір өлеңдері өзінше философиялық бағытқа негізделген өлеңдер болып келеді.

«Қоғалы көлдер, құм сулар,  
Кімдерге қоныс болмаған?  
Саздауға біткен құба тал,  
Кімдерге сайғақ болмаған?»



Басына жібек байлаған,  
 Арулар кімнен қалмаған?  
 Таңдап мінген тұлпарлар,  
 Несін қайда жауға салмаған?  
 Құландар ішпес бұршақ қак,  
 Кімдерге шербет болмаған?  
 Садағына, сары шіркей ұялап,  
 Жау іздеген ерлердің,  
 Қайда басы қалмаған?  
 Ішелік те желік,  
 Мішелік те түселік,  
 Ойналық та күлелік,  
 Абайласаң жігіттер,  
 Мынау жалған сұм дүние,  
 Кімдерден кейін қалмаған?!»\*)

деп, риторикалық сұрай арнау түрінде айта келіп, өмірге өзінше қортынды жасайды. «Толғау» деген өлеңінде де осы тәрізді өмірді шолып келіп, өзінің одан түйгендерін баяндауға негізделеді. Бірінші шумағында ақын термелеп, тыңдаушыларының назарын ақыл кеңесіне аударалы да, онан кейінгі шумақта ақындық шабыттың шарықтауы, ойдың серпінінен туған терең пікірлер айтылады, үшінші шумақта, хан-төренің тағдыры халықпен байланысты, былайша айтқанда, оларды жоқ ету халықтың қолында деген халықтың зор күші екенін еске салады. Ең соңғы жолдарда ақын былай деп өзінше қортынды жасайды:

«Батыр болмақ ойданды:  
 Айқайласып жауға ти,  
 Тәңірім білер жігіттер,  
 Ажалымыз қайданды?»

Махамбеттің бақыт пен тағдырдың айнаымалы екендігін философиялық түрмен қорытқан мына өлеңінен де көруге болады:

«Бұл дүниенің жүзінде,  
 Айдан көркем нәрсе жоқ,  
 Түнде бар да күндіз жоқ,  
 Күннен көркем нәрсе жоқ,  
 Күндіз бар да түнде жоқ,  
 Мұсылманшылық кімде жоқ,  
 Тілде бар да дінде жоқ,  
 Көшбелі дәулет кімде жоқ,  
 Бірде бар да бірде жоқ.

\*) Махамбет өлеңдері. 92 бет.

Азамат ерлер кімде жоқ,  
Еріккен күні қолда жоқ.  
Заманым менің тар болды  
Тура әділдік биде жоқ.  
Бәрін айт та, бірін айт,  
Қаумалаған қарындас,  
Қазақта бар да, мен де жоқ»\*)).

Бұл тәрізді эпитеттік ұйқас, синтаксистік параллелизмге құрып, образдарына философиялық мән беру, ақынды бұл дәуірде дұрыстық, әділдік жоқ деген қортындыға әкеп тірейді де, сондықтан, ақын жалғыздық көріп қасіретке шомады.

Мұнан кейін Махамбеттің кейбір өлеңдерін, әсіресе, оның өмірінің соңғы кезіндегі шығармаларын — элегиялық өлең деуге болады. «Абай-ламай айрылдым», «Нарын» және басқа сол сыяқты өлеңдер өткенді еске түсіруге арналған, жан қасіретін көрсететін, ақынның жалғыздық қайғысын, тарыққан көңілін білдіретін элегиялық мотивті өлеңдер, мұнда оның басында бір зұлым тағдырдың қара бұлты төніп тұрған сыяқты.

«Мен тауда ойнаған қарт марал,  
Табаным тасқа тиер деп,  
Сақсының шыққан қыядан.  
Қайыңның басын жел соқса,  
Қаршыға күс қайғырар:  
Балапаным суға кетер деп,  
Мамығын төккен ұядан,  
О дағы біздей болған сорлы екен»\*\*)

дейді ол.

Махамбеттің элегиялық өлеңдері аса суретті, тамаша көркем. Бұлар ақынның тек жалаң өз қайғыруының сәулесі емес, ол басқа түскен сол кездегі ауыр қалдердің айнасы болды.

Кейбір өлеңдерінде ақын туған елі Қазақстан жерінің табиғат байлығының әдемі көріністерін, ең даланың асқар тау, шыңырау қыялардың айбатты пішінін суреттейді. Өлеңнің көп жерлерінде ақын көшпелі, мал баққан, ит жүгіртпін, күс салған аңшылық, өз елінің өмірінде орыны бар жан-жануар аң, құстардың образын көрсетуге көбірек көңіл аударады. Бірақ, бұл ел табиғат байлығын, жан-жануарлардың әлемін суреттегенде, олардың тек көркемдік сыйпатын ғана көрсету, немесе, тек сұлулық үшін ғана суреттемейді. Мұнда да ақын ел тағдырымен байланысты, өз басынан кешірген қиын-қыстау кезеңдердегі ой, сезімін

\*) Махамбет өлеңдері, 1939 жыл 116 бет.

\*\*\*) Бұл да сонда 106 бет.

оқушылары толық сезінгендей етіп ашығырақ көрсетуге құрал есебінде қолданады. Бұған мына төмендегі үзінді толық дәлел:

Назары қайтқан күн болған.  
Жібектен бауы көнеріп  
Ақсұңқар ұшқан күн болған.  
Бағаналы боз орда  
Еңкейіңкі күн болған.  
Телегей, теңіз шалқыған  
Қоғалы көлдер суланып  
Тізеге жетер жетпес күн болған.  
Жапанға біткен байтерек,  
Жапрағынан айрылып,  
Қу түбір болған күн болған.  
Алқалаған жер болса,  
Азамат басы құралса,  
Мәшурат кеңес сұралса,  
Мәшурат берер едік;  
Исатайдан айрылып  
Алқалай келген кеңесте  
Дәм құрыған күн болған»\*).

Бұл тәрізді элегиялық өлеңдердегі көркем образдардың қайсысын алсақ та, ақынның айтайын деген негізгі идеясына бағыныпқы. Исатай өлгеннен кейін, күрес арқылы жетеміз деген мақсат орындалмай, көтеріліс жеңілгесін хан, сұлтан, феодалдар халықты бұрынғыдан бетер езіп, ел басына ауырмалықты күшейте түсті. Бұл жағдай ақынның поэзиясынан орын алмауы мүмкін емес еді. Ақынның бірқатар өлеңдеріндегі қайғының элементі жоғарғы халмен байланысты болды десек, Махамбеттегі элегиялық өлеңдердің негізі сол жағдайлар деуге болады. Бірақ, бұл сарындағы ақын өлеңдерінде, жауына деген өшпенділік бар, сенбес кек бар, жолдас, жорасына дем беріп, өмірден түңілмеуге шақырып болашаққа сенушіліктер бар. Міне, осылардың жыйынтығы келіп, Махамбет өлеңдерін сары уайымнан аулақ етеді.

Ірі мазмұнға түрін сай етіп шығаруда да шеберлігі күшті.

## 5

Белгілі тақырыпқа суырып салып айту үшін ақынның табиғи дарынды болуымен бірге, ол суырып салмалық техникасын да жақсы білуі керек; өлеңді суырып салып айту үшін алдын-ала қолданатын әдіс те болуы қажет. Олар жаннан шығарып айту үшін заңды бір өлең құрылысының түрін қолданады, (не 11 буынды, не 7—8 буынды) Махам-

\*) Махамбет өлеңдері, 106 бет.

бет өлеңдері кұрылыс жағынан батырлар жырының өлең кұрылысына жа-  
бын. Бірақ, оқушыға әсер ету жағынан, өзіне ертуі жағынан алғанда  
олардан анағұрлым күшті. Жырдың көпшілігі ерікті ұйқасты жеті-сегіз  
буынды, онда тап-тұйнақтай шумаққа бөлу тәртібі бола бермейді. Үйт-  
кені, шумақ синтаксистік бір ойдың тууымен байланысып отырады.  
Сондықтан, жырлар ала шумақты болады. Сол сияқты Махамбет өлең-  
дері де ала шумақты, жеті буын мен сегіз буынның араласып отыра-  
тын жыр түрімен келеді. Бұл ырғақ белгілі тәртіппен келетін он бір  
буынды өлеңнен көрі, шығарып айғуды көп жеңілдететін тәрізді. Бірақ,  
бұл ойдан тез шығарудың негізгі шарты емес, кейде бұл жәй, үйрену,  
дағдылаумен де байланысты. Жыр түрі күреске үндеген, үгіттеу тіле-  
гінен тууы да мүмкін.

Махамбет те тек 7 буын мен 8 буынның араласып келгенін қолда-  
нып қана қоймайды, онда таза жеті буынды:

«Бұл дүниенің жүзінде (7)  
Айдан көркем нәрсе жоқ (7)  
Түнде бар да күндіз жоқ. (7)  
Күннен көркем нәрсе жоқ, (7)  
Күндіз бар да түнде жоқ.» (7)

не 7 буын мен 8 буын аралас келетінінде

«Еменнің түбі сары бал, (8)  
Еріскен көңіл бәрі бал. (7)  
Жоғарыдан төмен төгейін, (8)  
Керегіңді теріп ал!». (7)

немесе:

«Толарсақтан саз кешіп (7)  
Толтамай тартып шығарға (8)  
Қас үлектен туған кәтепті (9)  
Қаранар керек біздің бұл іске (10)

деген тәрізді 7-8-9-10 буындардың араласып келетін өлеңдер де бар.

Махамбеттің өлең кұрылысының мұндай болуы, оның ырғақ пен  
ұйқасты негізгі айтайын деген ойына бағындырғандықтан, екінші сөз-  
бен айтқанда, өлеңнің түрі мазмұнына сай келгендіктен.

Махамбет өлеңдерінде біз үш түрлі ұйқасты кездестіреміз. Олар: ке-  
зекті, шұбыртпалы, ерікті ұйқастар. Ақын көбінесе шұбыртпалы ұйқас  
пен ерікті ұйқасты көбірек қолданады. Үйткені, бұл екі ұйқастың екеуі  
де ақынның ойлаған ойын өлеңмен дәл беруге ыңғайлы, ақынды бел-  
гілі бір заңды өлшеуге бағынған шумақты, ұйқасты өлеңдердей шеңбе-  
рі тарлық етпейді.

1. Кезекті ұйқас:

«Аспаңдағы боз торғай,  
Бозаңда болар ұясы,

Бозаңның түбін суалса,  
Қайғыда болар анасы.  
Қара лашын, ақ түйғын,  
Қайыңда болар ұясы,  
Қайыңның басын жел соқса  
Қайғыда болар анасы».

2. Шұбыртпалы ұйқас:

«Ереулі атқа ер салмай,  
Егеулі найза қолға алмай,  
Еңку-еңку жер шолмай,  
Қоңыр салқын түске алмай,  
Темір қазық жастанбай,  
Қу толағай бастанбай,  
Ерлердің ісі бітерме?»

3. Ерікті-айнымалы ұйқас:

«Алты күндей алаулап,  
Он екі күндей ой ойлап,  
Ақылды алпыс жаққа шаптырып,  
Ақыл жөнге келгесін,  
Толғай-толғай жүгірген,  
Тошырақты суырған,  
Ертеден салса кешке озған,  
Ылдыйдан салса төсте озған,  
Қой мойынды көк жұлын —  
Томаға көзді қасқа азбан.  
Көк жұлынды жетелеп,  
Қыйсық жерден төтелеп,  
Қабырға қол сөгіліп,  
Аррымақ ат бүгіліп.

Ақыретті жанға байланып,  
Талай жүрдік далада  
Әліл жаннан түңіліп» тағы басқалар.

Махамбеттің тілі нағыз халық тілі. Ол өмірдегі бар сөздерден ойып алып керегіне жарата білген. Көшпелі шаруаның шаруашылық тұрмыс жағдайынан туған әрі түсінікті, әрі дәл, әрі көркем сөздер Махамбет өлеңдерінде өріліп жатады. Жауынгерлік кезде керекті қару, жарак, жорық сыйпатын беретін тіл де, халықтың әр жағдай, әр кезеңге арнаған, өмірдің неше қырлы жақтарының бәріне арнаулы данышпандық мақал, мәтелдер де, сезімдегі жылылықпен, көңілдегі өшпенділікті көрсететін

сөздер Махамбет тілінде тізген маржандай қалаулы. Тіл байлығы жағынан және оны қолдана білу жағынан Махамбет атақты сөз ұсталарының қайсысынан да кем түспейді. Оның тілінің аса көркемдік, образдылық, айқын, дәлді қасиеттері: поэтик тіл құралының негізгі түрлері эпитет, теңеу, тропаның, фигураның түрлерін және басқаларын өте ұсталықпен жымдастырып пайдалана алуында.

Махамбет әсіресе, контрастық образдарды, шеңестірудің үздік түрлерін, эпитеттерді жақсы көреді. Ол хан, сұлтан, билерді суреттегенде оларға көтеріліс көсемі Исатай мен басқа жолдастарының ерлік ісін, адамгершілігін қарсыма қарсы қояды. Әлеумет өміріндегі тартысқан екі топты екі төбе етіп көрсетеді. Бірінші образдар тобына ол феодалдар өмірінің жыртқыштық, жатып ішерлік бейнесіне лайықтап эпитеттер қолданады да, Исатай мен оның жолдастарына батырлық, ерлік, алғырлық, күштілік кейіп беретін эпитеттер қолданады. Бұл жалғыз ғана эпитеттер жөнінде емес, оның өлеңдерінде ұшырайтын поэтик тілдің барлық түрі мен әдістеріне бірдей жағдай. Махамбет Исатайды («Арыстан еді-ау Исатай, Арыстан онан кім өткен») деп арыстанға баласа, Баймағамбет сұлтанға: «Сендей нар қоспақтың баласы» деп оған қазақ ұғымындағы әрі нашар, әрі жексұрын жануарға балайды.

Махамбет өлеңдерінде метафора жиі кездеседі десек, ол әсіресе, ұлғайған метафораны өте сүйіп қолданады, мысалы:

«Мен тауда ойнаған қарт марал,  
Табаным тасқа тиер деп  
Сақсының шыққан қиялан»

Махамбеттің үгіттік лирикасында фигура, әсіресе, риториктік сұраулармен жарлай, сұрай арнаулар көп. Бұл оның өлеңдеріне ой сезімді бірдей толқытатын жалынды үңгеу сөздің қасиет және өзіне тән ерекшелік береді.

## 6

Махамбет өлеңінің, әсіресе, көп таралған жері Батыс Қазақстан облысының бұрынғы Бөкей ордасы. Онан басқа Орынбор, Астрахан айналасында, Ақтөбе, Қостанай, Гурьев облыстарында да көп жайылған. Ал Қазақстанның өзге облыстарына Махамбет өлеңдері басылғанға шейін еркін жете алмаған, тек 1923 жылы Махамбет өлеңдері баспадан шыққаннан кейін Қазақстанға тегіс таралған болатын. Қазақ әдебиетінің атақты классигі Абай Құнанбай ұлының да Махамбет өлеңдерін білмеген себебі Абайдың тірі кезінде ол өлкеге жетпегендік болуы керек. Бірақ, Жетісуда туып өскен аты шулы Жамбыл Жабай ұлы Махамбет өлеңдерін жақсы білген.

Батыс Қазақстанда Махамбет өлеңдері ауызша таралған, бұл өлкедегі елдер ақынның көзі тірісінде де, өлгеннен кейін де оның өлеңдерін тегіс білген де және жаттап та алған. Махамбет өлеңдерін жатқа

білетін адамдар Батыс Қазақстан облыстарында осы күнге дейін бар.

Ал, Махамбет өлеңін жатқа білу ақындарға нарыз сыяқты нәрсе болған. Махамбеттің өз заманындағы Шернияз, Қуан, онан кейінгі — кішкене Қобланды, Қубала, Лұқпан, Мұрат, Ығылман ақындар бұл өлеңді жатқа біліп, елден елге жайып, атадан балаға қалдырып келген. Ұлы ақынның біздің заманымызға жеткен өлеңдері сол Мұрат ақынның аузынан Ығылман жаттап, Ығылманнан баспаға беру үшін жазылып алынған. Ақындар Махамбет өлеңдерін кūr ғана жаттап қоймаған және оған еліктеген. Кейінгі ақындардың шығармаларына Махамбет үлкен әсер еткен. 1868 жылы өлген кішкене Қобланды ақынның «Шекті мен айтысы» дейтін бір өлеңі бар. Бұл өлең кūrрылыс жағынан да, образды пайдалану әдісі жөнінен де Махамбет өлеңдеріне қатты ұқсас. Ал Махамбеттің Мұрат ақынға тигізген әсерін алсақ, өзгешелеу, үйткені бұл екеуінің әлеуметтік мәні, дүниеге көз қарасы екі түрлі болды. Феодалдық ру қоғамын өте дәріптеген Мұратқа Махамбеттің төңкерісшіл өлеңдері кейбір түр жағынан ғана ықпалын тигізген. Оның «Шалгезі» мен «Үш княн» деген өлеңдері Махамбетке түр жағынан еліктеумен шығарылған өлеңдер. Ығылман Шөрек ұлының «Исатай, Махамбет» деген үлкен поэмасы да осы Махамбет өлеңдерінің күшті ықпалымен жазылған. Махамбет поэзиясының әсерін біздің жас ақындарымыздың өлеңдерінен де табуға болады.

#### IV. МАХАМБЕТТІҢ ЖАҢА ӨЛЕҢДЕРІ ТУРАЛЫ

Махамбеттің негізгі өлеңдері бірінші рет 1923 жылы Ташкентте басылды дедік. Екінші рет басылуы Алматы, 1939 жылы қазіргі оқушыларға ұсынылып отырған бұл жыйнақ толықтырылып үшінші рет басылуы. Басқа басылулары үзінді, оның жеке-жеке өлеңдері ғана.

Махамбет өлеңдерінің бұрынғы баспаларына кірген өлеңдері негізінде Гурьев облысының маңында сақталған, сол өлкеде туып, өскен ақындардың аузынан алынған өлеңдер. Махамбеттің негізгі өлеңдерін ең әуелі жатқа білген Қаратоқай Мұрат ақын да, одан Ығылман Шөреков жаттап алып, 1923 жылғы баспаға шыққан өлеңдерде, 1939 жылғы басылып шыққан өлеңдері де осы Ығылман ақыннан жазылып алған.

1939 жылғы баспасына, бұрынғы баспасында жоқ екі өлең кірді. «Махамбеттің Жәңгірге айтқаны», «Бағаналы терек жарылса». Бұл Батыс Қазақстан Таловка ауданының қазағы Мұрат Құсни ұлынан жазылып, екінші басылуына енгізілді. Осы соңғы екі өлеңі болмаса, басқа өлеңдері түгелдей Гурьев облысының ақындары сақтаған өлеңдер. Бірақ, Махамбеттің туып өскен және Исатай екеуінің ханға қарсы езілуші қара шаруалардың көтерілісін басқарып, сол көтерілістің жалынды жыршысы болып, халық аузына бірінші іліккенде, даңқы жер жарып, ақындық күшіне жұрттың басын идірген жері де қазіргі Батыс Қазақстан, Орда ауданы. Әйтсе де Махамбет өлеңдерін зерттеушілерге,

соңғы кезге дейін, Қазан Университетінің профессоры Васильев жыйнаған бірен-саран өлеңдері болмаса, еш мәлімет түскен емес. Профессор Васильевтің Қазақ ССР Ғылым Академиясының тіл және әдебиет институтына жіберген өлеңдері де Махамбеттің басылып жүрген өлеңдерінің кейбіреулерін Батыс Қазақстаннан жазып алғаны болмаса, жаңалығы жоқ.

Басқа облыс, басқа аудандарға қарағанда, оның туып өскен жерінде, Махамбеттің сөздерін жатқа білушілер көбірек болуы заңды да, орынды да. Расында да солай болып шықты.

1938 жылы, біз Орда ауданында болып, бұрынғы хан орданың тұрған жері Жас кұстан бастап, Теректі, Баршақұм, Жаңқала, қысқасы, Махамбеттің туған жері мен өмір сүрген жерлерін және көтерілістің болған ізімен екі айдан аса ел аралап көптеген материалдар жыйнадық.

Исатай Махамбет жөніндегі ел аузындағы толып жатқан аңыз, қызықты ертегі әңгімелер өз алдына, Махамбет өлеңдерін басынан аяғына шейін жатқа білетіндердің көптігі мәлім болды. Олардың бірқатары біз барғанда елде болмады, бірқатары басқа жаққа көшіп кеткен. Әйтседе, он шақты адамға айтқызып, солардың ішінен 3—4 адамның аузынан Махамбеттің бұрын бізге белгісіз өлеңдерін жазып алдық:

«Әй Махамбет жолдасым», «Мінгені Исатайдың Ақтабаны-ай», «Исатай деген ағам бар», «Арқаның қызыл ізені», «Мен кұстан туған кұмаймын», «Белгілі туған ер өдім», «Арғымақ сені сақтадым», «Арғымақтың баласы», «Қарағай шаптым шандоздап», «Арғымақтың баласы», «Адыра қалған Нарынның», «Еңселігім екі елі», «Атадан туған ардақты ер» не бары төрт жүз жол өлең.

Бұлардың бірқатары Орда ауданы Мешіткұм деген жердегі түйе совхозында тұратын Бекказы деген шалдан, кейбіреулері Орданың өзінде тұрушы, кеңсе қызметкері Насибулла Жанекешовтен, негізгі көпшілігі, Батыс Қазақстан Жаңғала ауданы 20 ауыл, «Бірлік» колхозының мүшесі Қайролла Төлеев деген адамнан жазылынып алынды. Махамбет өлеңдерін бұлардан басқа да білушілер болды. Бірақ, жаңалықтары аз, жоғары үшеуінің айтқандарынан өзгешелігі жоқ. Сондықтан сол үшеуінің айтқандарынан жазылып алынған өлеңдерді жинаққа ұсындық.

Махамбет өлеңдерін жатқа білушілердің ішінде зерттеушілердің көңілін аударарлық айрықша мәні бар айтушылар Бекказы мен Қайролла Төлеев. Бекказы 85 жастағы, Қайролла Төлеев 70 жастағы адамдар. Бұлардың екеуі де Махамбет өлеңдерін жазбасынан емес, бұрынғы ел аузындағы түрінде жаттап алғандар. Осы жағынан алғанда бұлардың бізге берген материалдарының мәні ерекше. Үйткені, басылып жүрген өлеңдердің қолжазбалары болмағандықтан, осы өлеңдер Махамбеттің өзінікі ме, жоқ па, өзінікі болса дұрыстығы қандай деген кейбір күдіктер де болуы мүмкін еді. Ал, мына жасынан білетін айтушылардың жадындағы Махамбет өлеңдерімен басылып шыққандарын салыстырсақ, жоғарғы күдіктерге жол қалмайды.



Бұл айтушылардан Махамбет өлеңдерін жазғанымызда 1939 жылғы баспасы қолымызда болды. Жыршыларға айтқызып, өзіміз кітаптан қарап отырдық. Таң қаларлық пәрсе, 17 жасынан, немесе, 19 жасынан бері білетін (басылмастан талай жыл бұрын) айтушылармен басылып шыққан өлеңдердің арасында айырма мүлде жоқтың қасы. Мұрат, Ығылмандардың айтуларынан түсіп қалған, сондықтан баспасына еңбеген бірен-саран жол, бірлі-жарым шумақтар болмаса, түгелдей баспасындағымен дәл келеді. Бұл жөнінде ең алдымен Мұрат пен Ығылманға үлкен алғыс айтқандайсын. Ал, жоғарғы тізімі берілген жаңа өлеңдер Мұрат пен Ығылманға (Гурьев облысына) ол кезде жетпеген, не халықты тігілей күреске шақырған алдыңғы кездегі күресшілдік сөздері берік сақталып, көтерілістің соңғы кездеріндегі елдің ауыр халымен, ақынның өз басындағы көңіл күйін суреттеген лирикалары ұмтылған болуы мүмкін. Көтерілістің барлық кезеңдерін суреттеген өлеңдері Гурьевтен де көрі бұрынғы Бөкей елінде түгел және берік сақталуы да бізше заңды. Үйткені, барлық күресте, көтерілісте, көтеріліс әбден жеңілгеннен кейінгі ел басына ойналған шоктар мен сойыл да Бөкей қазақтарының басында болды. Бөкей елі мен Гурьевті салыстырғанда, Гурьев қазақтары басқаша жағдайда елі «кіміз кімдікі болса, білек соныкі» дегендей, бұрынғы Бөкей өлкесінде, Махамбет өлеңдерінің әрі түгел, әрі ұзақ сақталуы, Махамбет жыр еткен ауыр күш, ауыр халдерді өз бастарынан тігідей көшіргендігі деп білуіміз керек.

Жоғарғы екі жыршы: Қайролла Тәлеев пен Бекказы қарттардың Махамбет сөздерін баспаға шықпастан 40—50 жыл бұрын білуі және басылып шыққан өлеңдермен олардың білген өлеңдері дәлме дәл келуі, біз жазып алған өлеңдердің де дұрыстығына, шын Махамбеттікі екендігіне шектендірмейді. Сонымен қатар, бұл жазылып алынған өлеңдердің шын Махамбеттікі екендігіне біз тақырып жағынан болсын, идеялық мазмұны стилі, өлеңнің құрылысы, образ, сөз қолданыстары жағынан болсын, өзімізше даусыз, талассыз деп ойлаймыз.

Жаңадан жазылып өлеңдердің негізгі мазмұны: хан-сұлтандар мен қара халықтың күресі, сол халық көтерілісін басқарған Исатай мен оның туының астында болған батыр ұлдардың мезгілсіз өлімін, қайғы етіп, орындалмай қалған ұлы тілекті арман ету, қаныда өткен өмірді, әлде болса, оптимистік романтикалық бағытта жыр ету, әлде болса күресті аңсау.

Бұл Махамбеттің жұртшылыққа мәлім, басылып шыққан өлеңдеріне тән тақырып, идеялық мазмұн. Ел тілегі күрес идеясы Махамбеттің қай өлеңінің болсын негізгі арқауы.

Ақынның жаңадан табылып отырған өлеңдері оның бұрынғы өлеңдерімен жанр жағынан да үндес. Біз жоғарыда, Махамбет поэзиясына тән жанр саяси, үгіттік лирика дедік. Бұл жағынан да бірін екіншісінен айырып болмайды.

Әсіресе, сөз қолданыс, сөйлем құрылымы жақтары дәлме-дәл. Кейбір

жолдары Махамбеттің жұртқа мәлім өлеңдерінің екінші түрдегі қайтала-  
масы екені аң-айқын тұрады. Мысалы: «Ереулі атқа ер салмай» деп  
басталатын өлеңі 19 жол, бірақ, бәрі бір кұрмалас сөйлем. Ең аяққы  
«Ерлердің ісі бітерме?» деген жолына шейін ой бітпейді. Егер осыны  
мағанасына қарап, екінші түрде кұрсақ:

«Ереулі атқа ер салмай,  
Ерлердің ісі бітерме?  
Егеулі найза қолға алмай,  
Ерлердің ісі бітерме?»

деген тәрізді жай кұрмалас болып шығады.

Махамбет олай кұрмаған, айтайын деген ойын түйдектен келіп, аз  
сөзге көп ой сыйғызу заңымен, барлығын күрделі бір кұрмалас сөйлем  
еткен.

Жаңа табылып отырған өлеңдеріндегі кейбір шумақтар, дәл осы  
«Ереулі атқа ер салмай» дың түрінде кұрылады. Тіпті осы өлеңнің ұм-  
тылған жолдары ма дегендей ой келтіреді. Мысалы:

«Қақақулап шақырмай,  
Қанды көбік түкірмей,

Бұзбай кұлан пісірмей,  
Мұз үстіне от жакпай»,

тағы басқалар.

Осы өлеңнің кейбір жолдары дәл сол мағананда, бірақ, басқа сөздер-  
мен, «Ереулі атқа ер салмайдың» кейбір жолдарын қайталайды.

«...Алғашқы алған арудың,  
Ақша бетін солдырмай:  
Ата менен ананы,  
Қайғы менен қатырмай,  
Әлпешті ұлың жат болмай,  
Шайған жалғыз малтаның  
Сатқан да суы ат болмай...»

Өлеңнің бұл жолдары «Ереулі атқа ер салмай» деген өлеңмен тігілей  
байланысты. Мазмұн жағынан қайталау болғанмен, сол мағананы басқа  
сөздермен айтқандықтан және басқа бір өлеңнің контекстінде келіп,  
өзінше жеке өлең кұрап тұрғандықтан, сол жазып алған қалпында жі-  
беріп отырмыз. Мұны сол «Ереулі атқа ер салмайдың» екінші варианты  
деп қарасақ та, не сол өлеңнен үзілген жолдар, не сол сарынмен шыға-  
рылған десек те, түбі Махамбетте жатқандығы даусыз. Біздің бұл жер-  
дегі дәлелдемегіміз тек осы ғана болғандықтан басқа жағын көпшілік  
сынына қалдырғымыз келеді.

Махамбеттің сөз образдары өзіне шейінгі халық әдебиетінің, батырлар жырының үлгісінде болып келсе де, өзіне тән бір ерекшелігі: әрбір образы әрі үздік көркем, әрі терең мазмұнды, логикасы күшті, көп сөздері афоризмге негізделінген десек, Махамбеттің жаңа өлеңдерінен де осыны көреміз:

«Арғымақтың баласы,  
Аз оттар да, көп жусар,  
Талаудан татқан дәні бар,  
Азамат ердің баласы,  
Аз ұйықтар да, көп жортар,  
Дұшпанда кеткен арымен  
Барымтаға түскен малы бар».

Біз Махамбет өлеңдерін зерттеушілер, соңғы табылған өлеңдердің «Әй, Махамбет жолдасым» дегеннен басқа сын стилі, жанры, тілі жағынан салыстыра тексергенде Махамбеттікі екендігіне шәк келтірмейміз. Бірақ, бұл біздің тек өз пікіріміз ғана. Басқа зерттеушілер басқаша пікір ұсынып өзінше дәлелдесе, нұр үстіне нұр.

Біз жоғарыда «Әй, Махамбет жолдасым» деген өлеңді бөлек қалдырдық. Оның себебі: Махамбеттің жаңа табылған өлеңдерінің ішінде бұл өлең түрі стиль жағынан ерекшелену тәрізді.

Ең алдымен бұл: «Әй, Махамбет жолдасым» делініп, монолог түрінде беріледі. Мұндай Махамбеттің бір де өлеңі жоқ, Махамбет әрдайым өлеңді бірінші жақтан сөйлейді. Екінші: өлеңде іс, әрекет, тілек, мақсаттарды, қайғылы халде, әсіресе, ішкі психологияны суреттеуге көбірек орын беріледі. Психологияны суреттеу Махамбеттің басқа өлеңдеріне де жат емес, бірақ, басындағы хал қандай қиын, қандай қайғылы болса да, басқа өлеңдерінде сол ауыр жағдайды ол ерлік, төзімділікпен қарсы алып, оны өлеңмен сыртына шығарылғанда зар мен қайғыдан шыққан сөз емес, ызалы кекке суарылып шыққан сөз етеді.

Міне осы жағы бұл өлеңде жетінкіремейтін сыңалды. Әйтсе де, өлеңнің қашан шығуы мүмкіндігін, мазмұнын және ішіндегі Махамбетке тән образ сөздердің де барлығын еске алсақ, бұл өлең де Махамбеттің өзінікі ғой деп ойлаймыз. Оның мынадай себептері бар: бұл өлең Махамбеттің Исатай қолға түскен күнінен кейін шығарылған. Сондықтан, әрі досы, әрі көтерілістің басшысы, ең жақын адамының ауыр қазасы жапына қатты батқан акынның сөзінен мұң, зардың үні естілуі ғажал нәрсе емес тәрізді, бұл бір. Екінші, ел аузындағы әңгімеде де, кейбір тарихи мәліметте де, Исатай баласы Жақыпты Махамбетке өз аузынан тапсырады. Үшінші, бұл өлеңдерде Махамбетке тән ірі сөз, кесек образдар бар. Олардың бірқатары, басқаша контексте Махамбеттің жұртқа мәлім өлеңдерінде кездесіп отырады:

«Бұрала біткен емендей,  
Қыйсық туған сорлы аған»...  
«Арыстан туған Исатай»...  
«Ақ жүрегім тербеліп,  
Ақ көңілім желденіп,  
Ақсүйектің баласын,  
Қара ұлына теңгеріп,  
Қоныраулы найза өңгеріп,  
Жетімдерге жем бердім,  
Жесірлерге жер бердім»...—  
«Көктей өтіп Жайықты,  
Бір қасық ішкен кара су,  
Жұмасына ас қылдым»

тағы басқалар.

Осы келтірген деректерге қарап бұл өлең де Махамбеттікі болуға тиіс деп ойлаймыз.

Исатай тарихшылардың айтуынша да, ел аузындағы әңгімелерде, осы өлеңнің өз ішінде де өте бір бетті, өз айтқаны болмаса, болмайтын адам болған.

«Қырықбір жасқа келгенше,  
Өз дегенім болмаса,  
Өзгенің тілін алмаған»—

деген жолдар да жоғарғы мәліметтерді растайды. Исатай орданы қаманын қамаса да, оны шабуға келгенде хате жіберді. Ханға он бір күнге сөк беріп, оның есіп жыйнауына өзі мүмкіндік тұғызды. Махамбет шабалық деп бірнеше айтса да Исатай тыңдамаған. Мұндай хатесі оның басқа жағдайда да болғанға үксайды.

Бірақ, Махамбет Исатайды өзінің көсемі деп білді. Әр дайым оны бедел етіп ұстады. Оның хателіктерін іштей сезсе де, тірі кезінде сыртқа шығарып, жарқыншақ жасауға Махамбет барған жоқ, көтерілістің тілек мақсатын басқалардан көрі терең түсінген ақынға, Исатайды зор бедел, көсем етіп ұстау елдің бірлігін сақтау, халықты соның маңына жыйыстыру көтеріліс үшін ең керекті мәселе еді. Сондықтан, оның хатесін сезе, білсе тұрса да оған әрдайым шәк келтірмей ұстады.

1837 жыл аз кісімен Жайықтың бергі бетіне өтіп, Қаракөл, Қарабаудағы елдерге келіп тұрақтаған да, бұл жақтағы елдерге Исатайды, өздерінің Бөкей ордасында істеген істерін баяндап сөйлеген соңғы бір сөзінде Махамбет:

«Исатай деген ағам бар,  
Ақ кіреуке жағам бар,

Хан ұлымен қас болып,  
Қара ұлына бас болып,  
Хан үстіне барғанда,  
«Шабайық ханды» дегенде,  
Шалқандай ханды амал бар,  
Амал барда хан—шаппай,  
Құдай қылды, не амал бар?»

деп, болған қателікті ақын жасырмаса да, одан Исатайды арандалап алып, «құдай қылды не амал бар?» — деп «тағдыр»ға жабады да,

«Ат туады байталдан,  
Айт, десе, лебіз қайтарман,  
Халық қайғысын айтуға,  
Хан ұлынан тайсалман.  
Төрт-бес жылдай алысын,  
Мына отырған Иса екем,  
Ханның бір тауып қайтарған.  
Ат туарма шұбардай,  
Ер туарма бұлардай,  
Дулығалы бас кесіп,  
Дұшпанының қанына.  
Ақ алмасын суардай!»

деп, оның ел үшін еткен ерлік істерін, халықтың жаулары хан-сұлтандарға қарсы күресін асқақтата көтере жырлады. Исатайдың аты мен даңқына қанық болса да, бірінші рет көріп отырған Жайықтың бергі бетіндегі елдерге осылай таныстырады. Өздері ел жыйып, хан-сұлтандарға халықты қайта көтереміз деген шегпен келген ат төбеліндей аз кісі біреуді бедел етіп ұстап, соның туының астына халықты қоғамдастырмаса болмайтыны өзінен өзі мәлім. Қанша қателесті десе де Исатайдан беделді ешкім жоқ. Сондықтан, оның «жаманын жасыра, жақсысын асыра» сөйлеуі Махамбеттің дұрыс та, керек те еді.

«Әй. Махамбет жолдасым» деген өлең Исатай өлгесін шығарылған болуы керек дедік. Мұнда да жоғарғы өлеңдегі кейбір пікірлер қайталанып, кеңейтіліп толықтандырылады. Ақын көтерілістің жеңіліс табуындағы бір себебінің, өзінше, бетін ашпақшы болады. Ол Исатайдың хан орданы қамағандағы жіберген хатасы ханды шаппаушылығы, басқаның кеңесін алмауы, алдануы деп, осыларды жұқалап көрсетпекші болады. Тіріде өзін сыйласа, өлгенде батырдың аруағын сыйлап, ол қателіктердің сыншысын да, төрешісін де батырдың өзі етіп, өзіне сөйлетіп, өзінің айтайын деген ой, пікірін Исатайдың монологі арқылы беруі де осы пікірден тууы мүмкін. Және бұл, яғни, монолог арқылы беру, өлеңнің характерін өзгертетіні сөзсіз. Қай кезде болсын ақын ойын монолог арқылы беремін дегенде, сөйлеуші өзі емес, сондықтан, «сөз де өзінікі емес» қа-

Һармандікі. Соның сезімін, соның сөз сөйлем құрылысын бұлжытпай беру жалпы заң десек, «Әй, Махамбет жолдасым» атты Махамбеттің өлеңінің басқа өлеңдерінен бізге ерекше көрінуіне бұл өлеңнің осы монолог түрінде құрылуы да себеп болуы мүмкін. Үйткені, бұл басқаның аузынан берілетін монолог түрінде жырланатын Махамбетте жалғыз-ақ өлең.

Сүйтіп, өлеңнің шығарылуының өзі өте ауыр жағдай, Исатайдың өлімімен байланысты болуы, сондықтан, кейбір жерлерінде қайғының әлсіз үні естілуі заңды екенін, Жақияны тапсыруы тәрізді мазмұны, ойын монолог арқылы берудің өлеңге екінші түс, басқаша үн беретіндігі, басқа өлеңдерімен сөз образ бірліктерін еске алып, жыйынақтай келгенде бұл өлең де Махамбеттікі деуімізге күдік қалдырмайтыныға ұқсайды.

Махамбеттің жаңа өлеңдерінің жалпы Махамбет еңбектерін терең түсінуіміз үшін мәні зор. Жоғарғы «Исатай деген ағам бар» деген жаңа өлеңі Исатай, Махамбеттің Бөкей ордасынан қашып шығып, 1837 жыл Жайықтың бергі бетіне өткен кезіндегі олардың ісі, әрекет, үгіт-насихат жұмыстарынан ақпар берсе, «Әй, Махамбет жолдасым» атты монолог батырдың көтеріліс кезінде жіберген кейбір қателіктерін өздері де сезіп, ұғынғандықтарып аңғартады. Махамбеттің жаңа өлеңдерінің ішінде, әсіресе ерекше орын алатын өлең «Әй, Махамбет жолдасым» деуге болады. Бұл өлеңнің ең алдымен құндылығы тарихи мәліметтермен көп жерлері дәл келіп отырады. Бұл өлеңнің негізінде тарихи шын болған оқыйға жатқандығына, Махамбет өлеңдері шаруалар көтерілісінің шындық сәулесі екендігіне «Әй, Махамбет жолдасым!» атты бұл қысқа ғана өлеңінің өз-ақ дәлел бола алады.

Өлеңнің бір жерінде:

«Ауыр әскер қол ертіп,  
Жасқұсқа барып кіргенде,  
Арыстандай ақырған,  
Айбатыма шыламай,  
Хан баласы жыладай,  
«Жанымды қой» деп сұрады-ай»

десе, тарихи мәліметте бұл жағдайды подполковник Гекке өзінің Перовскийге 1837 жыл, 5 ноябрьде жазған хатында былай баяндайды: «Хан ордасына аман-есен келдім. Исатай өзіне ерген жасағымен Ордаға 8 километр жерде, Исатайларды әні келіп қалды, міні келіп қалды деп күткен Орда маңындағылардың мүлде үрейі ұшуда көрінеді. Ат төбеліндей топты менің келуім сергіткендей болды. Әскерсіз өзім ғана келіп, оларға тигізерлік көмегім жоқ болса да, хан сол мен келген үшін де қатты қуанды»\*) дейді.

\*) Рязанов. Исатай Тайманов көтерілісі, 60 бет.

Өлеңнің екінші жерінде:

«Ақкөңіл аңқау жүрекпен,  
Беремін — деп мен тұрдым.  
Көк бедеуді бауырлап,  
Шабамын деп сен тұрдың,  
Исатай басшы білсін деп,  
Ауыр әскер қол тұрды»

Қанша айтсаң да болмадым,  
Сөзіңе құлақ салмадым.

Хан сөзіне сенгенім,  
Он бір күн сүрек бергенім,  
Әскерімді таратып,  
Бекетай құмға келгенім»

Осы келтірілген бірнеше жол өлеңдердің тарихи мәліметтерге дұрыстық жағын іздестірсек таң қалдырғандай дәлдіктерін көреміз. Осы мақаланың бас жағында: «Көтерілістің жаны болған Махамбет Өтеміс ұлы», «Исатайды қарулы күреске үндеп, бірнеше рет жетектеуші де сол болды» деп А. Ф. Рязановтан келтірген үзінділер мен қатар, сол хан Орданы қамал жатқанда, Махамбеттің ханмен сөйлесті үзу керек, хан-сұлтандар алдап жүр, оған сенудің аяғы өлім деген пікірде болғандығын айқындайтын да тарихи мәлімет бар. Хан мен Геккенің әскеріне тұтқынға түскен бір адам былай деп жауап беріпті: «Мен, Сарт Еділ ұлына, Шыңғали Орманов сұлтанға өзің барып кешірім сұра дедім, ол көңгендей болып еді, бірақ Махамбет Өтеміс ұлы, өлгің келсе соны жаса, деп керісінше кеңес берді. Сонан кейін Сарт айнып қалды» дейді\*).

«Хан сөзіне сенгенім, он бір күн сүрек бергенім» деп батырдың өзі айтса, Рязанов ол туралы былай деп жазады:

«Хан ставкасына қарсы батырдың ешбір қатты қыймыл көрсетпеуі былай тұрсын, барлық мүмкіншілік өз қолында тұрып, ол хан орданың басқалармен байланыс жасамауы үшін де түк шаралар қолдақбады\*\*») екі жұмадай ханның жауабын күтті; ал, хан мен Гекке Астрахан, Орынборға қағаздар жазып, әскер келгенше, сөйлес жасап, уақыт өту үшін, бұлаң құйрыққа салды дегенді айтады тарихшы Рязанов. «Әй, Махамбет жолдасымдағы», — «Әскерімді таратып, Бекетай құмға келгенім» деген сөзі де, тарихи материалға дәл.

\*) Бұл да сонда, 73 бет.

\*\*) " " 68 бет.

Хан орданы қамап жатқанда, Исатай өзінің соңына ерген үш мың жарым қолдың бәрін ұстап тұра алмай, хан сөзінен шықпаса, қайтадан шабуыл жасау, соғысу керек болса, қолдың жыйналмақ жері Бекетай құмы болады. Кейін өздері хан ордадан шегінгенде Бекетай құмына барып біраз тұрақтап, жасақты жыйнап алады, Бекетайдан Тастөбеге қарай кетерде, қуғыншылардың сол ізбен жүретіндігін сезіп, ол жерлерді өртеп кетеді.

«Бекетай құмынан көшерінде Исатай бұл жердегі пішендердің бәрін өртеп кетті» дейді Рязанов\*).

Міне осы келтірілген аз-маз салыстырулардың өзі де тарихпен байланыстыра отырып, Махамбет өлеңдерін бұрынғыдан да көрі тереңірек зерттеп, тереңірек түсінуде жаңа өлеңдерінің біз үшін мәні үлкен, аса құнды мәлімет деп білеміз.

#### Ескерту:

Махамбет өлеңдерін жыйнау мақсатымен Нарын құмын аралағанымызда, білетін көп адамдарды кездестіре алмадық көбі қоныс аударған, бір қатары елінде болмады. Бірақ, елде оның сөздерін білетіндер әлі көп. Сондықтан, ол жолдастар мұны азаматтық борышым деп, бізге жіберулері керек.



---

\* ) Бұл да сонда, 71 бет.





## V. МАХАМБЕТТИҢ БҰРЫНҒЫ ЖЫЙНАҚҚА КІРІП ЖҮРГЕН ӨЛЕНДЕРІ

### ЕРЕУЛІ АТҚА ЕР САЛМАЙ\*)

Ереулі\*\*) атқа ер салмай,  
Егеулі найза қолға алмай,  
Еңку-еңку жер шолмай,  
Қоңыр саяқты төске алмай,  
Тебіңгі терге пірімей,  
Терлігі майдай ерімей,  
Алты малта ас болмай,  
Өзіңнен туған жас бала,  
Сақалы шығып жат болмай,  
Ат үстіңде күн көрмей,  
Ашаршылық шөл көрмей,  
Өзегі талып ет жемей,  
Ер төсектен безінбей,  
Ұлы түске ұрынбай,  
Түн катып жүріп түс қашпай,  
Тебіңгі теріс тағынбай,  
Темір қазық жастанбай,  
Қу толағай бастанбай\*\*\*)  
Ерлердің ісі бітер ме?

\*) 1837 жылғы Орданы қамағанның соңынан бұларға шегінуге тура келеді. Бұлардың соңына түскен Баймағамбет, Қарауыл қожа бастаған патша әскері айнала қамап, ұстамақшы болады. Бірнеше үлкен соғыстар кейін, қол ыдырап, Исатай, Махамбет 40 шақты адаммен, декабрьдің 12 күні кешке, Жайықтан көктей өтіп, түнде далаға түнейді. Күн суық боран болады. Жолдастарының ішінде бірен-саран қайғырушылық, жылы төсек, қызыл шайды сағынушылар болады. Соларға жігер беру үшін Махамбет табанда осы өленді шығарады. Бұл өлең осындай жағдайда шыққан.

\*\*) Ереулі — ерттеулі ат. Бұрын жаугершіліктің уағында, жолдасының аты оққа ұшса, мінгестіріп алу үшін, басы артық ері болады екен. Ереулі ат — осыдан шыққан сөз.

\*\*\*) Толағай — бас деген сөз.

Әскер жыйып аттандық  
 Бекетай еді тұрағым.  
 Айқайлап жауға тигенде,  
 Ағатай Беріш ұраным.\*\*)  
 Бекетай құмға ел қонып,  
 Байбақты Жұныс аттанды—  
 Қосылуға дөм болып,  
 Құдайлады хан ұлы,  
 Іздеген жауы біз болып.  
 Жау қарасы көрінді,  
 Жыйылған әскер бөлінді.  
 Исатай басшы, мен қосшы,  
 Исатайдың сол күнде  
 Ақ табан аты астында.  
 Дулығасы басында\*\*\*)  
 Зығырданы қайнайды.  
 Астына мінген ақ табан  
 Ақбөкендей ойнайды.  
 Қасына ерген көп әскер  
 Маңыраған қойдай шулайды.  
 Артымыздан келіп қол жетті.  
 Аз жетпеді мол жетті.  
 Жеткен жерін айтайын:  
 Беке құмның басында,  
 Ағаш үйдің қасында.  
 Түніменен түйіндік,  
 Таң атқанша тарандық.  
 Таң ағарып атқан соң,  
 Төңірек жаққа қарандық.  
 Қарай тұрсақ әр жерден:  
 Жау бір өрттей қайнайды.  
 Қайнағанмен қоймайды,  
 Мылтығын қардай боратып,

\*) Исатай, Махамбет 1837 жыл, Жайыққа қарай шегінген кезде, сонынан қуған әскерлерде соғыс болады. Сол соғыстың ішінде ең үлкен соғыс Бекетай дейтін жерде болған. Бұл жерде екі жағынан да көп адамдар қазаға ұшырайды. Исатай Махамбеттің Ерсары, Қалдыбай деген қадірлі жолдастары оққа ұшады. Бұл өлең осы кезді суреттейді. Бірақ, бұл өлең сол 38 жыл Исатай өлгеннен кейін шығарылған болуы керек.

\*\*\*) Ағатай — Беріш руының ұраны.

\*\*\*\*) Дулыға — батырлардың бас киімі. Металдан жасалады.

Жетіп келді қамалға,  
 Қамалды бұзып аларға.  
 Толғай-толғай оқ атқан,  
 Ол екі тұтам жай\*) тартқан,  
 Қабырғасын қақратқан,\*\*)  
 Тебінгісін тесе атқан,  
 Тізгінінен кесе атқан оқ,  
 Біздің қайсар батырдың  
 Жүрегін сүйтін оятқан.  
 Әскердің алды бөгелді,  
 Қырдан ойға төгілді.  
 Ханның тобы үш атты...  
 Толтың үні шыққанда  
 Сонда батыр жөнелді...  
 Жөнелмей батыр не қылсын  
 Ерсары менен Қалдыбай  
 Екі арыстан тең өлді.  
 Жетім-жесір көп қалды,  
 Хан әскері көнелді...  
 Қызғыштай болған есіл ер  
 Қайран да жұрттан не көрді?

#### МІНКЕН ЕР\*\*\*)

Мінкен де, мінкен, мінкен ер,  
 Бұл сықылды неткен ер?!  
 Көлденең жатқан Жайықтан  
 Құралайдың\*\*\*\*) күнінде,  
 Еркек қойдай бөлініп,  
 Қырқарланып өткен ер.  
 Күншығыстың астында,  
 Күнбатыстың түсында,  
 Қарындасым барды деп,  
 Қабырғасын сөксе де,  
 Қанын судай төксе де,

\*) Жай — садақтың оғы.

\*\*\*) Қабырғасын қақыратқан — қабырғасын сөккен деген ұғымда.

\*\*\*\*) Мінкен ер — түсініксіз.

\*\*\*\*\*) Құралай — апрель айында болады. Осы кезде бір жел, қара суық, дауыл соғады. Соны қазақ құралай, — киіктің ылағын өргізген күні дейді. Қазақтың есепшілері осы күн қыстың қай айында, қай күнінде келетінін есептеп шығарады және сол күні не суық, не боран болады дейді. Сол күн 12 декабрде, яғни, Махамбеттердің Жайықтан өткен күнінде душар, келген. Махамбеттің «Құралайдың күнінде» дейтіні сондықтан.

Кайыспас кара нарды деп,  
Маңдайынан күн өтіп,  
Жаурынынан жел өтіп,  
Күн астымен жеткен ер.  
Айтып, айтпай немене?  
Исатайды өлтіртіп,  
Серкесінен айрылып,  
Сергелдең болған біздің ел.

### ТАРЛАНЫМ

Таудан мұнартып ұшқан тарланым,  
Саған ұсынсам қолым жетер ме?  
Арызым айтсам өтер ме?  
Арыстаным, көп болды-ау,  
Саған да менің арманым!  
Кер мыйығым, кербезім!\*)  
Керіскендей шандозым!\*\*)  
Күлаңдай ащы дауыстым,  
Күлжадай айбар мүйіздім!  
Қырмызыдай ажарлым!  
Хиуадай базарлы!  
Теңіздей терең ақылдым!  
Тербенбес ауыр мінездім!  
Садағына сары жебені салдырған.  
Садағының кірісін,  
Сары алтынға малдырған,  
Тереңнен көзін ойдырған.  
Сұр жебелі\*\*\*) оғына  
Тауықтың жүнін қойдырған.  
Маңдайын сары сусар\*\*\*\*) бөрік басқан.  
Жауырыннан күшеген жүнді оқ шынышқан.  
Айқайласа белдік байланған,  
Астана жұртын айналған,  
Атына тұрман болсам деп,  
Жұртына құрбан болсам деп  
Адырнасын\*\*\*\*\*) ала өгіздей мәңдеткен.  
Атқан оғы Еділ-Жайық тең өткен.

\*) Кер мыйығым, кербезім — кер мыйық, — түсініксіз. Мағнасы аң-ның бір түрі болуға тиіс. Кербез — пан, сұлу деген ұғымда.

\*\*\*) Керіскендей шандозым — керіскендей — негізгі керу. Тартысуға, керісуге төзімділік ұғымында. Шандозым — кербездің синонимі.

\*\*\*\*) Жебе — деп садақ оғының қырын айтады.

\*\*\*\*\*) Сусар — аң

\*\*\*\*\*) Адырына — садақтың оқ тіреп ататын тарамысы.

Атқанын қардай боратқан,  
Көк шыбығын қанды ауыздай жалатқан, —  
Арыстан еді-ау Исатай!  
Бұл фәнидің жүзінде  
Арыстан одан кім өткен?!

## МҮНАР КҮН

Мұнар да, мұнар, мұнар күн  
Бұлттан шыққан шұбар күн.  
Буыршын мұзға тайған күн\*  
Бура атанға шөккен күн.  
Булықсып жүрген ерлерден,  
Бұрынғы бақыт тайған күн.  
Қатарланған қара нар  
Арқаның қыйын алған күн.  
Алма мойын аруды  
Ат көтіне салған күн.  
Бұландай өрді кескен күн.  
Буулы теңді шешкен күн.  
Сандық толы сары алтын,  
Сапырып судай шашқан күн.  
Түс қыла көр құдайым,  
Біздей мейманасы тасқанға  
Біздің ер Исатай өлген күн.  
Он сан байтақ бөлген күн.  
Орта белін сырлаған,  
Оқ жаңбырдай жауған күн.  
Он қанатын теріс жайып  
Лашын қууға төнген күн.  
Желшілдеген ала тү  
Жыйырылып ойға түскен күн.  
Жез қарғылы құба арлан,  
Жез қарғыдан айрылып,  
Қорашыл төбет болған күн.  
Аса шапқан құлаша ат  
Зымырандай болған күн.

---

\*) Буыршын мұзға тайған күн — буыршын піштірілмеген күнаныша. «Мұзға тайған күн» — дейтіні, жалпы жас түйе мұзға таймайды. Табанының мөрі тыйпылданбаған, түйяғының қара кұсы мұғалмаған өткір келеді. Сондықтан, мұзға таймайды. Өздері бастаған іс оңына келмегендігін көрсету үшін ақын әдейі керісінше қолданған. Мұзға таймайтын буыршын, мұзға тайған күн болды, дейді.

Арқаулының бойынан  
Теріскей дауы соққан күн,  
Қас бәйтерек жығылып,  
Жығылғаны естіліп,  
Алыстағы дұсшанын  
Қуанып көңіл тынған күн.

### Ұ Л Ы А Р М А Н

Желп-желп еткен ала ту  
Жыйырыш алар күн қайда?!  
Орама\*) мылтық тарс ұрын,  
Жауға аттанар күн қайда?  
Елбек-елбек жүгірген,  
Елбек отқа семірген,  
Арғымақтан туған асылды  
Баптап мінер күн қайда?  
Алаштағы жақсыдан:  
Батасын алып, дәм татып,  
Түлкідейін түн қатып,  
Бөрідейін жол жатып,  
Жаурышына мұз қатып,  
Жалаулы найза қолға алып,  
Жау тоқтатар күн қайда?!!

### Т А Й М А Н Н Ы Н Ұ Л Ы П С А Т А Й

Арғымақтан туған қазанат,  
Шабуыл салса нанғысыз.  
Қазанаттан туған қаз мөйын,  
Күшіне көз көрінім жер шалғысыз.  
Айырдан туған жампоз\*\* бар,  
Нарға жүгін салғысыз.  
Аруанадан туған мая бар,  
Асылын айуан десе нанғысыз.  
Жаманнан туған жақсы бар,  
Атасын айтса нанғысыз.

\*) Орама мылтық — ескі қара мылтықты айтады. Пестоны дымқыл болып атылмай қалатындықтан сыртын шүберекпен орап жүруден шыққан сөз.

\*\*) Жампоз — Татысыз түс айыр түйені айтады. Нар бура мен айыр жігеннен нар болып туса біртуған, түс айыр болып туса, — жампоз — дейді. Жампоздың күші, беріктігі бір туғаннан артық болмаса, кем болмайды.

Жақсыдан туған жаман бар,  
Күндердің күні болғанда,  
Жарамды бір теріге алғысыз.  
Тайманның ұлы Исатай  
Ағайынның басы еді,  
Алтын ердің қасы еді;  
Исатайды өлтіртін  
Қырсық та шалған біздің ел.

## ОРАЙДА, БОРАЙ КАР ЖАУСА

Орай да, борай кар жауса,  
Қалыңға боран борар ма?!  
Қаптай соққан боранда —  
Қаптама киген тоңар ма?  
Туырлығы жоқ тұл үйге  
Ту байласаң тұрар ма?  
Ту түбіне тұлпар жығылса,  
Шаппаған нәмөрт\*) оңар ма?  
Қарындастың қамы үшін,  
Қатын менен бала үшін,  
Қайрылмай кеткен жігіттің  
Өзін кәпір, алғанын —  
Талам\*\*) деп айтсақ болар ма?  
Асқар, асқар, асқар тау,  
Асқар таудың су бүркіті —  
Ылдыйдың аңын шаларма?!  
Лашын, сұңқар жүн төксе,  
Далада қалған сүйек деп,  
Шеніне қарға жолар ма?

## ЕРЛЕРДІҢ ІСІ БІТЕРМЕ

Беркініп садақ азынбай,  
Біріндеп жауды қашырмай,  
Білтеліге\*\*\*) дон салмай,  
Қорамсаққа\*\*\*\*) қол салмай,  
Қозы жаурын оқ алмай,  
Атқан оғы жоғалмай,

\*) Нәмөрт—сертте тұрмаушы.

\*\*) Талам—талақ ету.

\*\*\*) Білтелі — бұрынғының ауыр мылтығы.

\*\*\*\*) Қорамсақ — бұрынғының оқ сауыты.

Балдағы\*) алтын құрыш болат,  
Балдағынан қанға баялмай,  
Қасарысқан жауына  
Қанды көбік жұтқызбай,  
Халыққа тентек атанбай,  
✓ Ерлердің ісі бітер ме?!

## ТОЛАРСАҚТАН САЗ КЕШІП

Толарсақтан саз кешіп  
Токтамай тартып шығуға,  
Қас үлектен туған кәтепті\*\*)  
Қаранар керек біздің бұл іске,  
Қабырғасын қаусатып  
Бір-біріндеп сөксе де,  
Қабағын шытпас ер керек,  
Біздің бұйткен бұл іске....

## ТОЛҒАУ

Еменнің түбі сары бал,  
Еріскен көңіл бәрі бал,  
Жоғарыдан төмен төгейін  
Керегінді теріп ал,  
Қасыма ерген жолдастар,  
Антыңды бұзып айрылма,  
Зейіңді бермен сал,  
Жапанға біткен жасылды-ау,  
Момындардың басы сау,  
Жаманды байқай қарасаң,  
Күндердің күні болғанда —  
Өз басына өзі жау,  
Арғымәк жақсы ат мініп,  
Жеке шығып елімнен,  
Толықсып толғау толғамас,  
Іштегі қызған басылды-ау!  
Жапанға біткен байтерек,  
Жапырағын байқасаң,

\*) Балдақ—деп қылыштың тұтқасын айтады.

\*\*\*) Кәтеп — Жүк арту үшін нардың үстіне салынатын ағаш. Нардың өркеші арасында тұрады да, оны жүк баспайды. «Кәтепті қара нар керек» — үстінде кәтебі бар нар керек деген ұғымда. Үстінде кәтебі бар нар, қанша болсын, жүкті көтере береді.



Жайқалмағы желден-ді,  
Түбіндегі балаусасы белден-ді.  
Хан, төренің кешігін,  
Кідірмегі елден-ді,  
Кешіп өтсек сайдан-ды,  
Шығынды болмақ байдан-ды.  
Ақ-киіктің орытып,  
Жүгірмегі майдан-ды,  
Батыр болмақ ойдан-ды.  
Айкайласып жауға ти,  
Тәңірім білер жігіттер,  
Ажалымыз қайдан-ды?!

### Ж А Л Ғ А Н   Д Ү Н Н Е

Боғалы көлдер, құм, сулар,  
Кімдерге қоныс болмаған?  
Саздауға біткен құба тал,  
Кімдерге сайғақ болмаған?  
Басына жібек байлаған,  
Арулар кімнен қалмаған?  
Таңдап мінген тұлпарлар,  
Несін қайда жаяу салмаған?  
Күландар ішпес бұршақ қаз,  
Кімдерге шербет болмаған?  
Садағына сары шіркей ұялап,  
Жау іздеген ерлердің—  
Қайда басы қалмаған?  
Ішелік те, киелік,  
Мінелік те, түселік,  
Ойналық та, күлелік  
Ойласандар жігіттер,  
Мынау жалған дүние  
Кімдерден кейін қалмаған!?

### Ш А Ш Ы Л У

Сөйлесем даусым аңкыған,  
Сөйләуге жүрек талпынған.  
Атасы Беріш болса да  
Артық пайда көрмедім:  
Егіз бенен Балкыдан,  
Алақандай Нарында

Мүкәмбәлім шашылды\*),  
Шағалалы көлдей шалқыған.  
Аспанда ұшқан ақ сұңқар  
Қолымда туған, лашын;  
Қосылған жаста арудың  
Көре алмай кеттім кұлашын.  
Арпа жемес арғымақ  
Акселеу отқа зар болар.  
Миуа, шекер жемеген  
Алғаным менен балдарым,  
Қоңырсыған дүние-ай,  
Қой етіне зар болар!  
Жапаннан қарсақ ін қазар.  
Хан салдырған жәрмеңке,  
Жырақ болсын бізден бұл базар.  
Қатын қалса бай табар.  
Қарындас қалса жай табар,  
Артымда қалған ақсақал  
Алқалай кеңес кұрған күн.  
Ақыл менен ой табар.  
Кейін қалған жас бала,  
Бүдер үзіп біздерден,  
Бөңілі қашан жай табар.

### Қ А Й Д А Б А Р?

Артымда қалған алғаным,  
Қытайлы қызыл көйлегі,  
Күнге қойсаң оңар ма?  
Мұндай қорлық болар ма?  
Ақсұңқар кұстың баласы,  
Қасқыр тартқан жемтікке,  
Ағармай көзі қонар ма?  
Қаршыға кұсты көп көрдім,  
Қайрылып қазға қараған.  
Қатын, бала, кара орман —  
Баршасын жауға алдырған,  
Кұрулы жатқан жебеге,  
Кұрсағынан шалдырған,  
Асыра келіп ойласам,  
Бұл заманның шағында, —  
Махамбеттей зарығын,  
Мұнды болған қайда бар?

\*) Мүкәмбәлім—мүлік. Мүлкім шашылды деген ұғымда.

## О. НАРЫН

Абайламай айрылдым,  
 Аржақтағы елімнен,  
 Анау Нарын деген жерімнен.  
 Тірі кеттім демеймін,  
 Кем болмады өлімнен.  
 Теңім үлгі алмады,  
 Аузымдағы желімнен.  
 Істеген ісім кетті далаға  
 Қашан өтіп шығам деп,  
 Қайғырамын мендағы,  
 Жайықтан арғы далаға.  
 Басқа қысым түскен соң,  
 Қайрылмастай күн болды,  
 Қатын менен балаға.  
 Барсаң сәлем айта бар  
 Ата менен анаға.  
 Жаудан аман жан қалса,  
 Қара орман—малым садаға!  
 Өлең айтып толғадым,  
 Бекрегімді басарға.  
 Каралай отын жармадым  
 Тас қазанға асарға.  
 Махамбеттей мұңдыға  
 Енді келер күн қайда?  
 Ханға кұрған шағырды  
 Сүңгіменен түртіп ашарға?  
 Алтын жақса жарасар,  
 Жылтыраған күміске.  
 Он екі ата Байұлы\*)  
 Жыйылып келсе бұл іске.  
 Алты сан алаш\*\*) ат бөліп  
 Тізгінін берсе қолыма,  
 Заулар едім бір кешке...

### Ә Р Ә Й Н Ә\*) (Қайрылу)

Әрәйнә, билер, Әрәйнә,  
 Арғымағым жарай ма?  
 Астыма мінген арғымақ,  
 Күшіген жүнді, шал жебе,

\*) Он екі ата Байұлы — ру аты. Кіші жүздің көншілігі Байұлы болады. Байұлы он екі атаға бөлінеді.

\*\*) Алты сан алаш—бүтін қазақ деген ұғымда.

Жауына қардай борай ма?  
Ел шетіне жау келсе,  
Азамат ердің баласы,  
Намысына шыдай ма?  
Жаттан көмек сұрай ма,  
Арғымақ жалғыз,  
Ер малсыз,  
Алланың не берері болжаусыз,  
Жолдастарым мұңайма!!

### МҰҢАЙМА

Ханның ісі қатайды,  
Азамат ерден бақ тайды.  
Қанды көбе\*) киінің,  
Бір аллаға сыйынып,  
Ұрандап жауға тигенде,  
Кім жеңері талайды,  
Жолдастарым мұңайма!

### АЙМАҚ КӨЛ

(Тобынан айрылған аққу)

Аймақ та, аймақ, аймақ көл,  
Дария болып шалқымас,  
Аяғы төмен аққан соң.  
Айдан жарық нәрсе жоқ,  
Сәулесі түспес жаһанға,  
Қараңғы түнек басқан соң.  
Арыстаннан күшті аң болмас,  
О да өледі жігіттер,  
Мергендер тандап атқан соң.  
Алалы жылқы, ақтылы қой,  
Аңдыған бөрі жемей ме,  
Иесі ұйықтап жатқан соң?  
Шақырған мен келер ме,  
Кешегі менің арыстаным,  
Өзі шын барар жерін талқан соң?  
Егізімнен айрылып,  
Мен бір аққу болдым халықтан соң.

\*) Әрәйнә — бұрынғы кездегі бір батырдың аты. Ескі ақындардың көп өлеңі соның атымен басталады. Бір жорық, соғыста ерлік көрсеткен батыр өліп, соның ескерткіші ретінде, кейінгі ақындар өлеңін соның атынан бастасын деген екен дейді, ел аңызы.

\*) Көбе — батырлардың үстіне киетін сауыты.

## КҮН ҚАЙДА

Айналайын ақ Жайық,  
Ат салмай өтер күн қайда?  
Еңсесі биік боз орда,  
Еңкеймей кірер күн қайда?  
Қара бұлан<sup>\*)</sup>ның терісін  
Етік қылар күн қайда?  
Көдіреден бау тағып<sup>\*\*</sup>)  
Сауыт киер күн қайда?  
Күмбір-күмбір кісінетіп  
Күреңді мінер күн қайда?  
Толғамалы ақ мылтық,  
Толған ұстар күн қайда?  
Алты құлаш ақ найза,  
Ұсынып шаншар күн қайда?  
Садақ толған сай кез оқ,  
Масағынан<sup>\*\*\*</sup>) өткізіп,  
Басын қолға жеткізіп,  
Созып тартар күн қайда?  
Керт бұғыдай<sup>\*\*\*\*</sup>) билерден  
Ақыл сұрар күн қайда?  
Бізді тапқан ананың,  
Асыраған атаның,  
Рыйзалықпен жайласың,  
Қолың алар күн қайда?  
Еліміздің бойын ең жайлап,  
Шалғышға бие біз байлап,  
Ориқты қара сабадан,  
Бозбаламен күліп-ойнап,  
Қымыз ішер күн қайда?

## АЙНЫМАН

Айтсадағы айныман,  
Бөлденеңнің сөзіне,  
Өшкере болған ісім бар,  
Жайылған жұрттың көбіне,  
Кеткенім жоқ олжа үшін:

\*) Бұлан — аң.

\*\*\*) Көдіре — төзімді нәрседен жасалған бау.

\*\*\*\*) Масақ — садақтың оғының ұшы.

\*\*\*\*\*) Керт бұғы — бұғының бір түрі.

Бетіп едім еліммен,  
Атана нәлет Жәңгірдің —  
Қан жылатқан заңы үшін,  
Баданамды\*) баға бөктеріп,  
Қасыма жатқан жолдас ертіп,  
Күн түн қатып жүргенім,  
Ана Нарында жатқан,  
Жас баланың қамы үшін.

## Ж А Й Ы Қ Т Ы Ң Б О Й Ы К Ө К Ш А Л Г Ы Н

Жайықтың бойы көк шалғын,  
Күзерміз де жайлармыз.  
Күлісті сынды күренді,  
Күдірейтіп күнде байлармыз.  
Құдай істі оңдаса,  
Ісім жөнге келгенде  
Қамалаған көп дұшпан  
Әлде болса, қойдай қылы айдармыз.

## Ш Е Г І Н І С

Алты күндей алаулап\*\*),  
Он екі күндей ой ойлап,  
Ақыды алыс жаққа шаптырып,  
Ақыл жөнге келгесін:  
Толғай-толғай жүгірген,  
Толырақты суырған,  
Ертеден салса кешке озған,  
Ыдыдан салса төсте озған,  
Қой мойынды көк жұлын,  
Томаға көзді қасқа азбан,  
Көк жұлынды жетелеп,  
Қыйсық жерден төтелеп,  
Қабырға, қол сөгіліп,  
Арғымақ ат бүгіліп,  
Өзіреттен ант ішіп,  
Ақыретті\*\*\*) жапға байланып,  
Талай жүрдік далада,  
Әділ жаннан түңіліп.

\*) Бадана — сауыттың төсіндегі дөңгелек болат темірі.

\*\*) Алаулап — жалындап, күйіп жанып деген мағынада.

\*\*\*) Ақыретті — ақырет киімі. Өлген адамды орайғыч жұқа кебін.

## ҚАРШЫҒА ДЕГЕН БІР КҮС БАР

Қаршыға деген бір күс бар,  
Қанаты айдың астында.  
Ұясы оның саяда,  
Қарағай, қайың басында.  
Аңқау өскен ер едім,  
Бала болып жасымда.  
Бұл қонысқа қондырған  
Ата, бабам оңбасын,  
Таңда сират\*) басында.

## БІЗ НЕТКЕН ЕР

Біз неткен ер, неткен ер?  
Сергелдецмен өткен ер.  
Еділ менен Дендерден,  
Сағыз бенен Жемдерден,  
Онан да талып өткен ер.  
Арқада Әлім барды деп,  
Қайыспас қара нарды деп,  
Оған да барыш жеткен ер.  
Біз ер едік, ер едік,  
Ен Парында жүргенде  
Қалмаққа шатыс қандарды,  
Қаблаңдай қайраңға соғып,  
Етін талай жеп едік.  
Біз Өтемістен туған он едік.  
Сол онымыз жүргенде,  
Мың сан әскер қол едік.  
Біздің жайды сұрасан,  
Ерте көшіп, кеш қонған,  
Санаулы сәнді орданың бірі едік.

## ҰЛ ТУСА

Күн қақты ердің астында,  
Көп жүгіретін көлік бар.  
Көл садақтың ішінде,  
Көбе бұзар жебе бар.  
Қарайғанның жігіттер,  
Борін кісі деменіз;

\*) Сират — акырет күні.

Күпе күндіз тайрандап,  
Түзге шықпас ерлер бар.  
Тауда болар тарғыл тас.  
Тарықса шығар көзден жас.  
Ордалыға көз салсаң,  
Оғы қалса, жоғалмас.  
Топтан озған тарлан боз,  
Тұрасынан айрылса,  
Тасты басып тұра алмас.  
Асылдан болат ұл туса,  
Екі жақ болып тұрғанда,  
Егескен жерден шарт кетер,  
Жаурынынан өтіп алса да,  
Жамандарға жалынбас.

### АЙ АСТЫНДА БІР КӨЛ БАР

Ай астында бір көл бар,  
Ат шаптырса жеткісіз.  
Ортасында алуа, шекер бар,  
Татқан құлар кеткісіз.  
Қарада да кара бар,  
Хан ұлы басып өткісіз.  
Алланың бір күші бар,  
Бір жарым ай жеткісіз.  
Мұңдас ерлер болмаса,  
Менің айтқан сөздерім,  
Күлкына жаман жеткісіз.

### АСПАНДАҒЫ БОЗ ТОРҒАЙ

Аспандағы боз торғай,  
Бозаңда болар ұясы.  
Бозаңның түбін су алса,  
Қайғыда болар анасы.  
Қара лашын, ақ түйғын,  
Қайыңда болар ұясы.  
Қайыңның басын жел соқса,  
Қайғыда болар анасы.  
Айлаңбастың ала-тау  
Баурында болар саясы.  
Тоқсан тарау су ақса,  
Дария болар сағасы.



Сан шерулі\*) қол бәлсе,  
Батырлар болар ағасы.  
Аз сөйлер де көп тыңдар,  
Қас асылдың баласы.  
Қалы кілем, қара нар  
Жарасады қатарға.  
Аруана жыйсаң жарасар,  
Ұлы күнде сапарға.  
Қаумалаған қарындас,  
Қазақта бар да, менде жоқ,  
Арызымты айтарға.

## БҮМІСТІ МЫЛТЫҚ ҚОЛҒА АЛЫП

Бүмісті мылтық қолға алып,  
Көзден куларды ұшырдым.  
Қолымдағы күсымты,  
Қапшылықпен ұшырдым.  
Алтыннан айбат тор жасап,  
Ақырда қолға түсірдім.  
Шамдансам шалқамнан түсер асауым,  
Шамырқансам шатынап сынар болатным.  
Күс ілген куда сын жоқ, ұятпен.  
Жігіт жауға шапнай қалар деймісің.  
Қанды көбе киініп,  
Бір аллага сыйынып,  
Кезентен жауға кез келік  
Жалаң найза, бір атпен.

## АЛҒАЙ\*)

Мен алмаған Алғай-ай!  
Шыға алмаған далаға-ай!  
Қара қазақ баласын,  
Атаңа нәлет Жәңгір хан,  
Көзінен тізіп жіберді-ау,  
Орынбор деген қалаға-ай!

\*) Шеру — әскер.

\*\*) Алғай — Таловка ауданындағы кішілеу бір поселкенің аты.

## ТІЛЕК

Қамалған жаудан қайтпаған,  
Қайнаған қара бұлығтай,  
Қарсы біткен жүрегім,  
Ертеден көшке шейін зарласам,  
Бермейме екен құдайым,  
Біздей тарыққан ердің тілегін?

## НАРЫНДА

Біздің анау Нарында,  
Бір төбелер бар ені:  
Айналасы ат шантырса жеткісіз.  
Қыйқулап ұшқан қырғауыл,  
Күнінде құлай да басып өткісіз.  
Қойды мыңға толтырған,  
Нарынның ана құмдары.  
Түйені жүзге толтырған,  
Көкпекті шытыр жерлері.  
Жатып қалған тайлағы  
Жардай аған болған жер.  
Жабағылы тоқтысы,  
Қой болып қора толған жер.  
Балдырғаны білектей,  
Баттауығы жүректей,  
Ондай қоныс маған жоқ,  
Құдай қылды амал жоқ.

## БІТКЕН ІСТІҢ МІНІ ЖОҚ

Біткен істің міні жоқ.  
Бітірген ердің кемі жоқ.  
Тура ажалдың емі жоқ.  
Арқада жатқан ақ киік, —  
Ағыш алып етін жеп,  
Ішіп қандым сорпасын.  
Сапырулы сары балдан,  
Еш те бір жерде кемі жоқ.  
Жасыл ала үйрек, қондыр қаз  
Жайқай ұшқан көлде жоқ.  
Тар қолтықтап оқ тисе,  
Тарыққанда қайрылар,  
Қарындасым менде жоқ.

Балдағы алтын ақ болат,  
Салайын десем, қында жоқ.  
Қанатынан қайрылыш,  
Ит алған куда, сын да жоқ.

### АРҒЫМАҚКА ОҚ ТИДІ

Арғымаққа оқ тиді —  
Қыл мықынның түбінен.

Ер жігітке оқ тиді —  
Ауыз омыртқаның түбінен.

Жантайып жатып көп іптім,  
Жаздықтың шалшық көлінен.  
Қайтейін енді дүние-ай!  
Жағдайсыз кетіп барамын  
Қасымда көмектің кемінен.

Мен ақсұңқардан туған құдаймын,  
Бір сұңқарға жұбаймын.  
Сауырыма қамшы тигенде,  
Шаппай неғып шыдайын.  
Түбін қазған мен бәйтерек,  
Толкуменен құлармын.

### МЕН ТАУДА ОЙНАҒАН ҚАРТ

#### МАРАЛ

Хат оқыды молдалар,  
Қаламмен тартқан сыядан.  
Екі кісі тең барса,  
Онды төре береді,  
Ақылға жетік би адам.

Мен тауда ойнаған қарт марал:  
Табаным тасқа тиер деп,  
Сақсынып шыққан қыядан.

Қайыңның басын жел соқса,  
Қаршыға күс қайғырар,  
Балапаным суға кетер деп,  
Мамығын төккен ұядан.  
Олдары біздей болған сорлы екен!

ПЫР-ПЫРЛАП ҰШҚАН  
ҚАСҚАЛДАК

Пыр-пырлай ұшқан қасқалдак,  
Келінде жатып көркеймес,  
Ортайса көлдің қоғасы.  
Аруана мая күңіренер,  
Бауырынан өлсе баласы.  
Суда жүзген нән балық,  
Шағала құсқа жем болар,  
Үзілсе көлдің сағасы.  
Атадан қалған сауыттың,  
Шығыршығын тот басар,  
Жыртыла тозса жағасы.  
Таудай болған талаптың,  
Назары қайтқан күн болған.  
Жібектен бауы көнеріп,  
Ақ сұңқар ұшқан күн болған.  
Бағаналы боз орда,  
Еңкейіңкі күн болған.  
Телегей теңіз шалқыған,  
Қоғалы көлдер суалып:  
Тізеге жетер, жетпес күн болған.  
Жалаңға біткен бәйтерек,  
Жашрағынан айрылып,  
Қу түбір болған күн болған.  
Алқалаған жер болса,  
Азамат басы кұралса,  
Мәшһурат кеңес сұралса,  
Мәшһурат берер ер едік,\*)  
Исатайдан айрылып,  
Алқалай келген кеңесте,  
Дем кұрыған күн болған.

МЕН ЕДІМ

Боз ағаштан биік мен едім,  
Бұлтқа жетпей шарт сынбан.  
Ел кұтқарар ер едім, —  
Жандаспай\*\*) — ақыры бір тынбан.  
Томағалы сұңқар мен едім, —

\*) Мәшһурат — кеңес, ақыл.

\*\*) Жандаспай — өліспей деген сөз.

Толғамалы найзамен,  
Толқысып жауға шапқанда,  
Бір озғанмын жұртымнан.  
Ер дұспаны көп болар,  
Қатын дұшпан жігіттер,  
Не демес дейсің сыртымнан.

### МАХАМБЕТТІҢ ЖӘҢГІРГЕ АЙТҚАНЫ \*)

Хан емессің қасқырсың,  
Қас албасты басқырсың.  
Достарың келіп табалап,  
Дұспаның сені басқа ұрсың!  
Хан емессің, ылаңсың \*\*)  
Қара шұбар жыландың.  
Хан емессің аянсың, \*\*\*)  
Айыр құйрық шаянсың.

### МАХАМБЕТТІҢ БАЙМАҒАМБЕТ СҰЛТАНҒА АЙТҚАНЫ\*)

Алай ма сұлтан, алай ма!  
Астыма мінген арғымақ  
Аяндай түсіп, марай ма?!\*\*\*\*)  
Арғымақ дейтін жығылар,  
Найза бойы жар желсе,  
Жабыдайын жалтандап,  
Түсер жерін қарай ма?  
Арғымақ атқа айдай таға қақтырса,  
Кілегей қатқан Еділдің —  
Бөкше мұзынан таяр ма(?!)  
Ата ұлының баласы,  
Асыл ерге малың бер,  
Малың бер де басың қос,  
Басыңа тарлық түскенде  
Ардақтаған әділ жанын аяр ма(?!)

\*) Бұл өлең Махамбеттің хан ордасында болған кезінде шығарылған. Бір топта Жәңгір Махамбетке: «Мен қандай ханмын?» — дейді. Ханның елге жасаған жауыздығына шақ шыдап жүрген Махамбет дizesін бүкпестен, осы өлеңді айтып салады.

\*\*) Ылаң—лан деген сөзден шыққан. Лан—аң. Еліктің бір түрі.

\*\*\*) Аян — анық, айқын.

\*\*\*\*) Марайма — жалқаусыйма.

## II

Біз бір енеден бір едік,  
Бір енеден екі едік.  
Екеуіміз жүргенде,  
Бір-бірімізге ес едік.  
Бір енеден үш едік,  
Ушеуіміз жүргенде,  
Толып жатқан күш едік.  
Бір енеден бес едік,  
Бесеуіміз жүргенде,  
Алашқа болман деуші едік.  
Өтемістен туған он едік.  
Онымыз атқа мінгенде,  
Жер қайысқан қол едік.

## III

Еділді көріп емсеген,  
Жайықты көріп жемсеген,  
Таудағы тарлан шұбар біз едік.  
Исатайдың барында,  
Қара қазан, сар бала  
Қамы үшін қылыш сермедік.  
Шабытымыз келгенде,  
Ерегіскен дұшпанды,  
Шетінен сүйреп жеп едік.  
Баста дәурен тұрғанда,

---

\*) Бұл өлең «Махамбеттің Баймағамбетке айтқан сөзі» деп аталуының себебі: Махамбет қашып жүрген кезінде, бір күні өзінің көбірек келетін бір аулына келсе, Баймағамбеттің үстінен шығады. Баймағамбет бір жұмыспен осы ауылда екен. Қасында әскері жоқ, бірнеше билері өзінің жақын төрелері бар, сол ауылда түстеніп жатыр екен. Қару, жарағымен Махамбет келіп қалды дегенді естиді де, Баймағамбет өзінше саясат қолданып, ауыл адамдарына, билерге мұнда алып кел сөйлесейік, бірақ, оған сөйлемендер, не десе де көне беріңдер, біз бұл ауылда қонақпыз, сондықтан жәй отырсақ бізді өлтірмейді дейді. Махамбет келеді. Баймағамбетке де, басқаларға да көріспей отыра кетеді. Баймағамбет: «Исатай екеуіңнің мақсаттарың не еді, не істемекші едіңдер?» деп сұрайды. Махамбет іркілмей осы өлеңді айтып салады. Баймағамбеттің қасындағылар, оған жарамсақтанып қобалжыйды. Бұл жерде біреу бірдеме десе, қандары төгілетінін сезеді де, Баймағамбет қасындағыларға: «Бұлай айтпаса ол Махамбет болама, оның сөзін көтере алмасам мен хан болам ба?» деп қулық-саясат қолданады. Махамбет ханды жерлеп, шығып кетеді. Міне, бұл өлең осындай жағдайда шығарылған.

Біздердағы Бай-еке,  
Оза көшіп, көң жайлап,  
Еркімен еркін жатқан ел едік.

#### IV

Еліл үшін егестік,  
Тентер үшін тебістік,  
Жайық үшін жаңдастық  
Қыйғаш үшін қырылдык.  
Теңдікті малды бермедік,  
Теңдіксіз малға көнбедік.  
Ханның кірген ақ орда,  
Бұзуын ойлап кеңестік.  
Аламанға\*) жел бердік,  
Аса жұртты меңгердік.  
Қара қазақ баласын  
Хан ұлына теңгердік.  
Өздерінде хандарды  
Қабырғасын сөгілтіп,  
Қабырғадан аққан қан  
Ат баурына төгілтіп,  
«Өділ» жаннан түңілтіп  
Ат көтіне өңгердік.

#### V

Кешегі Исатайдың барында,  
Алақандай Нарынды,  
Басушы едім құлаштай,  
Жәбір беріп, жала етсең,  
Былғанған басым ыласқай!  
Мен бір шарға ұстаған —  
Қара балта едім,  
Шабуын ташнай кетілдім,  
Қайраса тағы жетілдім...  
Көрмес, келмес деп едім,  
Өз еркіммен бетіңді-ай!  
Есігіңнің алдына  
Ұрмай, соқнай келтірген  
(Арманың бар ма кұдайға)  
Мынау, Махамбет сынды «жетімді» ай!

\*) Аламан — көпшілік, бұқара.

## VI

Ханнан\*) кегін ала алмай,  
 Арканың алыс екі саласына барғанда,  
 Айдаһардай арбадың,  
 Арбадың да, қалмадың.  
 Қайрат қылар ер біз болсақ,  
 Заманымда болған «сұлтаным»  
 Бізді жіпсіз байладың.

## VII

Еділ мен Жайық жер еді-ау,  
 Мекен еткен шаруаға.  
 Жағасы қорған жәй еді-ау  
 Жәй қоныстан айрылып,  
 Мен бір қаңғып жүрген қарашы  
 Қайта-қайта іздетіп,  
 Менде қандай ауыр ағың бар еді-ау?

## VIII

Мен ақ сұңқар кұстын сойы едім,  
 Шамырқансам тағы кетермін.  
 Кетпей де нешік етермін?  
 Бұл барғаннан барамын,  
 Қыядан орын алармын.  
 Өтініп алып от жақпан.  
 Дұшпанға қылыш ұрармын.  
 Жазға бір ай қалғанда,  
 Ала сапраң болғанда,  
 Бөлене көшкен елінді,  
 Беріккен қойдай қылармын.  
 Жарыла көшкен елінді,  
 Жаралы қойдай қылармын.  
 Мен кеткенмен тек кетпен.  
 Сізден артық табармын.  
 Ашуыма көп тисен  
 Өзекті жанға бір өлім  
 Орданды талқан қылып шабармын.

\*) Ханнан кегін ала алмай, дегендегі ханы — Жәңгір. Баймағамбет сұлтан да, ресми хан Жәңгір болатын.



## IX

Беркініп садақ асынған,  
 Біріндеп жауып қашырған,  
 Күйкылжыған құла жирен ат мінген,  
 Күйрық-жалын шарт түйген,  
 Мен кескекті ердің сойымын,  
 Кескілеспей бір басылмап.  
 Алдыңа келіп тұрмын деп,  
 Ар, намысым қашырман.  
 Сүйегім тұтам қалғанша,  
 Тартылмай сөйлер асылмын.

Ай тақсыр-ау, ай тақсыр,  
 Бойың жетпес биікшің,  
 Бұлқа жетпей шарт сынбап!  
 Айта келген сөзім бар,  
 Не қылсаң да жасырман.

Шампансам жығар асаумын,  
 Шамырқансам сынар болатшың,  
 Көр қылат деп «тақсыр» ау!  
 Аяғыңа бас ұрман.  
 Бәйеке «сұлтан» ақ сүйек.  
 Қыларың болса қылыш қал, —  
 Күндердің күні болғанда:  
 Бас кесермін жасырман.

## X

Ей тақсыр-ау, ай тақсыр!  
 Боз орданы тіктім деп,  
 Боз ағашты жықтым деп,  
 Ханым, ханым дегенге  
 Көтере берме бұтыңды,  
 Көптіре берме ұртыңды,  
 Күндердің күні болғанда,  
 Өзіңнен мықты жолықса,  
 Ту сыртыңнан жармай алар өтіңді.  
 Тәуекел хаққа бел байлап  
 Қыймалы найза өңгеріп,  
 Боз балаға жел беріп,  
 Атка мініп шыққанда,  
 Ұлым төре, сенің де,  
 Көрес едім көтіңді.

Мен, мен едім, мен едім,  
 Мен Нарында жүргенде:  
 Еңіреп жүрген ер едім.  
 Исатайдың барында  
 Екі тарлан бөрі едім.  
 Қай қазақтан кем едім?  
 Бір қазақпен тең едім.  
 Өздеріндей хандардың,  
 Қарны жуан билердің,  
 Атандай даусын ақыртып,  
 Лауазымын\*) көкке шақыртып,  
 Басын кессем деп едім.  
 Еділдің бойы ең тоғай:  
 Ел қондырсам деп едім.  
 Жағалай жатқан сол елге,  
 Мал толтырсам деп едім.  
 Еңсесі биік ақ орда,  
 Еріксіз кірсем деп едім.  
 Көрегесін қыйратып,  
 Отын етсем деп едім.  
 Туырлығын кескілеп,  
 Тоқым етсем деп едім.  
 Тақта отырған хандардың  
 Төрте отырған ханымын  
 Қатын етсем деп едім.  
 Әлдилеген баласын  
 Жетім етсем деп едім.  
 Хан сарқыты — сары бал,  
 Сұраусыз ішсем деп едім.  
 Ханның киген кіреуке,  
 Үстіме кісем деп едім.  
 Қанікейдей көріктіңді,  
 Қалыңсыз күнсам деп едім.  
 Тінікейдей тектіңді,  
 Ителгі көзін төңкертіп,  
 Күшіктей даусын қыңсытып,  
 Аш күзендей белін бүгілтіп,  
 Әділ жаннан түңілтіп,  
 Ат көтіне үңілтіп,

\*) Лауазым — іс орыны, дәрежесі.

Артыма салсам деп едім.  
Тілекті тәңір бермеді.  
Өздеріңдей хандарды  
Осындай бір қылсам деп едім!

## XII

Мен, мен едім, мен едім,  
Мен Нарында жүргенде,  
Еңіреп жүрген ер едім.  
Исатайдын барында  
Екі тарман бөрі едім.  
Ерегіскен дұшпанға  
Қызыл сырлы жебе едім.  
Жақсыларға еп едім,  
Жамандарға көп едім.  
Ерегіскен дұшпанның,  
Екі талай болғанда,  
Азыққа етін жел едім.  
Хан баласы ақсүйек,  
Ежелден табан аңдысқан  
Ата дұшпан сен едің.  
Ата жауың мен едім.  
Ежелгі дұшпан ел болмас.  
Етектең кесіп жең болмас!!  
Хан баласы ақсүйек —  
Бәйеке сұлтан сен болып,  
Сендей нарқоспақтың баласы,  
Маған оңаша жерде жолықсаң.  
Қайраңнан алған шабақтай  
Қыя бір соғып ас етсем,  
Тамағыма қылқаның кетер дөмес ем!

## ҚЫЗҒЫШ ҚҰС

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,  
Қанатың қатты, мойның бос.  
Исатайдан айрылып  
Жалғыздықпен болдым дос.  
Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!  
Ел қорыған мен едім,  
Мен де айрылдым елімнен.  
Бөл қорыған сен едің,  
Сен де айрылдың көліңнен.

Аспанда ұшқан қызғыш кұс!  
Сені көлден айырған  
Лашын кұстың текліші.  
Мені елден айырған  
Хан Жәңгірдің екшіші.  
Айтыш-айтпай немене?...  
Кұсалықпен кетті ғой,  
Махамбеттің көп күні!!!

### М Е Н І Н А Т Ы М М А Х А М Б Е Т

Менің атым Махамбет,  
Жаскұстары\*) Жәңгір хан,  
Ісінен болдым кұса, дерт,  
Атасы өткен Айшуақ,  
Соның көзі көрді ғой.  
Менің атам Өтеміс,  
Елдің қамын желі ғой.

### Ж А Л Ғ Ы З Д Ы Қ

Бұл дүниенің жүзінде,  
Айдан көркем нәрсе жоқ,  
Түнде бар да, күндіз жоқ.  
Күннен көркем нәрсе жоқ,  
Күндіз бар да, түнде жоқ.  
Мұсылманшылық кімде жоқ?  
Тілде бар да, дінде жоқ.  
Бәшпелі дәулет кімде жоқ?  
Бірде бар да, бірде жоқ.  
Азамат ерлер кімде жоқ?  
Еріккен күні қолда жоқ.  
Заманым менің тар болды:  
Тура әділдік биде жоқ.  
Бәрін айт та, бірін айт,  
Қаумалаған қарындас —  
Қазақта бар да, менде жоқ.

\*) Жаскұс — жер аты. Орда ауданының тұрған жері Жаскұс деп атанады. «Жаскұс» — құм.

Маң-маң басқан сары атан,  
 Маңғыстап шығар өріске.  
 Бұрыштыдай қарыштап,  
 Қона алмадық қонысқа,  
 Беле алмадық желіске,  
 Тағыдай таңдап су ішкен,  
 Тарпаңдай тізесін бүгін от жеген,  
 Тағы сынды жан едік,  
 Тағы да келдік тар жерге,  
 Таңдансаң тағы болар ма,  
 Тәңірдің салған бұл іске?!  
 Ата, енені сөктіріп,  
 Ат басына соқтырып  
 Пәлет десе болмас па,  
 Осылай жүрген жүріске.

ҚУАТЫМНЫҢ БАРЫНДА

(Кеше және бүгін)

Жайықтың бойы енді су,  
 Кешегі қуатымның барында,  
 Тіземмен бұзып өткемін.  
 Жаныма айла болар деп,  
 Назарды тастап, Шүренге,  
 Күнім үшін жеткемін.  
 Әлпештеген аруды  
 Бәрін тастап кеткемін.

ТУҒАН ҰЛДАН НЕ ПАЙДА?


Ақ жұмыртқа, сары ауыз,  
 Әлпештеп қолда өсірген,  
 Туған ұлдан не пайда?  
 Қолына найза алмаса,  
 Атаның жолын қумаса.  
 Алаштың байлығынан не пайда?  
 Құланның басқа ел таппай,  
 Қонарына жер таппай,  
 Маңқыйған сары даладан,  
 Екінді де құлаған,  
 Тарығып келген өрлерге,

Қайыры оның болмаса.  
Алтын тақты хандардың.  
Хандығынан не пайда?  
Қарыш менен қасерге  
Туралық ісі болмаса?

### БАҒАНАЛЫ ТЕРЕК

Орай да, борай қар жауса,  
Қалыңға боран борар ма?  
Қантай соққан боранда,  
Қаптама киген тоңар ма?  
Туырлықсыз тұл үйге,  
Ту байласан тұрар ма?  
Бағаналы терек жарылса,  
Бақыраш жамап болар ма?  
Қарағайға қарсы бұтақ біткенше, —  
Еменге пір бұтақ бітсейші! —  
Қыранға тұғыр қыларға  
Ханнан қырық туғанша,  
Қарадан бір ақ тусайшы,  
Халықтың көгін қусайшы,  
Артымыздан біздердін  
Ақырын теңдік сұрарға.





## VI. МАХАМБЕТТИҢ БҰРЫН ЖЫЙНАҚҚА КІРМЕГЕН, СОҢҒЫ ЖЫЛДАР ТАБЫЛҒАН ӨЛЕН, ЖЫРЛАРЫ

### ӘЙ, МАХАМБЕТ ЖОЛДАСЫМ\*)

✓ Әй, Махамбет жолдасым,  
Аш арыстан жолбарсым,  
Ісімің білдім оңбасың.  
Оңбаған емей немене,  
Өтірік сөзге алданың,  
Бахытым ауып басымнан  
Әскерім кетіп қасымнан,  
Жаһанда жалғыз қалғансың.  
Өкінгенмен пайда жоқ,  
Құдайым басқа салғансың.  
Мезгілді уақыт болғанда,  
Опасыз мынау жалғанда,  
Ажал қарсы келгенде,  
Қараңғы көрге кіргенде,  
Қасыңда тұрар жан барма?  
Сының бәрін ойласаң,  
Өткенге бекер өкініп,  
Құр жылаудан сәні бар ма.  
Жолдасың жауға алдырып,  
Жанымды қыймай қаңғырып,  
Қашатын менде жөн бар ма.  
Қатын, бала мал бағып,  
Үйде отырсам да өлем деп,  
Қорлықта жүрген халқыма,  
Бостандық алып берем деп,  
Қырық бір жасқа келгенде,

\*) «Әй, Махамбет жолдасым» — деген өлеңнен бастап бәрі де бұрын жыйнаққа кірмеген өлеңдер. «Әй, Махамбет жолдасым» 1938 жыл «Соц. Қазақстанда» басылды. Басқа өлеңдерінің бірқатары «Әдебиет және Искусство», 1947 жыл, № 9—10 санында басылды.

Ауыр әскер қол ертін,  
Жаскүсқа барын кіргенде,  
Арыстандай ақырған,  
Айбатыма шыдамай,  
Хан баласы жылады-ай,  
«Жанымды қой» деп сұрады-ай!  
Ақкөңіл аңқау жүректен,  
Беремін деп мен тұрдым,  
Бәк бедеуді бауырлап,  
Шабамын деп сен тұрдың,  
Исатай басшы білсін деп,  
Ауыр әскер қол тұрды.

Қырық бір жасқа келгенде,  
Өз дегенім болмаса,  
Өзгенің тілін алмаған,  
Кісі ақылы қонбаған,  
Қанша айтсаң да болмадым,  
Сөзіңе құлақ салмадым,  
Бұрала біткен емендей,  
Қыйсық туған сорлы ағаң,  
Хан сөзіне сенгенім,  
Он күн срок бергенім,  
Әскерімді таратып,  
Онбір күнге қаратып,  
Бекетай күмге келгенім,  
Сүйткен бір хайран халқым-ай,  
Қасыма бір келмедің,  
Сол қалқымды көрмей өлгенім,  
Не салса да алланың,  
Тағдырына көнгенім,  
Қош, аман бол жолдасым,  
Бұ дүниенің жүзінде,  
Осы болар сені көргенім,  
Қаныда өткен дүние-ай,  
Ақырында еш болды-ау,  
Ел үшін еткен еңбегім,  
Атаңа нәлет хан ұлы-ай!  
Тілегін сұрап алғансын,  
Ойлағаны болғансын,  
Патшаға хабар салдырып,  
Патшадан солдат алдырып,  
(Кұрсағымнан шалдырып)  
Айтып, айтнай не пайда,



Егеулі найза өңгерген,  
Азды көпке теңгерген,  
Қабыланбай мен Қалдыбай,  
Рысалы, Көбек жолдасым,  
Жауда өлді жолбарсым...  
Сол ерлерден айрылып,  
Исатай мен Махамбет,  
Екі арыстан ер қалды-ау!

Адыра қалғыр қу Нарын,  
Талауға түсіп, бүлініп,  
Адамы қойдай қырлып,  
Кұлағызып жер қалды-ау!  
Қарағай қайың, тал, терек,  
Қалың орман ну қалды-ау!  
Қыйқулап құстар қонатын,  
Суы тұнық көл қалды-ау!  
Тәрбиелеп өсірген,  
Ата мен ана бұл қалды-ау!  
Қатын жесір, тұл қалды-ау!  
Еңбектен жыйған мал қалды-ау,  
Бұлардан жүдә қыймайтын,  
Енді менің нем қалды-ау!?  
Тек шықпаған жан қалды-ау!  
Ойлап бір, ойлап қарасам,  
Еңбек етіп ел үшін,  
Арманда өтіп кетті деп,  
Соңымда бір қалған халқыма  
Артымда бір атақ, дақ қалды ау,  
Сәлем айтып кетейін,  
Артымда қалған елдерге,  
Арманымды айтып кетейін,  
Найза ұстаған ерлерге,  
Арыстан туған Исатай,  
Дегеніне жете алмай,  
Арманда өтіп кетті деп,  
Олардың кетін алуға,  
Кезек бізге жетті деп,  
Қыйналарма екен біздерге?  
Қыйналсаңыз біздерге,  
Мың рахмет сіздерге,  
Қапыда өткен дүние-ай,  
Халқымның көрген қорлығы,  
Хандардың еткен зорлығы.

Ақ жүрегің тербеліп,  
Ер көңілің желденіп,  
Ақ сүйектің баласын,  
Қара ұлына теңгеріп,  
Қоңыраулы найза өңгердім.  
Жетімдерге жем бердім,  
Жесірлерге жер бердім.  
Ақырында дүние-ай,  
Сол ерліктен не көрдім!?  
Жолдасқа билік бермедім,  
Кешегі хан үстіне барғанда,  
Ақсүйектің баласы,  
Бақадай шулап тұрғанда  
Ерлікпенен алданып,  
Өзіме өзім қас қылдым.  
Сыры зерең аяқпен  
Бал ұрттаған ер едім,  
Бір уақыттар болғанда,  
Көктей өтіп Жайықты,  
Бір қасық ішкен қара су,  
Жұмасына ас қылдым.  
Осы жақта мен өліп,  
Артымда тірі сен қалсан,  
Жаңа өспірім Жақияны,  
Жолдасым сараң тапсырдым!

## МІНГЕНІ ИСАТАЙДЫҢ АҚТАБАНЫ-АЙ

Мінгені Исатайдың Ақтабаны-ай,  
Сүт беріп, сұлы беріп баптағаны-ай.  
Зецбірек үш атқанда дарымады,  
Құдайдың міне қара сақтағаны-ай!  
Мінгені Исатайдың көгілдір-ай,  
Әскерін Барша кұмға төгілдірді-ай,  
Мыңды алған, бірді беріп Ақтабанды,  
Жыландай белге соққан бүгілдірді-ай!  
Баласы Исатайдың Жақияды.  
Жақия жауды көрсе ақияды.  
Түлейді түнде жортқан жолбарыстай,  
Алдырдым қабланымды қаниядай!

## ИСАТАЙ ДЕГЕН АҒАМ БАР

Исатай деген ағам бар,  
Ақ кереуке жағам бар,  
Хан ұлымен қас болып,  
Қара ұлына бас болып,  
Хан үстіне барғанда,  
Шабайық ханды дегенде,  
Шапқандай ханды амал бар.  
Амал барда хан шапшай,  
Төңірім қылы не амал бар.  
Ат туалы байталдап,  
Айт десең лебіз қайтарман,  
Халық қайғысын айтуға,  
Хан ұлынан тайсалман.  
Төрт, бес жылдай алысып,  
Мына тұрған Исакем,  
Ханның бір тауын қайтарған.  
Ат туарма шұбардай,  
Ер туарма бұлардай?!  
Дулығалы бас кесіп,  
Дұшпанының қанына,  
Ақ алмасын суармай!

## АРҚАНЫҢ ҚЫЗЫЛ ИЗЕНІ

Арқаның қызыл изені\*),  
Басы күрдек, түбі арал,  
Қыдырын шалар аруана.  
Кәрісі кімнің жоқ болса,  
Жасы болар дуана.  
Бір сынаған жаманды,  
Екіншілей сынама.  
Тіріде сыйласпаған ағайын,  
Кұм құйылысын көзіңе,  
Өлгенде бекер жылама!  
Ер қабыланын жөнелтіп,  
Есізде аңыран қалған шақ,  
Біздерден ақыл сұрама!  
Кешер еді-ау біздің ел,  
Сонау Еділден бергі тұрған жерлейін,

\*) «Арқаның қызыл изені», — изен — шөптің аты.

Қонар еді ау біздің ел,  
Арқада қоныс шөл дәйін.  
Нұралыдан қалған көп теңтек,  
Бүлдірмегей еді елімді,  
Лашын күс, бүркіт шайқаған пілдейін,  
Ащының бойы көк тоғай,  
Жайламас еді біздің ел,  
Жері жаман сусыз деп,  
Жабыдан айғыр салмады,  
Баласы оның сынсыз деп,  
Базарға сатсаң нұлсыз деп,  
Балдағы алтын ақ болат,  
Асынбас еді біздің батырлар,  
Көктенде сауыр қынсыз деп,  
Ер қабылаңып жөнелтіп,  
Елсізде қаңғып қалған шақ,  
Кім айтады, бізді мұңсыз деп.

### МЕН ҚҰСТАП ТУҒАН ҚҰМАЙМЫН

Мен құстап туған құмаймын,  
Бір тұлпарға жұбаймын,  
Сауырыма қамшы тигенсөн,  
Шапшай нағып шыдаймын?  
Мен түбін кескен байтерек,  
Толжын соқса құлармын.  
Еріскендей ер болса,  
Сөғысқандай жер болса,  
Бірме бірге келгенде,  
Әлі де болса бір тәңірге жылармын.  
Мен қара құстан туған қалықпан\*)  
Сөйлер сөзге жалықпан.

Көптер көзін тіккендей,  
Көп соңыма түскендей,  
Көптің несін алыпшын?  
Тыңда халық, әлеумет,  
Көп кісіден анықшын.  
Қақа-кұлап шақырмай,  
Қанды көбік түкірмей,

\*) Қалықпан — Қыран күс, ел аңызында қара құстың жетінші, не тоғызыншы буынынан алғыр қыран бүркіт шығадымыс.

Алғашқы (Алғыншы) алған арудың, \*)  
Ақша бөтін солдырмай,  
Ата менен ананы,  
Қайғы менен қатырмай,  
Әлешті ұлын жат болмай,  
Шайған жалғыз малтаның,  
Сатқанда суы ат болмай,  
Бұзбай құлан пісірмей,  
Мұз үстіне от жақпай,  
Қапыда қалғал қасқамын,  
Қақ жүректен найза түйретпей,  
Найзаны күнге куратпай,  
Қарсыласқан дұшпанның  
Қабырғасын бір-біріндеп күйретпей,  
Әліде болса қорқа алман,  
Адасың қалған үйректей!

### БЕЛГІЛІ ТУҒАН ЕР ЕДІМ

Белгілі туған ер едім,  
Беліме садақ асыптан,  
Біріндеп жауды қашырган.  
Мен келелі қара бұлытпын,  
Келе жаумай ашылман.  
Қарсыласқан дұшпанға,  
Найзағай билан жасылмын.

### АРҒЫМАҚ СЕНІ САҚТАДЫМ

Арғымақ сені сақтадым,  
Кұлағың сенің серек деп,  
Азамат сені сақтадым,  
Бір күніме керек деп,  
Жабыдан туған жаман ат,  
Шаба алмайды бәжектеп.  
Қырдан қыйқу төгілсе,  
Елге таман үңілсе,  
Арғымақтың баласы,  
Шабушы еді безектеп.  
Жақсы менен дос болсаң,  
Айрылмас күші қос болсаң,  
Басыңа қыйын іс түссе,

\*) Алғыншы — Алғашқы алған ару, жар ұғымында.

Алдыңнан шығар електеп,  
Жаныңа не керек деп?  
Жаман менен дос болсаң,  
Айырылмас күні қос болсаң,  
Басыңа қыйып іс түссе,  
Басқа кетер бөлек деп,  
Қолдан берер есептеп,  
Сыртыңнан жүрер өсектеп.  
Ат жігіттің майданы,  
Қылып жанның дәрмені,  
Өлім қақтың пәрмені.  
Атақты ермен бірге өлсе,  
Жігіттің болмас арманы.  
Өте шыққан қызыл гүл,  
Бұ дүниенің жалғаны.

### А Р Ы М А Қ Т Ы Ң Б А Л А С Ы

Арғымақтың баласы,  
Арығанын білдірмес,  
Арқамнан қосым қалар деп,  
Ағыны күшті ақ дария,  
Қаһарланып толқыйды,  
Қанатын күн шалмаған балығым,  
Ортамнан ойран салар деп.  
Балағы түкті қоңыр қаз,  
Баттауыққа тоя оттамас,  
Сұңқарлар үлгі алар деп.  
Қас жақсының баласы,  
Арада тұрып сөйлемес,  
Жауым таба қылар деп.  
Қас патшаның баласы,  
Жапаңда жалғыз тұрмайды,  
Дұшпандар көзін салар деп.  
Қарқыны күшті көк семсер,  
Шапқан сайын дем тартар,  
Сусыным қапта қапар деп.  
Қара құс қонбас көк сеңгір,  
Басына құсты қондырмас,  
Қарауыл қарап тұрар деп,  
Қараса көзі шалар деп.

## ЕҢСЕЛІГІМ ЕКІ ЕЛІ

Еңселігім екі елі,  
Егіз қоян шекелі,  
Жараған теке мүшелі,  
Жауырыны жазық, мойны ұзын,  
Оқ тартарға қолы ұзын,  
Дұшпанына келгенде  
Тартынбай сөйлер асылмын.  
Құла бір сұлу ат мінген.  
Құйрық жалын шорт түйген.  
Құм сағыздай созылған,  
Дулығалы бас кескен,  
Ту түбінен ту алған,  
Жауды көріп қуанған,  
Мен Өтемістің баласы,  
Махамбет атты батырмын.

## АТАДАН ТУҒАН АРУАҚТЫ ЕР

Атадан туған аруақты ер,  
Жауды көрсе жапырар,  
Үдей соққан дауылдай.  
Жамандарға қарасаң,  
Малын көрер жапындай.  
Жүйрік аттың белгісі,  
Тұрады құйрық жалындай.  
Айтып, айтпай немене,  
Қалық көзғалса,  
Тұра алмайды хан тағыда-ай.

## АРҒЫМАҚТЫҢ БАЛАСЫ

Арғымақтың баласы,  
Аз оттар да, көп жусар,  
Талаудан татқан дөні бар.  
Азамат ердің баласы,  
Аз ұйықтар да, көп жөртар,  
Дұшпанға кеткен арымен  
Барымтаға түскен малы бар.

## А Д Ы Р А   К А Л Г А Н   Н А Р Ы Н Н Ы Ң

Адыра қалған Нарының  
Теңіз деген суы бар,  
Жағасына жағалай біткен,  
Қамыс деген нуы бар,  
Хан ұлымен алыстық,  
Қарсы тұрып шабыстық,  
Бізге біткен бес еркектің буы бар.

Адыра қалған Нарының  
Жайық деген суы бар,  
Жағасында жары бар,  
Қабағында қары бар,  
Көңбегенді көңдірген,  
Қынама бешпеніт кидірген,  
Ортасында Жәңгір деген ханы бар.

Қырлығында оба бар,  
Шұңқырында қоға бар,  
Адыра қалған Нарының  
Жыңғылы мен талы бар,  
Қонысы қонақ бергендей,  
Жаясы мен жалы бар.

Айтып, айтпай немене  
Адыра қалған Нарында,  
Бас пайданың бәрі бар,  
Қаныда кеткен дүние-ай!  
Алақандай Нарында,  
Аға менен ана бар,  
Ілі менен аға бар,  
Қарындас, халқым көп қалды-ау,  
Қатын менен бала бар,  
Жалғыз ұлым Махмұт  
Бекетай күмбіннің ішінде,  
Жалғыз бір қалған со да бар.



Қ А Р А Ғ А Й Ш А Н Т Ы М  
Ш А Н Д О З Д А П

Қарағай шантым шандоздап,  
Хан қарасын жоям деп.  
Жолбарыша жорықтым,  
Егіне құлан тоям деп...  
Қыран құстың баласы,  
Ұшса келмес ұяға.  
Асыл ердің баласы,  
Жауды көрсе шыдамай,  
Көзін салар қыяға.  
Ермін деген жігітті,  
Кеңшілікте сынама.  
Келмейтұғын нәрсеге,  
Жаныңды қыйнап жылама!



## ӨЛЕҢДЕРДІҢ АЛФАВИТТІК КӨРСЕТКІШІ

### А.

1. Абайламай айрылдым	76
2. Адыра қалған Нарынның	105
3. Аймақ та, аймақ, аймақ көл	77
4. Айналайын Ақжайық	78
5. Айтсадағы айныман	78
6. Ай астында бір көл бар	81
7. Алай ма сұлтан, алай ма!	86
8. Алты күндей алаулап	79
9. Арқаның қызыл изені	100
10. Арғымақ сені сақтадым	102
11. Арғымақтың баласы	103
12. Арғымақтың баласы	104
13. Артымда қалған алғаным	75
14. Арғымаққа оқ тиді	84
15. Арғымақтан туған Қазанат	71
16. Аспандағы бозторғай	81
17. Атадан туған аруақты ер	104
18. Ау, қызғыш құс, қызғыш құс	92
19. Ақ жұмыртқа, сары ауыз	94

### Б.

20. Беркініп садақ асынбай	72
21. Боз ағаштан биік мен едім	85
22. Бұл дүниенің жүзінде	93
23. Біз неткен ер, неткен ер?	80
24. Біздің анау Нарында	83
25. Біткен істің міні жоқ	83
26. Белгілі туған ер едім	102

**Е.**

27. Еменнің түбі сары бал	73
28. Ереулі атқа ер салмай	66
29. Еңселігім екі елі	104

**Ж.**

30. Жайықтың бойы енді су	94
31. Желн-желн еткен ала ту	71
32. Жайықтың бойы көк шалғын	79

**И.**

33. Исатай деген ағам бар	100
---------------------------	-----

**К.**

34. Күн қатты ердің астында	80
35. Күмісті мылтық қолға алып	82

**М.**

36. Маң-маң басқан сары атан	94
37. Менің атым Махамбет	93
38. Мен кұстан туған кұмаймын	101
39. Мен алмаған Алғай-ай	82
40. Мінкен де, мінкел, мінкен ер	68
41. Мінгені Исатайдың Ақтабаны-ай	99
42. Мұнар да, мұнар, мұнар күн	70

**О.**

43. Орай да, бөрай қар жауса	72
44. Орай да, бөрай қар жауса	95

**П.**

45. Пыр-пырлап ұшқан қасқалдақ	85
--------------------------------	----

**С.**

46. Сөйлесем даусым аңқыған	74
-----------------------------	----

**Т.**

47. Таудан мұнарғын ұшқан тарланым	69
48. Толарсақтан саз кешіп	73

**Х.**

49. Ханның ісі қатайды	77
50. Хан емессің, қасқырсың	86
51. Хат оқыйды молдалар	84

К.

52. Қоғалы көлдер, құм сулар	74
53. Қаршыға деген бір құс бар	80
54. Қамалған жаудан қайтпаған	83
55. Қарағай шаптым шаңдоздап	105

Ә.

56. Әй, Махамбет жолдасым	96
57. Әрәйнә, билер, Әрәйнә.	76
58. Әскер жыйын аттандық.	67

## М А З М Ū Н Ы

I. Кіріспе. . . . .	3
II. Махамбет Өтеміс ұлының өмірі. . . . .	5
III. Махамбеттің шығармалары туралы. . . . .	23
IV. Махамбеттің жаңа өлеңдері туралы. . . . .	56
V. Махамбеттің бұрынғы жыйнаққа кіріп жүрген өлеңдері. . . . .	66
1. Ереулі атқа ер салмай. . . . .	66
2. Соғыс. . . . .	67
3. Мінкен ер. . . . .	68
4. Тарланым. . . . .	69
5. Мұнар күн. . . . .	70
6. Ұлы арман. . . . .	71
7. Тайманның ұлы Исатай. . . . .	71
8. Орай да, борай қар жауса. . . . .	72
9. Ерлердің ісі бітер ме?. . . . .	72
10. Толарсақтан саз кешіп. . . . .	73
11. Толғау. . . . .	73
12. Жалған дүние. . . . .	74
13. Шашылу. . . . .	74
14. Қайда бар. . . . .	75
15. О. Нарын. . . . .	76
16. Әрәйнә (қайрылу). . . . .	76
17. Мұңайма. . . . .	77
18. Аймақ көл (Тобынан айырылған аққу). . . . .	77
19. Күн қайда?. . . . .	78
20. Айныман. . . . .	78
21. Жайықтың бойы көк шалғын. . . . .	79
22. Шегініс. . . . .	79
23. Қаршыға деген бір құс бар. . . . .	80
24. Біз неткен ер. . . . .	80
25. Ұл туса. . . . .	80
26. Ай астында бір көл бар. . . . .	81
27. Аспандағы боз торғай. . . . .	81
28. Күмісті мылтық қолға алып. . . . .	82
29. Алғай. . . . .	82
30. Тілек. . . . .	83
31. Нарында. . . . .	83
32. Біткен істің міні жоқ. . . . .	83

33. Арғымакка оқ тиді . . . . .	84
34. Мен тауда ойнаған карт марал . . . . .	84
35. Пыр-пырлай ұшқан қасқалдақ . . . . .	85
36. Мен едім. . . . .	85
37. Махамбеттің Жәңгірге айтқаны. . . . .	86
38. Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны . . . . .	86
39. Қызғыш кұс. . . . .	92
30. Менің атым Махамбет. . . . .	93
41. Жалғыздық. . . . .	94
42. Тар қамау . . . . .	94
43. Қуатымның барында. (Кеше және бүгін) . . . . .	94
44. Туған ұлдан не пайда? . . . . .	94
45. Бағаналы терек . . . . .	95

VI. Махамбеттің бұрын жыйнаққа кірмеген, соңғы жылдар табылған өлең, жырлары

1. Әй, Махамбет жолдасым. . . . .	96
2. Мінгені Исатайдың Ақтабан-ат. . . . .	99
3. Исатай деген ағам бар. . . . .	100
4. Арқаның қызыл изені. . . . .	100
5. Мен кұстан туған кұмаймын. . . . .	101
6. Белгілі тұған ер едім. . . . .	102
7. Арғымақ сені сақтадым. . . . .	102
8. Арғымақтың баласы. . . . .	103
9. Еңселігім екі елі. . . . .	104
10. Атадан туған аруақты ер. . . . .	104
11. Арғымақтың баласы. . . . .	104
12. Адыра қалған Нарынның. . . . .	105
13. Қарағай шаптым шандоздап. . . . .	106
Өлеңдердің алфавиттік көрсеткіші. . . . .	107

542397

ИНСТИТУТ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ  
АКАДЕМИИ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР

Х. ДЖУМАЛИЕВ

МАХАМБЕТ УТЕМИСОВ

(1804—1846)



Тех. редактор и корректор  
Д. К. Бекбаулов

---

Сдано в набор 25 12,1947 года. Подписано к печати  
26.2 1948 года. Формат бумаги 60x84 <sup>1</sup>/<sub>16</sub> доля листа,  
Тираж 5.000 экз. Объем 7 печ. л. Учет. авт. л. 8,75.  
УГ00059.

---

гор. Кызыл-Орда, Гостипография № 10 Управления  
Полиграфии и Издательства при Совете Министров  
КазССР. Заказ № 329. 1948 г.

7 руб.

АДМИНИСТРАЦИЯ  
УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКОГО  
ЦЕНТРА

35511